


С. Қасымбекова С. Тайжанов

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

9



«МЕКТЕП» БАСПАСЫ

С. Қасымбекова, С. Тайжанов

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ

Кімдерге жағдайлар Сенің Нарындағы Оқулық
окулық арасынде деңгээлдең

бламинацияның көзіндең 9-шынан 10-шынан
меншак, нағылдардаң 9-шынан 10-шынан
көзіндең бламинацияның

тәсілдердің көзіндең 9-шынан 10-шынан
меншак, нағылдардаң 9-шынан 10-шынан
көзіндең бламинацияның

Жалпы білім беретін мектептің
9-сыныбына арналған оқулық

Казақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі бекіткен

мен күзіндең бламинацияның көзіндең 9-шынан 10-шынан
меншак, нағылдардаң 9-шынан 10-шынан
көзіндең бламинацияның

Казақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі бекіткен

мен күзіндең бламинацияның көзіндең 9-шынан 10-шынан
меншак, нағылдардаң 9-шынан 10-шынан
көзіндең бламинацияның

Казақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі бекіткен

мен күзіндең бламинацияның көзіндең 9-шынан 10-шынан
меншак, нағылдардаң 9-шынан 10-шынан
көзіндең бламинацияның

Казақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі бекіткен

мен күзіндең бламинацияның көзіндең 9-шынан 10-шынан
меншак, нағылдардаң 9-шынан 10-шынан
көзіндең бламинацияның

Казақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі бекіткен

мен күзіндең бламинацияның көзіндең 9-шынан 10-шынан
меншак, нағылдардаң 9-шынан 10-шынан
көзіндең бламинацияның

Казақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі бекіткен

Личная библиотека
Сигирии Тайжанова



Алматы "Мектеп" 2005

Шартты болшілер

- — 1-дегең
- — 2-дегең
- △ — 3-дегең
- * — косымша материалдар


Қасымбекова С., Тайжанов С.

К45 Дене тәрбиесі: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. — Алматы: «Мектеп» баспасы, 2005. — 176 бет, суретті.

ISBN 9965—33—339—4

к 43060219000—038 96(1)—05
404(05)—05

ББК 75.4я72



ISBN 9965—33—339—4

© Тайжанов С., Қасымбекова С., 2005
© «Мектеп» баспасы, көркем
безендірілуи, 2005
Барлық күкіктары қоргалған
Басылымның мұліктік күкіктары
«Мектеп» баспасына тиесіл

— шамамук пікірден! Өйткөндегі жаңы ақыннан шылдаған. Қызынан тұстап көзін көздегендегі шылдаған шылдаған.

АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты оқушылар! Сендер ұсынылып отырған оқулық арқылы дene тәрбиесі пәнінен бұрын алған білімдерінді одан әрі дамыта, күрделендіре отырып жана машиқ, дағыларды менгересіндер. Дене тәрбиесінен қажетті біліктілік пен дағдыларды менгеру — әрбір жасөспірімнің міндетті. Себебі кез келген елдін болашагы онын халқының, сонын ішінде, жастарының деңсаулығы мен күш-қуатына байланысты. Олай болса, мектеп оқушыларының деңсаулығы — елдің де, қоғамның да байлығы деген сөз. Сондықтан ел Президентінің Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан—2030» Жолдауында осы міндеттерді шешүге арнаійы назар аударылып, келешекте Азия барышына айналатын еліміздің іргесін нығайтатын қазіргі жас үрпаққа зор сенім білдірген.

Жас буын өз еліне пайдасын тигізу үшін — дені сау, күшті әрі төзімді болуы туіс. Бұған дene тәрбиесі сабагы арқылы және сабактан тыс кезде жеке машиқтану арқылы қол жеткізуге болады.

«Денсаулық — зор байлық», «денсаулығынды құт» деген сөздердің күнде естіп жүргенмен, оған мән бермейтіндер бар. Денсаулыққа жүрдім-бардым қарауға болмайды. Әрбір азамат өз деңсаулығының қамын өзі ойлауы керек. Осы мақсатта мектепте дene шынықтыру сабактары мен әртүрлі іс-шаралар өткізіледі. Бірақ бұлардың бәрі дененің қалыпты дамып, жетілуіне ойдағыдай әсер етеді алмайды. Сол себепті де сендердің дene шынықтыру жаттығуларымен үдайы және жеке айналысуларын керек. Денені шынықтыру үшін таза ауа, күн сөулесі, су сияқты табигат факторларын үйлестіре пайдалану қажет. Шынығу — деңсаулықты сактаудың және оны нығайтудың ең қолайлы жолы. Шыныға білу, яғни деңсаулықты нығайту өздеріне гана байланысты.

Дене шынықтыру жаттығулары организмінің жұмысына жағымды өсер етіп, ақыл-ой қызметін жақсартады және денсаулықты нығайтуға жәрдемдеседі. Бағдарлама бойынша оқулыққа енгізілген дене жаттығуларын жеке-дара жасап, машиқтанған жағдайда нөтижеге жетуге болады.

9-сыныпта ақылдарың толысып, өз беттерінмен ойлау қабілеттерің артады. Бұл жаста сыртқы дүниедегі болып жатқандардыға емес, сонымен бірге өз денелерін мен жан дүниелерінде болып жаткан өзгерістерді де ой елегінен откізе бастайсындар. Осы тұста дене тәрбиесінен теориялық сабактар мен практикалық жаттығулардың пайдасы зор.

Дене жаттығуларымен айналысқанда мұғалімнің көмегіне сүйене бермей, жүйелі түрде жеке-дара машиқтануға үйренген жөн.

Дене шынықтыру жүйесінің негізінде 9-сыныпты бітірерде Президенттік сынамалар алғынады. Бұл сынамалардың негізгі мақсаты — окушылардың дене даярлығын жақсарту. Оның талап көрсеткіштері де күрделі. Оны орындау үшін сабакта, секциялық сабактарда және бос кездерінде көп еңбектенуге тұра келеді. Олай болса, іске сөт!

Авторлар

I тарапу. ТЕОРИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТТЕР

1. Жан-жақты дене даярлығы деңгейін арттыратын жаттығулар

Адам өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде, ендек еткендеге әртүрлі қозғалыстар мен іс-әрекеттер жасайды. Дененің жекелеген мүшелерінің жұмысына және олардың қалыптасуына осылардың бәрі өсер етеді. Адамның жеке басының қасиеттері дененің қалыптасып, жетілуімен тығызы байланысты. Демек, денені жүйелі шынықтыру және денсаулықты қалыптастыру адамның сана-сезімін жетілдіреді.

10—15 жастағы жеткіншектердің мінез-құлқында үнемі тұрактылық бола бермейді. Бұл ғылыми түрде дәлелденген. Сондықтан дене жаттығуларымен (әсіресе спорт түрімен) айналыспас бұрын мұғалімдермен кенесіп, содан соң гана жаттығуды бастаған жөн.

Дене жаттығулары әртүрлі болуы керек. Бұл адам организмінің қалыпты өсіп-дамуы және қызмет істеуі үшін қажет. Дене жаттығуларымен жүйелі түрде айналысу адамның дене мүсінінің қалыптасуына елеулі түрде өсер етеді. Дене мүсіні деп дененің көлемін (бойдың ұзындығы, салмақ, кеуденің өлшемі, иық пен жамбастьың жалпақтығы, қол мен аяқтың ұзындығы, т.б.), салмағын, бұлшық еттердің және дененің қалыпты дамуын түсіну керек.

Жоғарыда аталған белгілердің барлығы бірдей денеге түсетін ауырлық өсеріне байланысты өзгерістерге ұшырай бермейді. Бөрінен бұрын адамның салмағы тез өзгеріп отырады. Сондықтан салмақ қандай себептерден өзгеріске ұшырайтынын білген маңызды. Мысалы, тамақтың көп жеп, қозғалыс аз болған жағдайда, салмақ май талшықтарының есебінен артады. Сондай-ақ денеге жүктеме түскенде, ет талшықтарының көлемі артады.

Орташа деңгейдегі жүктемелер (жүгіру, спорт ойындары, т.б.) жіліншік, жілік, аяқ пен қол ұзындығының өсуіне өсер етеді, ал шамадан тыс жүктемелер (ауыр атлетикамен, күреспен, батпан, кір тастарын көтерумен айналысу) сүйек ұзындығының өсуін біршама баяулатады (дәллек айтсақ, өсу қарқының тежейді), бірақ оның есесіне, спорттың бұл түрімен айналысқандардың көпшілігі денелі, шымыр болып өседі. Өсіп келе жатқан организмге

түсетін дene жүктемелері заңдылықтарын білу дene сүйектеріне белгілі дөрежеде өсер етуге мүмкіндік береді.

Дене тәрбиесінің негізгі мақсаттарының бірі — организмнің тіршілік қызметі мен осуі барысындағы сандық және сапалық өзгерістерді үйлестіріп отыру. Дене дамуындағы өзгерістер жас пен жынысқа ғана емес, сонымен катар қозғалыс белсенділігіне де байланысты.

Дене даярлығы дene қасиеттері мен қозғалыс дағдыларының қалыптасуы мен дамуына мақсатты түрде өсер етуі тиіс. Бұл екеуінің ұштасуы адамның әртурлі қорамдық пайдалы қызметті менгеріп, жүзеге асыруына септігін тигізеді.

Жан-жақты дene даярлығы деңгейін арттыратын жаттыгулар бұлшық етті және жекелеген буындарды нығайтады, мусінді қалыптастырады, күш пен икемділікті дамытады, тыныс алу және қан айналымы жүйелеріне өсер етеді. Қимылдар үйлесімділігін менгеріп, білуге үйретеді.

Сондықтан да жаттыгуларды ірікте алғанда, жекелеген буындарды, бұлшық еттерді нығайтуға және күш пен икемділікті дамытатын жаттыгуларға басты назар аударған жөн.

Белгілі бір бұлшық еттер тобы үшін күшке, керіліп-созылуға, денені босаңсытуға арналған жаттыгуларды ірікте алу және оларды жүйелі пайдалану дene даярлықтарына сәйкес келуі тиіс. Бұларды негізгі бөлімдегі жаттыгулар техникасын тез менгеру үшін организмді даярлайтындей етіп, сонымен қатар жаттығудың жалпы міндетін орындауга мүмкіндік беретіндей етіп іріктеген жөн. Даярлық жаттыгулары гимнастикадан басқа жаттыгулардың да техникасын менгеруге себепші болады. Мысалы, шаңғы даярлығынан (қыста) және женіл атлетикадан (жазда) өткізілетін сабактар алдында шаңғымен жүрудін, жүгірудін, секірудің және лақтырудың техникасын менгеруге байланысты бұлшық еттерді нығайту және дамыту жаттыгуларын пайдалану керек.

Даярлық жаттыгуларын пайдаланғанда, төмөндегі жүйені сактаған жөн:

- 1) арқа бұлшық еттерін динамикалық жұмысқа қосатын керіліп-созылу түріндегі жаттыгулар;
- 2) қол мен ишкә арналған, асылып түргуға негізделген жаттыгулар;
- 3) кеудені аяққа қарай енкейту жаттыгулары;
- 4) аяққа арналған жаттыгулар;
- 5) бүйірге қарай қисао арқылы немесе айналу және бұрылу түріндегі кеудеге арналған жаттыгулар;
- 6) қол, аяқ және дene арқылы жасалатын қимылдардың үйлесімділігіне арналған жаттыгулар;
- 7) тапсырма түріндегі жаттыгулар;
- 8) денеге жалпы өсер ететін жаттыгулар (жүгіру, бір орында тұрып секіру, тез жүрелеп отыру, т.б.).

Көп күш жұмсалып, жүрек-қан тамырлар жүйесінің күшті қызмет істеуіне мәжбүр ететін жаттыгулардан кейін дәлдікке немесе қимылдардың үйлесімділігіне арналған жаттыгуларды орындауға болмайды. Мұндайда денені босаңсытатында, организмді қалыптастыруда келтіретіндей жаттыгуларды орындау қолайлы болмайды.

Жаттыгулардың дененің қай мүшесіне қалай өсер ететінін түсініп, қандай да бір жаттығуды орындағанда да, оның мусінге ықпал ететінін есте сақтау керек.

Жаттыгуларды сабактан-сабакқа біртіндеп арттыра отырып, қатаң түрде мөлшерлеу қажет.

2. Организмнің жүйелі қызмет етуіне дene жаттыгуларының өсері және оған түсетін жүктемені реттей

Дене жаттыгуларының негізгі мақсаты — дene дамуына көмектесу, денсаулықты нығайту. Күнделікті түрмис-тіршілікте, оқу барысында толып жатқан іс-әрекеттер мен қозғалыстар жасалады. Осы қимыл-қозғалыстар адам организміне белгілі бір дөрежеде өсер етеді. Ал арнайы іріктеліп алынған дene жаттыгулары жекелеген дene мүшелерінің қалыптасын дамуына, жетілуйіне ғана өсер етіп қоймайды, сонымен бірге жалпы организмнің жүйелі түрде қызмет атқаруына көмектеседі. Адам денесінің барлық мүшелерінің өзара әрекеттестігіне және сабактар мен жеке жаттыгуларда түрлі қимылдардың өте көп болуына байланысты организм тұтас жұмысқа тартылады.

Өрбір жаттығу окушы организміне белгілі бір дөрежеде өсер етеді. Бұл өсер өте күрделі әрі әртүрлі болады және барлық мүшени қамтиды. Окушылар дene жаттыгулары-

мен жеке-лара айналысу кезінде көп күш жұмсауы мүмкін. Сондықтан да жаттығуларды саналы түрде мөлшерлең, денеге түсетін жүктемені бірте-бірте осіріп отыру керек. Жалпы дene жаттығуларымен жеке-лара айналысудан бұрын мұғаліммен ақылдастып алған жөн.

Жаттығуларды дененің белгілі бір мүшесіне пайдалы әсер ететіндегі және артық күш түсіріп, оған зиян келтірмейтіндегі етіп кезектестіріп отыру қажет.

Жеке жаттығуларды орындаған кезде және сабак үстінде денеге түсетін жүктемеден шаршаудың сыртқы белгілері байқалады. Шаршаудың басты белгілеріне: жаттығуды одан әрі орындауға селқос карау, зейіннің шұғыл тәмендеуі, жаттығуларды орындау техникасының нашарлауы, дененің қызынуы немесе босансуы, беттің қызырып немесе бозара бастауы, мандайдың терлеуі, аяқ-қолдың дірілдеуі, т.б. жатады. Мұндай жағдайда жаттығудың түрін дөзгеріп демалу керек немесе жаттығуды аяқтау үшін сабактың корытынды беліміне көшу қажет.

Сабактың корытынды белімінде міндettі түрде шаршау пайда болатынын естен шығармау қажет, өйткені шаршау болмаса, денені жаттықтыру және организмнің жалпы жұмыс қабілетін арттыру мүмкін емес. Алайда шаршау қалыптан артық болмауы және демалғаннан кейін толығымен басылуы тиіс.

Сонымен бірге жекелеген жаттығуларды орындаған кезде, мысалы, арқанға өрмелеп шыққанда, қолдың бұлшық еттерінің шаршауы, реттік (саптағы) жаттығулар жасаған кезде зейіннің тәмендеуі, т.б. санаскан жөн. Сондықтан дene түсетін жүктемені мөлшерлеу қажет. Сондай-ақ дene мүшелерін бірқалыпты, кезек-кезек демалдыру үшін, бұлшық еттердің жекелеген топтарына және организмнің жекелеген мүшелеріне түсетін жүктемені де өзгеріп отыру керек.

Жұмыска (жаттығуға) біртіндегі кірісу қажет. Өдette, дene түсетін физиологиялық ауыртпалықтың ең көбі жаттығудың негізгі белімінің ортасына немесе соңғы үштен бір белгіне тұра келеді, ал бұл сабак барысында дene түсетін жүктемені бірте-бірте арттыра түседі. Жалпы, жаттығуларды орындаған кезде әркім оз мүмкіндігін ескергені жөн.

Шаршау құбылысы күшті физиологиялық жүктеме түсіретін жаттығуларды аз жүктеме түсіретін жаттығулармен ауыстырып отыруға мәжбур етеді. Мысалы, бұлшық етке күшті жүктеме түсіретін жаттығулар денені босаңсытуға арналған жаттығулармен, жылдам орындалатын жаттығулар баяу орындалатын жаттығулармен ауыстырылады.

Дене жаттығуларымен айналысқан кезде дene түсетін жалпы физиологиялық жүктемені мөлшерлеу үшін тәмендегі жайттарды есте сақтаған жөн:

- 1) берілген жаттығуларды қайталауды көбейту немесе азайту;
 - 2) жаттығуларды орындау уақытын немесе ұзактығын көбейту немесе азайту (мысалы, жүгіру, секіру);
 - 3) жаттығуларды орындаған кезде бастапқы қалыпты курделендіру немесе женілдету (мысалы, алға және артқа қарай еңкейген кезде қолды бүйріге таяну, бастан жоғары көтеріп ұстай);
 - 4) жаттығуларды орындаған кезде, мысалы, гимнастикалық таяқпен, батпанмен, гүрзілермен, нығыздылған доппен жаттығулар жасаған кезде аяқ, қолға салмак түсіру;
 - 5) осы мақсатка оз дenesінің салмағын пайдалану (мысалы, жүрелеп отыру, қолмен жоғары көтерілу) немесе өзінің серіктесімен бірге қарсыласу жаттығуларын жасау;
 - 6) жаттығулардың формасын (багытын, жаттығудың аралығын, бір мезгілде жасалуын, бірте-бірте орындалуын) немесе сипаттын (жүйкеге, бұлшық еттерге күш түсіретін жаттығулардан кейін дene босаңсытатын жаттығуларды орындау керек;
- Сонымен бірге жаттығуды орындаған кезде мынадай тәсілдерді пайдалану қажет:
- дene бірден шұғыл жүктеме түсіруден сақтану үшін бастапқыда бір-екі көмекші жаттығу жасаған жон;
 - ауыр жаттығулардан және бұлшық еттерге күш түсіретін жаттығулардан кейін дene босаңсытатын жаттығуларды орындау керек;
 - статикалық жаттығуларды динамикалық жаттығулармен алмастыру қажет; шағын, женіл жаттығуларды курделі жаттығулармен алмастыру кереіс;
 - жеке бұлшық ет топтарына түсетін ауырлықты кезектестіріп отырган жон (мысалы, қолға арналған жатты-

гулардан кейін кеуденің бұлшық еттеріне немесе аяққа арналған жаттығуларды орындау); ен маңызды жаттығуларды тың кезде, сабактың бірінші жартысында орындауга тырысұ қажет; оларды назарды қөп аударуды қажет етпейтін жаттығулармен жиі алмастырып отырган дұрыс. Жаттығулардың әртүрлі болуы шаршатпайды, мұны берілетін жүктемені мөлшерлеу кезінде еске алу керек. Денеге түсетін жүктемені әр сабак сайын біртебірте арттырган жөн, жүктемені мөлшерлеген кезде, оның жүйелі болуын мейлінше сактап отыру керек. Ер балаларға арналған жаттығулармен салыстырғанда, қыз балаларға арналған жалпы (бірката жаттығуларда) және жекелеген мүшелерге түсетін жүктеме жеңілірек болуы қажет.

Дұрыс ірікеп алынған дene жаттығулары организмнің қалыпты, жүйелі қызметіне жағымды әсер етпек.

3. Өзін-өзі бақылаудың қарапайым дағдылары

Өзін-өзі бақылау деп дene жаттығуларының әр түрімен айналысқанда, жаттығушының өз денсаулығы жағдайын өзі бақылау үшін жүргізетін кейбір іс-әрекеттерді түсінеміз. Өзін-өзі бақылау — дәрігерлік тексеру ісіне, әсіресе денсаулық жағдайын мүқият және жүйелі бақылауға бағалы көмек береді. Өзін-өзі бақылауды жүргізу оқушының дene жаттығуларымен айналысуға деген саналы көзқарасының көрсеткіші болып табылады. Өзін-өзі бақылаудың көмегімен дene тәрбиесінің мұғалімі жеке оқушының денсаулық жағдайына, жынысына, дene дамуы мен дene даярлығы денгейіне сәйкес жаттығуды жоспарлы турде өткізе алады. Мұндай бақылаудың үйімдастырылуы оқу мен спорттық нәтижелерге, ақыл-ой және дene жұмысы қабілеттілігіне жағымды әсер етеді.

Өзін-өзі бақылаудың міндеттері:

- өз денсаулығына, дene жаттығуларының гигиенасына өте мүқият карауды үйрену;
- жеке және қоғамдық тазалықтың қажетті дағдыларын қалыптастыру;
- дene жаттығуларымен айналысада өзін-өзі бақылаудың қарапайым әдістерін менгеру;
- өз бойындағы өзгерістерді күнделікке тіркеп, бағалай білуді үйрену;

- дәрігер және дene тәрбиесінің мұғалімімен оте тығыз байланыста болу;
- дәрігерлік тексерудің қорытындыларын толыктыру және нактылау;
- өзін-өзі бақылау нәтижесіндегі мәліметтерді дene дамуының дәрежесі мен денгейін және денсаулық жағдайын анықтау үшін пайдалана білу.

Өзін-өзі бақылау негіздерін үйрене отырып, оны күнделікті омірде пайдалана білу қажет.

Дene шынықтырумен айналысу кезеңінде арнайы қүнделік жүргізу — өзін-өзі бақылау жасаудың ен қолайлы түрі. «Қандай көрсеткіштерді алу керек? Оларды қалай есептеу қажет? Өзін-өзі бақылау күнделігін аптасына неше рет толтыру керек?» деген сұрақтарға жауап берелік.

Өзін-өзі бақылауды 3-сыныптан бастауга болады. 3—4-сынып оқушылары үйқы, тәбет, бой мен салмақ секілді торт көрсеткішті негізге ала отырып, өзін-өзі бақылаудың ен қарапайым әдістерін пайдалана алады. 5—6-сыныптар үшін жоғарыда айтылғандарға қоса өзін-өзі сезіне білуді, көніл күйді, сонымен бірге тамыр соғысы мен тыныс алушы олшеуді косуға болады. 7—8-сыныптар үшін жаттығуға құлышынысты, кол күші мен оқиғе сыйымдылығын бақылауды қосымша енгізу керек. 8—11-сыныптар үшін шаршау мен жұмыс қабілеттілігін бақылауды, жарыстар мен байқау нәтижелерін (мысалы, Президенттік сынамалар нормативтерін) қосымша енгізуге болады.

Сөйтіп, 3—4-сынып оқушылары — торт, 5—6-сыныптар — сегіз, 7—8-сыныптар — он екі, 9—11-сынып оқушылары он алты көрсеткішті белгілейді. Жағдайға байланысты (мысалы, дәрігерлік кабинетте динамометр, спидометрдің болмауы, т.б.) көрсеткіштер саны аз болуы да мүмкін.

Күнделік қойылған міндеттер мен оқушылардың жас мөлшеріне байланысты толтырылады. Төменгі салынап оқушылары күнделікті аптасына бір рет, жоғары салынап оқушылары екі-үш рет, ал күн сайын жаттығатын оқушылар үнемі толтырып отыруды керек. Егер бір не соған үксас өзге бір жаттығу организмге қалай әсер ететіндігін білгің келсе, онда жаттығуга дейін (тыныштық жағдайда) және жаттығудан кейін бақылау жасалады; жаттығудан (жарыстан) кейін организм қалына келген-келмегендігін білу үшін үнемі бақылау жүргізу қажет.

Өзін-өзі бакылауды екі бала болып жасаған ыңғайлы: біріншісі өлшейді, екіншісі нәтижені жазады; осыдан кейін орындарын алмастыруға болады. Зерттеудің бір бөлігін топтық бакылау комегімен (мысалы, бір сыншыптағы оқушылардың жартысы екінші топтағылардың тамыр соғу жиілігін санайды және өзара орын алмастырады) жүзеге асыруға болады.

Дене шынықтыру сабағының барысында дәрігер немесе дене тәрбиесінің мұғалімі оқушылардың өзін-өзі бакылау күнделігін үнемі тексеріп отыруы және оған талдау жасауы қажет.

Өзін-өзі сезіне білу дене жаттығулары өсерінің жақсы көрсеткіші болып табылады. Оқушылар кейде өте ауыр оқу жүктемесі кезінде, жаттығудан, жарыстардан кейін шаршаганда, үйқы қанбаған жағдайда өзін нашар сезінеді. Ақыл-ойдың, дененің шамадан тыс жұмыс атқаруы денсаулық жағдайына, жасына, жынысына, дене дамуына және жаттығу дәрежесіне қаншалықты сәйкес келмесе, өзін-өзі сезіну де соншалықты тәмен болмак. Өзін-өзі сезіну жағдайы күнделікте: **жақсы** (күшті, сергек сезіну), **қанагаттанарлық** (күш-куаттың шамалы тәмендеуі, кейбір босандық), **қанагаттанарлықсыз** (елеулі әлсіздік, селкостық, қажығандық, бастың ауыруы, бастың айналуы) деп белгіленеді.

Әдетте, дене шынықтырумен айналысқан әрбір адам сергектік, өз күшіне сенушілік, қуаныш сезімдеріне бөленеді. Көніл күйді: **жақсы көңіл күй, қанагаттанарлық, қанагаттанарлықсыз** деп бөледі.

Үйқы жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіруге жағдай жасайтындықтан, демалыстың жақсы түрі болып табылады. Үйқыны бакылай отырып, оның сипаттын да анықтай білу керек. Оянғаннан кейін тыныққандық пен сергектік сезіміне бөленетін тез үйқытап кетуді, ештеңені сезбей үйқытауды, жайбарақат үйқытауды қалыпты үйқы деп есептейді. Жаттығулар, жарыстар, сынақтар мен оқудың курделі кезіндегі үйқы 9 сағаттан кем болмағаны жөн. Қалыпты үйқы сергектік пен жұмыс қабілетінің артуына әкеледі, күш-куатты толықтырады. Үйқының қанбауы, үйқысыздық, жиі ояну, қорқынышты тус көру, үйқытап тұрганнан кейінгі қалжырау оқу тапсырмаларының шамадан тыс көп болуынан, жүйке жүйесінің шаршавынан

және шамадан тыс жаттығудан болуы мүмкін. Күнделікке үйқының сапасы мен үзақтығы туралы мәліметтер тіркелуі керек.

Шаршau — бұл жұмыс қабілеттілігінің тәмендегенін сипаттайтын, іс-әрекет нәтижесінде туындаитын организмнің әлсіреуі. Жаттығулар мен жарыстарға үздіксіз қатысу (кейде бірнеше апта бойына) көп күш жұмсауды талап етіп, жүйкені титықтатады. Шаршаганда жұмыс қабілетінің тәмендейтіндігі түсінікті. Спортық режимді сақтағанда, жеткілікті демалғанда, қалыпты үйқы мен тамақтану нәтижесінде жас спортшылардың организміндегі жұмсалған күш-куат қалпына келеді. Шаршau жағдайы күнделікке әрбір сабактан кейін: *шаршаган жоқпын, аздал шаршадым, қатты шаршадым; жаттығудан кейінгі келесі күнге: шаршагандық жоқ, өзімді-өзім сергек сезінемін* немесе *толық демалғаным жоқ, аздал шаршагандық бар, елеулі шаршагандық бар* дегендей жазылады.

Жұмыс қабілеттілігі денсаулық жағдайы, дене дамуы, жаттыққандығы мен дене даярлығы деңгейі, сонымен бірге шаршавудың аз болуы мен күш-куаттың қалпына келуіне байланысты. Бұл екі процесс (шаршau мен қалпына келу) өзара біріне-бірі себепші болады. Сойтіп, жаттығу процесі мен одан кейінгі демалатын кезең организмнің функционалды мүмкіндіктерін көнектітін және жұмыс қабілеттілігін арттыратын біртұтас процесті құрайды. Күнделікке жұмыс қабілеттілігін жогарылады, орташа, тәмендеді деп белгілейді.

Тәбет. Дені сау оқушы әдettегі қалыпты тәбетке, ал дене жаттығуларамен айналысатын оқушы өте жақсы тәбетке ие. Алайда кейде дұрыс жаттықпаған жағдайда, денеге артық күш түсірілгенде, режим сақтамағанда, т.б. жағдайларда жас спортшының ас ішуге зауқы сокпайды, тәбеті болмайды. Тәбеттің болмауы сырқаттануға да әкелуі мүмкін. Әрбір нақты жағдайда бұл мәселені мектеп дәрігері шешеді. Күнделікте тәбетті **жақсы** (қалыпты), **қанагаттанарлық** (тұрақты емес), **нашар** (тәбеттің жоқтығы, тамақтан жиіркену, шөл қысу) деп белгілейді.

Дене шынықтырумен айналысуға немесе жаттығуга құлшыныс денсаулығы мықты балалар мен жасөспірімдерге тән. Дене шынықтыру және спортпен айналысуға деген құлшыныс — денсаулықты нығайту мен тұрмыс-тіршілікке

қажетті әрекеттерді арттырудың өте маңызды көрсеткіші, көрісінше, мұндай үмтұлыстың болмауы — қажудың, көп жаттығулардың белгісі. Бақылау құнделігіне рақам, бәрібір («ықылассызы», ықылас жоқ, селқостық, спортпен айналысады жеккөрушілік (допты тіпті көргім келмейді) деп белгілейді.

Өзін-өзі бақылау мақсатындағы дene дамуы мен оның өзгерістерін бақылауда іс жүзінде бой, салмак, кеуденің және белдің өлшемі секілді антропометриялық көрсеткіштер пайдаланылады. Бұл мәліметтерді өкпені (тыныс алудың жиілігі), жүректі (жүрек соғысы) және бұлшық ет жүйесін (қолдың күшін өлшеу) зерттеумен толықтыруға болады.

Өзін-өзі бақылаудың негізгі міндеттеріне жататындар: өз дene дамуының дәрежесін анықтау, дene құрылышындағы кемшіліктерді немесе дene дамуындағы кейін қалушылықты білу, спортпен үнемі айналысу барысында болатын дene дамуындағы өзгерістерді бақылау. Кез келген жасөспірім өз бойларының биктігін, денелерінің салмағын, кеудесінің өлшемін, өкпесінің сыйымдылығын, қол күші секілді дene дамуының көрсеткіштерін білгендері дұрыс. Мұндай өлшеулерді белгілі бір уақыт аралығынан кейін күзде (оку жылышында) және көктемде (оку жылышын аяғында) жүргізу қажет. Алынған мәліметтер ұзак уақыт бойы дene жаттығуларымен жүйелі айналысу әсерінен дененің дамуы қандай өзгерістерге ұшырағандығын көрсетеді.

Дene шынықтырудагы жаттығу әсерінің нәтижелерін мынадан білуге болады:

- 1) сергектік, өзін тамаша сезіну;
- 2) сергіткен қатты үйқи;
- 3) шаршаудың аз болуы және күш-куаттың қалыпқа келуі;
- 4) ақыл-ой және жұмыс қабілеттілігін артуы;
- 5) жаттығу мен жарыска қатынасуға деген құлшыныс;
- 6) асқа тәбеттің ашылуы;
- 7) дene салмағының артуы;
- 8) күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділік секілді дene қасиеттерінің жақсаруы;
- 9) өкпе сыйымдылығының өсуі;
- 10) спорттық нәтижелердің жақсаруы.

Өзін-өзі бақылау. Қолайлы әдістер және құралдардың көмегімен өз денсаулық жағдайын жүйелі түрде бақылап

отыру жаттығу барысының тиімділігін, ондағы мүмкін болатын жүктемені анықтауға және қажет болса, жаттығу реттілігін өзгертуге мүмкіндік береді.

Организмде жүріп жатқан өзгерістердің ең қарапайым көрсеткіші — тамыр соғуындағы өзгерістер. Тамырдың соғуын таңертептілік төсекте жатқанда санау қажет. Жүйелі жаттығуды жаңа бастағандар үшін, оның соғуы жыл боїнда орта есеппен минутына 7—10-ға дейін біртіндеп азаяды. Сөйтіп, тамырдың соғуы минутына 60 және одан да төмен болуы мүмкін.

Тамырдың соғуын бақылауды жаттығу барысында (өзіне онтайлы ауырлық күшті анықтау үшін) және ол аяқталғаннан кейін (қайта қалпына келу мерзімін анықтау үшін) жүргізеді. Орта есеппен 10—30 мин шамасында бастапқы қалыпқа келуге болады. Жылдам қалыпқа келу — жақсы жаттыққандықтың көрінісі және организм жағдайының маңызды көрсеткіші болып табылады.

Тыныштық жағдайында тамыр соғуының жиілеуі, оның қалыпқа келуінің баяулауы, ыргағының бұзылуы шамадан тыс күш түсудің нәтижесінде болуы мүмкін. Бұл белгілерге көп жағдайда жүрек тұсы маңындағы жағымсыз сезінүлер, үйқының бұзылуы, тәбеттің болмауы секілді өзге де ауыртшағылыштар қосылады. Тыныс алудың жиілігін көкіректің төменгі жағына қолды басу арқылы анықтауға болады. Жақсы жаттықкан жағдайда тыныс алудың жиілігі азаяды, бастапқы деңгей дәрежесіне дейін қалыпқа келу шашшандайды. Тұрақты дene жүктемесінде тыныс алудың жиілеуі және қалыпқа келудің ұзаққа созылуы шамадан тыс күш түсінің немесе сырқаттанудың нәтижесі болуы мүмкін. Өзін-өзі бақылаудың мәліметтерін қунбекүн жазып есепке алып отырса, онда оның тиімділігі артпак. Өзін-өзі бақылау құнделігі екі белімнен тұрады. Біріншінде жаттығу жұмыстарының колемі, қарқындылығы, жаттығу аяқталғаннан кейінгі тамыр соғысының қалпына келуі, т.б. секілді жаттығудың мазмұны мен сипатын белгілейді.

Екінші белімінде асқа деген тәбеттің болу-болмауы, үйқының жағдайы, жұмыс қабілеттілігі, т.б. жалпы жағдайдың сипаты, денеге түскен жүктеменің колемін белгілейді (1-кесте).

рын дұрыс мөлшерлеу, қалыпқа келудің өз мөнінде болуы, жаттыққандық жұмыс қабілеттілігіне міндетті турде өсеретеді. Еңбек ету қызықты, тартымды болады. Белгілі бір жұмыс көлемін аз уақытта, аз күш жұмсақ қана орындауга болады, іс-қимылда белсенділік танытылады.

Қорыта айтқанда, өзін-өзі бақылаудагы әртурлі көрсеткіштердің жиынтығы организмнің жаттыққандығын не жаттықпағандығын және денсаулық жағдайын дәл сипаттап бере алады. Өте мүқият жүргізілген өзін-өзі бақылау жылына 2 рет өткізілетін дәрігерлік бақылауды алмастыра алмайды, дегенмен де әрбір адам өзін-өзі бақылауды жүзеге асырып жүргені жөн.

4. Президенттік сынамалардың мақсаты мен міндеттері, нормативтік талаптарды тапсыруға арналған даярлық

Президенттік сынамалар — бұл бақылау нормативтері арқылы халықтың окуға, енбек қызметіне дene тәрбиесі даярлығының және жастардың өскери қызметке даярлығының жалпы деңгейін айқындайтын жаттығулардың (сынақтардың) жиынтығы.

Президенттік сынамалар Қазақстан Республикасында тұратын әрбір азаматтың дene тәрбиесі дайындығына қоюлатын нормативтік талаптардың негізі болып табылады.

Президенттік сынамалардың мақсаты — салауатты өмір салтын насиҳаттау, халықты дene тәрбиесі және спортпен жүйелі турде шұғылдануға тарту, өз денсаулығын және өмірдің әртурлі кезеңіндегі дene тәрбиесі дайындығының деңгейін айқындауда оның кажетін қанагаттандыру.

Президенттік сынамалардың негізгі міндеттері — дene жаттығулары құралдары арқылы халықты сауықтыру және дene тәрбиесінің жай-күйін бағалау, оқушы жастарды оку, енбек және өскери қызметке дайындау болып табылады.

9-сынып оқушылары үшін сынамалар дene тәрбиесі даярлығының екі деңгейінен — Президенттік деңгей мен үлттых қадарлық деңгейден тұрады.

1. Президенттік деңгей жан-жакты дene тәрбиесі даярлығы бар дені сау адамдар үшін арналған.

2. Үлттых қадарлық деңгейі оку, жұмыс орны немесе тұрғылықты жері бойынша да спорттық секцияларда, топтарда, командаларда дene тәрбиесі және спортпен жүйелі турде айналысатын адамдар үшін арналған.

Президенттік сынамалар нормативтерін тапсыруға дерігердің рұқсаты бар, спортпен үйымдастын турде немесе өз бетінше айналысатын барлық тілек білдірушілер қатыса алады.

Президенттік сынамалар нормативтерін орындауга өзірлік оқушылар үшін мектептегі оку сағаттары және окудан тыс дene тәрбиесі — сауықтыру және спорттық жұмыстар барысында жүзеге асырылады.

Сынамалардың түрлері және оларды орындаудың шарттары.

1. 60, 100, 1000, 2000, 3000 м-ге жүгіру. Стадионның жарыс жолында немесе кез келген тегіс жерде өткізіледі.

2. Тұрған орнынан ұзындыққа секіру. Кез келген тегіс жerde өткізіледі.

3. Белтемірде тартылу. Бастапқы қалыпта белтемірдің тік колмен ұстап асылып, аяқты еденге (жерге) тигізбей орындалады. Иек белтемірден жогары етсе, жаттығу есептілінеді. Асылып тұрған қалыпта 5 секундтан артық демалуға (тоқтап қалуға) және тербеліп тартылуға рұқсат етілмейді.

4. Шалқалап жатқан қалыпта кеудені көтеру. Аяқтың тізеден 90°C бұрышқа бүгіп, қолдарды иыққа қояды. Аяқтың табанын серіргі ұстап тұру арқылы орындалады.

5. Винтовқадан ату. ТОЗ-8 немесе ТОЗ-12 ұлғисіндегі кіші оқпанды винтовкалардан таянып жатқан қалыпта немесе бауды кере қолдану арқылы №6 нысана бойынша 25 метрлік немесе №7 нысана бойынша 50 метрлік қашықтықтан ату арқылы жүзеге асырылады.

ИЖ-38 үлгедегі пневматикалық винтовқадан ату. Түрлі түрлердегі үстелге не тіреуге сүйеніп, №8 нысана (спорттық) бойынша 5 метрлік қашықтықтан ату арқылы жүзеге асырылады.

Атыстар: 3 байқау, 5 есептік ату. Ату уақыты — 15 минут.

6. Шаңғымен жүгіру. Шамалы немесе орташа бедерлі жол салынған арақашықтықта өткізіледі.

7. Қол добын лақтыру. Кез келген тегіс аланды 200 см биіктікте орналаскан көлемі 100×100 см-лік көлемдегі қалқанға допты лақтыру арқылы жүзеге асырылады.

Орындау техникасы, үйрету тәсілі, сынама

1. 60 және 100 м-ге жүгіру — жылдамдық қасиеттерін дамытатын сынамалар. 60 және 100 м-ге жүгіру стадионның жүгіру жолында немесе мәресі мен сөресі белгіленген тегіс және жүгіру қашықтығы мүқият өлшенген жерде өткізіледі. Төменгі старттан жүгіруге 4—6 окушы қатысады. Сабак кезінде және жарыстарда старт жалауша немесе старт пистолеті арқылы беріледі. Нәтижесі 0,1 с дәлдігі бар секундөлшеуішпен анықталады.

Дайындық жаттыгулары:

а) аяқты жогары көтеріп (10—15 м) жүгіру (2 рет қайталау);

ә) тіректен ұстап, санды жогары көтеріп 5—7 с жүгіру (барынша тез жүгіру, 2 рет қайталау);

б) тіректің жаңында жай бастап, кейін екпінді барынша көбейте 5—10 с жүгіру (30—45 секундтан кейін 2 рет қайталау);

в) сореден (старттан) жүгіру — 15—25 м (45 с — 1 минуттік үзіліспен 3 рет қайталау);

г) ауыр заттармен 15—25 м жүгіру (3 рет қайталау);

ғ) мәреке келуді жетілдіру; біртіндеп екпін алу және мәреке жету (20—25 м, 3 рет қайталау);

д) қашықтықты уақыт есептеп жүгіріп өту — 1 рет;

е) 1—2-орындарды анықтау үшін бақылау жүгірістері және күшті жүгірушілердің жарыстары.

Нормативтерді тапсыру кезінде қашықтықты барынша тез жүгіріп өту керек.

1000, 2000, 3000 м-ге жүгіру — денениң шыдамдылық қасиеттерін дамытуға ықпал ететін сынамалар.

Жүгіру стадионның жүгіру жолында немесе мәресі мен сөресі белгіленген тегіс және жүгіру қашықтығы мүқият өлшенген жерде өткізіледі. Жоғарғы сореден жүгіруге бір мерзімде 10—12 адам қатысады. Егер қажет болған жағдайда желе жүргуге көшуге рұқсат етіледі, бірақ оқушылар қашықтықты мүмкіндігінше тез жүгіріп өтуі керек. Мәредегі уақыт дәлдігі 1 с дейінгі секундөлшеуішпен анықталады.

2. Орынан ұзындыққа секіру — шапшаңдық, күштілік қасиеттерін дамытуға ықпал ететін сынама.

Сынама тегіс жерде орындалады. Секіріп тусу үшін жұмсақ жер қыртысы қажет. Сөре сызығы белгіленеді және рулетка немесе сантиметрлі таспаның (лентаның) көмегімен 5 және 10 сантиметрлік белгілер жасалынады.

Окушылар сөре сызығына аяқтың үшін етіп кетпейтіндей етіп тұрады. Тізерлей беріп қолды алға, жогары сермен, аяқтармен жылдам серпіліс жасайды. Жерге екі аяқпен туследі. Нәтижені анықтау үшін сөре сызығынан бастап аяқтың өкшесі тиген аралық өлшенеді. Егер секіргеннен кейін тек бір қолды артқа тіресе, онда нәтижені өлшеу сөре сызығынан бастап, қол тиген сызыққа жақын аралық өлшенеді. Бірінен сон бірі екі секіріс жасалады және жоғарғы көрсеткіш (см) хаттамаға жазылады. Нәтиже 1 см-ге дейінгі дәлдікпен анықталады.

Дайындық жаттыгулары:

а) бір орында бір және екі аяқтап секіру (он, сол аяқпен 20 және екі аяқпен 40 рет, демалу аралығы — 40—60 с, 2-3 рет қайталау);

ә) секіртпемен секіру (100—120 рет, 2 рет қайталау);

б) алға жылжи отырып бір және екі аяқпен секіру — 10—15 м (2 рет қайталау);

в) тұғырға секіріп шығу (гимнастика орындығына, т.б.);

г) биік тұғырдан ұзындыққа секіру;

ғ) ауыр затпен ұзындыққа секіру (батпан, тас, ауыр белбей, т.б.);

д) ауыр затпен бір орында секіру;

е) ұзындыққа нәтиже көрсетуге секіру.

3. **Белтемірде тартылу** — дene күшінің қасиетін дамытуға ықпал ететін сынама.

Белтемірді тік қолмен ұстайды (аяқ жерге тимеуі керек). Тартылу иекті белтемірдің жақтауына тигізумен орындалады. Белтемірде 5 секундтан артық тартылуып тұруға және тербеліп тартылуға рұқсат етілмейді. Бұғліп және басты артқа шалқайта орындалған тартылуулар техникалық жағынан дұрыс деп есептелмейді. Тартылу саны есептеледі (қанша рет тартылғаны — 10, 15, т.б.).

Дайындық жаттыгулары:

а) батпандармен, ауыр заттармен жаттығу. Алға еңкею, кеудені бұру, қолдарды тік ұстап айналдыру;

ә) ЖДЖ кешенін орындау (8—10 жаттығулар);

б) турегеліп тұрып тартылу (аяқ тіреулі, бел жерге 45—40°C бұрышталған);

в) биік белтемірде екінші адамның көмегімен тартылу, алдымен өз бетінше 1—3 рет, сонаң соң серіктесінің көмегімен 5—7 рет тартылу (3 рет қайталау);

г) белтемірде барынша көп тартылу (1-2 рет қайталау);

ғ) ауыр жүкпен тартылу (2—4 кг корғасын белбеу немесе батпандар, 3—5 рет, 2 рет қайталау);

д) барынша жоғары нәтижеге (50—70%-дай) тартылу (2 рет қайталау);

е) қолды жартылай бүгіп, статикалық қалыпты ұстаса (иық пен қолдың аралығы тек бұрыш болуы тиіс) — 15 с, 2 рет.

ж) нәтижеге тартылу.

4. Шалқалап жатқан қалыпта қеудені көтеру — дene күшінің қасиетін дамытуға ықпал ететін сынама.

Гимнастикалық орындықта немесе тегіс жерде шалқалап жатқан қалыпта орындалады. Аяқтың тізеден 90°C-қа бүгеді. Аяқтың табанын екінші адам ұстап тұрады, қолдарды иыққа қояды. Бастапқы жағдайда жаттығушы қабылдағаннан кейін: «Дайынсың ба?» — деген ескерту жасалып, «Баста!» деген пәрмен беріледі. Бұйрықпен бірге секундөлшеуіш те іске қосылады. 1 минут өткен соң: «Токта!» — деген бұйрық беріледі.

Дайындық жаттығулары:

а) аяқтарды алға тіке сермеу, әр аяқпен 15—20 рет (30—45 секундтік үзіліспен 2 рет қайталау);

ә) орындық, еденде отырған жағдайда:

— тік аяқтарды сермеу (жүзудегі Кроль өдісі бойынша аяқты тіремей 12—15 реттен 2 рет қайталау): аяқтарды тізеден бір мезгілде бүгіп, тізені қеудеге тигізу (12—15 реттен 2 рет қайталау);

— қоссырыққа (брұсия) немесе кез келген тіренішке сүйеніп, 8—10 рет аяқты тік ұстап жоғары көтеру (2 рет қайталау);

— тізеден бүгілген аяқты қеудеге тигізгенше көтеру (8—10 рет, 2 рет қайталау);

— аяқты тік ұстап, бұрыш жағдайына дейін көтеру (8—10 рет, 2 рет қайталау);

— бұрышты 3—5 с ұстап тұру (2 рет қайталау);

б) қолдарды жанға жіберіп, шалқалап жатқан қалыптан:

— он және сол аяқты кезекпенен көтеру, әр аяқты 15—20 реттен;

— тік аяқтарды көтеру (10—15 рет, 2 рет қайталау);

— денені көтеру (10—12 рет, 2 рет қайталау);

в) аяқтарды айқастирып, шалқалап жатқан қалыптан қеудені көтеру, қолдар белде (10—12 рет, 2 рет қайталау):

— қолдарды иыққа қойып, қеудені көтеру (10—12 рет, 2 рет қайталау);

— қолдарды желкеде ұстап, қеудені көтеру (10—12 рет, 2 рет қайталау);

— қолдарды жоғары көтеріп, қеудені көтеру (6—8 рет, 2 рет қайталау);

г) қолдардың қалпы түрлі нұсқада болғанда нормативтерді орындау (қол жоғары көтерілген сайын денені көтеру соңшалықты қызын (8—10 рет, 2 рет қайталау);

д) уақытты есептеп, нормативті тұтас орындау.

5. Винтовқадан ату — қаруды пайдалану және ату дагдыларының бастапқы негіздерін үрететін өскери-қолданбалы сынама.

Ату арнайы жабдықталған тирде кіші оқпанды ТОЗ-8 және ТОЗ-12 винтовкаларымен жатып немесе бауды қолдану арқылы 25 м қашықтықтағы №6 нысанага немесе 50 м қашықтықтағы №7 нысанага ату арқылы жүзеге асырылады.

ИЖ-38 туріндегі пневматикалық винтовкамен үстелге сүйеніп тұрып 5 м қашықтықтан №8 (спортив) нысанага атады. Қаруды қалай қолдану керектігі, сондай-ақ ату кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен алдын ала таныстырылады.

Нысаналарды дайындағаннан кейін оқушылар ату шебіне келеді. Олардың әрқайсысына байқау атуы үшін үш оқтан беріледі. Ату жетекшінің рұқсат етуі және қатаң қадағалауы арқылы орындалуы тиіс. Бұдан кейін нысанана ауыстырылады. Оқушылар ату шебіне орналасып, бес оқтан алады, сейтіп, есептік атуларды орындаиды. Байқау атуы үшін нысаналарды ауыстыруға, есептік атулар жүргізуға барлығы 15 мин беріледі. Ату көрсеткіші оқ тиген үпай санымен өлшенеді. Олар жарыстың хаттамасына енгізіледі.

6. Шаңғымен 3000 м-ге жүгіру — дененің шыдамдылық қасиетін дамытуға ықпал ететін сынама.

Жарыс ережелеріне сәйкес шамалы немесе орташа ойлы-қырлы бедері бар жол салынған қашықтықта өткізіледі. Жарыстар мен сабактар ауаның температурасы 15°C-тан төмен болмаған жағдайда өткізіледі.

Казақстанның оңтүстік өңірінде, құрал-жабдықтар жетіслеген оку орындарында шаңғымен жүгіру 6 минуттік жүгіру-журумен алмасырылады. 6 минутта барынша көп қашықтықты жүріп өту керек.

Жүгіру-журу стадионның, саябақтың, орманның, т.б. жерлердің жүгіру жолдарында өткізіледі. Дайындық тәсілі 1, 2, 3 км-ге жүгіруге үксас.

7. Доп лақтыру — дәлдікті, үйлесімділікти дамытуға ықпал ететін сынама.

Винтовқадан атуға мүмкіндік болмаған жағдайда колданылады. Салмағы 150 гр допты лақтыру кез келген тегіс аланда өткізіледі. Тигізу үшін 100×100 см көлемдегі 200 см биіктікке ілінген нысанана пайдаланылады. Сынаманы қабылдау үшін сөре сызығы белгіленіп, керекті қашықтыққа нысанана орнатылады. Окushылар алдымен орында түрып екі байқау, содан соң екі есептік лақтыруды орындаиды. Нысанага доптың тиуі белгіленіп отырылады (бар-жок).

Дайындық жаттыгулары:

- барлық бүлшық ет топтарына арналған жалпы дамыту жаттыгулары;
 - иық буындарын айналдыратын қол қимылдары;
 - он, сол қолдарымен лақтыруды бейнелеу;
 - ұсак тастарды, үйенәкі жаңғақтарын (он, сол қолдарымен) қашықтыққа лақтыру;
 - теннис добын жерге ұру (он, сол қолдарымен). Доп барынша биік ширшуы қажет;
 - допты қашықтыққа лақтыру (он, сол қолдарымен);
 - допты нормадан екі есе жақын қашықтыққа лақтыру (он, сол қолдарымен);
 - допты нормадан 3—5 м қашығырақ нысанага лақтыру;
 - нормативтерді орындау.
8. Жүзу — су ішіндегі әрекеттердің дадылары мен дененің шыдамдылық қасиеттерін дамытуға ықпал ететін сынама.

Жүзуден сынама жаттығуын өткізу немесе тапсыру басейнде, сондай-ақ жай тоғандарда (көл, өзен), арнайы жабейнде, сондай-ақ жай тоғандарда (көл, өзен), арнайы жабейнде,

дықталған орында қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып өткізілу тиіс. Жүзе білмейтіндерге «Жүзу білмейтіндерге он сабак» тәсілі бойынша сабак үйымдастырылады. Сабактар мен сынаманы қабылдау судың температурасы +20°C-тан төмен, ал ауаның температурасы +22°C жөне одан жогары болған жағдайда өткізіледі. Кез келген тәсілмен жүзуғе рұқсат етіледі. Уақыт дәлдігі 0,1 секундқа дейін.

Сынамаларды тапсыруға дайындық және орындау оку жылы бойында жүзеге асырылады. Жылдамдық, күштілік және шыдамдылықты сынайу жарыстары оку жылының соңында бір күнде өткізіледі.

Мысалы: 2009 жылдың 15 мамырында жасөспірімдер арасында президенттік сынама жарыстары өткізіледі.

- 1-топ — 60 м-ге жүгіру;
- 2-топ — орнынан ұзындыққа секіру;
- 3-топ — белтемірде тартылу.

Содан соң жарыс түрлері өзгертеліді. Бұл спорт түрлері бойынша жарыстар біткен соң барлық қатысушылар 3000 (2000) м-ге жүгіруге жасақталады.

Күннің екінші жартысында немесе ертеңіне қыздар үшін жарыс өткізіледі. Өткізу кестесі жасөспірімдерге үксас. Шаңғы, жүзу және ату жарыстары оку бағдарламасына сәйкес бірнеше сабактан кейін өткізген жөн.

Сұрактар мен тапсырмалар

- 1. Дене мүсіні деңгенді калай түсінесіндер? Оган нелер жатады?
- 2. Шаршауды білдіретін белгілерді атандар.
- 3. Өзін-өзі бақылауды калай түсінесіндер?
- 4. Президенттік сынамалардың мақсатын калай түсінесіндер?
- 5. Президенттік сынамалардың Үлттых деңгейі және Президенттік деңгейіндегі адамдарға арналған?
- 6. Жаттыгулардың санын біртіндеп арттырындар.
- 7. Жылына екі рет (күзде және көктемде) бойдың ұзындығын, дененің салмағын, т.б. өлшеп түрүндар.

Есте сақтаңдар!

1. Организмің қалыпты өсіп дамуы мен қызмет істеуі үшін іріктел алынан дениң жаттығуары артүрлі болсын.
2. Шамадан тыс жүктемелер бойдың (сүйек ұзындығының) өсуін тежейтіндігі естерінде болсын.

П т а р а у . ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

1. Қауіпсіздік және жарыс ережелері

Женіл атлетика мектептегі дene тәрбиесінің ең негізгі құрамы болып табылады. Женіл атлетикасыз мектептегі дene тәрбиесінің бірде бір сабагы өткізілмейді десек те болады. Сондықтан ол өзінің сан салалығына және кең ауқымдылығына байланысты «спорт падишасы» деп аталады. Бұл — өте дұрыс қойылған атау, өйткені женіл атлетиканың элементтері спорттың барлық түрлерінде қолданылады.

Женіл атлетика сабағындағы қауіпсіздік ережелері. Женіл атлетика сабағында басты көңіл аударатын мәселе — жаттығуларды орындау кезіндегі қауіпсіздік. Сондықтан да мұғалім де, оқушылар да барлық жабдықтар мен снарядтардың жарамдылығы мен қауіпсіздігін мұқият қадағалауы қажет.

Женіл атлетика сабактарында мынадай қауіпсіздік ережелері сакталуы керек:

1. Дене шынықтырумен және спортпен шұғылданған кезде табаны резенке аяқкім киу керек.
2. Қысқа қашықтықтарда тек қана өз жолымен жүгіру қажет. Жүгіріп келе жатып кілт тоқтауға болмайды.
3. Ойлы-қырлы жерлерде кездескен кедергілерден (тас, құлаған ағаш, бұта, төмпешік, т.б.) аспай-саспай өтуді есте сактаған жөн.
4. Жүгіру, секіру, лақтыру аландарын (секторларын) көлденен кесіп өтуге рұқсат етілмейді.
5. Тырма мен күректі сабақ өтілетін жерде қалдыруға болмайды. Тырма, күрек, т.б. жабдықтардың үшкір жағын (басын) төмен қаратаң қою керек.
6. Спорт құралдарын лақтырганда (граната, диск, найза), серпігенде (ядро), лақтыру, серпу бағытында адамның болмауын қадағалаپ, бақылап алу қажет.
7. Ұзындыққа, биіктікке секірер алдында шұнқырдағы құмды қопсытып алу керек.
8. Лақтырушының оң жағында тұруға, құралдарды рұқсатсыз алуга болмайды.
9. Серпіген ядроны қағып алуға болмайды және серпіген кезде жерге түсіріп алушан сактану керек.

10. Жауын-шашынды құндері лақтыратын құрал-жабдықтарды мұқият сұртіп, құргатқаннан кейін пайдалану қажет.

Оқушыларға аланды сағат тіліне қарама-қарсы бағытта айналып жүгіруге рұқсат етіледі; ұзындыққа секіргенде, алдыңғы секіруші секіретін шұнқырдан кеткеннен кейін ғана келесі бала секіре алады; екпін алып биіктікке секіргенде, сол және оң жақтан екпін алып жүгіру кезегін сақтау қажет; допты және гранатаны лақтыrar уақытта, жаттығушыларды екі топқа бөліп, қарама-қарсы турғызуға болмайды, мұғалімнің пәрмені бойынша бір бағытқа лақтыруға болады, доптар мен гранаталарды жинау пәрмен арқылы ғана жүзеге асырылады.

Ауа райы салқын болған жағдайда (+15°-тан төмен болса) женілдеу жаттығу костюмін киу қажет. Кроссовка немесе кеды — женіл атлетика үшін ең ыңғайлы аяқкімдер.

Женіл атлетиканың жаттығулары төмөндегідей турғе болінеді: спорттық тәсілмен жүру, жүгіру, секіру, ядро серпу, лақтыру (диск, найза, граната) және көпсайыс. Жүгіру мен жүрү күнделікті өмірде көп кездесетін дene жаттығуларының табиги түрі. Осы екі түрімен күнделікті жаттығу адам денесінің негізгі мүшелері мен жүйелерінің қызметіне жақсы өсерін тигізеді. Жүрек-тамыр жүйесін нығайтады, тыныс алу мүшелерінің қызметін жаксартады, организмнің төзімділігін арттырады. Женіл атлетика спорттық түрлі қимылдарға қажетті жылдамдықты, күштілікти, икемділікти, шыдамдылықты жетілдіреді.

Женіл атлетикадан сабактар өткізу үшін жүгіретін жолдардың ені 1 м 25 см-ден кем болмауы қажет. Жолдардың аралығы 5 см сзызықпен (әдетте, ақ сзызықпен) белгіленеді, соренің алдында 3—5 м, ал мәреден кейін 12—15 м бос жер болуы қажет.

Екпін алып секіретін орында 45 метрдей жүгіру жолы, секіріп түсетін 6×8 м шұнқыр болуы керек. Шұнқырдағы қопсытылған құмның терендігі 40—50 см шамасында болады.

Граната лақтыратын орынның ені — 10 м.

Сынып жогарылаған сайын оқушылар төрөшілік ету және қоғамдық нұскауыш міндеттерін атқарып, мұғалімге көмекші болуға төсөледі. Осы мақсатта жарыс ережелері ұсынылып отыр.

Қысқа, орта және ұзын қашықтықтарға жүгіру. Жүгіру техникасын үйренуге қолайлы болу үшін спортшының кимыл-козгалысын шартты турде: *сөреде түрү, сөрелік екпін алу, қашықтықта жүгіру және мәреке жету* деп айырып карастырады.

Қысқа қашықтықка жүгіруде төменгі сөреден шығу қолданылады. Сөреден бұлай шығу жүгіруді жылдам бастау мен қашықтықтың аз ғана киындысында (20—25 м) жоғары шапшандыққа жетуге мүмкіндік туғызды. Сере қалыбының (колодка) төмөндегідей ретте орналасуы ең онтайлы әдісі болып табылады: оң аяғы орналасатын алдыңғы қалып сөре сыйығынан 25—35 см, артқы қалып 70—85 см қашықтықта орнатылады. «Сөреге!» деген пәрмен бойынша жүгіруші артта тұрган аяғының тізесін жерге тигізе, табандарын сөре қалыбына тірейді және керілген саусактарына тіреле, колдардың арасын ишкендігіндей ашып, сөре сыйығының бойына қояды.

«Дайындал!» пәрмені бойынша жүгіруші ишкітарын алға шығара, жамбасын көтереді. «Дайындал!» пәрмені берілгенде жүгірушінің қалпы орнықты болуы және жамбас ишкітан біршама биік көтерілуі керек. Дене салмағының елеулі болігі колдарға түскеніне қарамастан, табандар қалыпқа орнықты, мықты тірелуі тиіс. «Дайындал!» пәрмені бойынша жүгіруші еркін түрде демді ішке тартып, өзінің барлық ойын жүгіруді уақытылы және дұрыс бастауға жинақтап, дем шығаруды кідріте тұрады.

Сөредегі төрешінің белгісінен (пистолеттің атылуынан) кейін жүгіруші бір мезгілде сөре қалыбынан итеріле, колдарымен жылдам және қуатты козгалыс жасайды. Алғашқы екі-үш адымда жүгіруші итерілу кезінде аяқтарды толық жазуға үмтүліп, табандар жүгіру жолынан онша биік көтерілмеуін де қадағалауы тиіс.

Сөрелік екпін алуша адымның ұзындығы жүгіру шапшандығымен бірге біртіндеп өседі. Өйткені қысқа қашықтыққа жүгіру екпіні өзгермейді десе де болады, адымның ұзындығы тұрақты болғаннан кейін шапшандықтың артуы кідріде.

Толық еркін қозгалыс, бұлшық еттердің бос ұсталуы қысқа қашықтыққа жүгіру техникасының маңызды талаптарының бір болып табылады.

Озге қашықтыққа жүгірулермен салыстырғанда, қысқа қашықтыққа жүгіруде адымның ұзындығы біршама үлкен болады. Жақсы жүгіретіндерде ол 8—9 табанның ұзындығында және жүгірушінің әдеттегі адымынан 30—40 см-дей артық болады. Дегенмен де жүгіруді жаңа бастағандар адымды жасанды түрде созып, жүгіру екпінін азайтып алмауы керек.

200 және 400 м-ге жүгіруде спортшы сөреге бұрылыштан шығады. Сол себепті де, бастапқы қиындыны тіке жолмен жүгіру үшін сөре қалыптары жүгіру жолының бұрылышқа жанасатын сыртқы шетіне орналастырылады. Бұрылышқа жеткенде жүгіруші қеуденің солға енкеюін арттыра бастайды және осы жаққа қарай аяқ табандарын сәл-пәл бұрады. Шапшандық жоғары және жолдың бұрылышы көп болған сайын қеуденің енкеюі де соншалықты көп болмак.

Тура жолға шыққаннан кейін жүгіру шапшандығын біршама арттыру мүмкін болады.

Мәреке жақындағандағы жүгірушінің негізгі міндеті — жүгірудің жоғары шапшандығын сақтау. Бұл үшін қолдардың сілтену екпінін арттырып, артқы аяқпен итерілуді күштейтіп, аяқты жиі алып, мәре сыйығын қылп өту керек. Мәре таспасына айрықша үмтүліс жасау — мәре сыйығына бірнеше жүгіруші қатар келгенде ете маңызды.

Орта және ұзын қашықтыққа жүгіргендеге, қай сөреден (төменгі, жоғарғы) шығу онша маңызды емес. Әдетте, спортшылар жоғарғы сөреден жүгіруді пайдаланады. Бұл ретте жүгіруші оң аяғын сөре сыйығына, сол аяғын артқа қояды. «Дайындал!» пәрмені бойынша ол аяғын бүгіп, қеудесін алға енкейтеді. Кейбір спортшылар тұрган қалпын орнықтырып, алдағы тұрган аяққа қарама-қарсы жолға қолын тірейді. 800 м-ге жүгіруде төменгі сөре жиірек пайдаланылады.

Жүгірудің басталуы қысқа қашықтыққа жүгіргендегідей болғанымен, тек күш жұмсау қарқыны біршама аз болады. Қеудені жылдам тіктеу керек. Қашықтықтың артуына байланысты шапшандық азаяды. Сондықтан күшті үнемдеу қажет. Орта және ұзын қашықтыққа жүгіру техникасын жетілдіру — жүгіру шапшандығы мен спортшының күшін үнемдеу арасындағы онтайлы арақатынасты орнықтыру жолымен жүреді.

Қашықтықтың арту шамасына қарай адымның ұзындығы азайды. Орта қашықтыққа жүгірушілердің адымының ұзындығы әдеттегі адымынан 15—20 см, ал ұзын қашықтыққа жүгірушілерде 10—15 см артық болады. Сонымен бірге тірелу фазасының ұзақтығы біртіндеп артады және дененің еңкею бұрышы көбейеді. Қыска қашықтыққа жүгірушілерде, ол шамамен 75°-ты, орта қашықтыққа жүгірушілерде 80°-ты және алыс қашықтыққа жүгірушілерде 85—87°-ты құрайды.

Орта және ұзын қашықтыққа жүгіруде аяқты, алдымен табанның ұшымен, кейін бүкіл табанға тусіре басып, икемді түрде жүзеге асырылуы керек.

Серпілу кезінде жамбас кішкене алға беріледі, мұның өзі бұлшық еттердің күшін жақсы пайдалануға мүмкіндік береді. Осы фазаның ақырғы сәтінде сілтенетін аяқтың сирағы итерілетін аяқтың санының қатарында болады. Ұшу фазасында серпілуді орындаған аяқтың бұлшық еттері аз да болса босаңсиды.

Қол мен иық белдеуінің қимылы жүгірушінің тепеңдікті сақтауына көмектеседі. Олар бұлшық етке көп күш салмай орындалуы тиіс.

Орта және ұзын қашықтыққа жүгіруде тыныс алу ырғағы елеулі маңызға ие. Шапшандық төмен болғанда, 6-адымда бір рет тыныс (демді ішке тарту және шығару) алынады.

Шапшандық артқан сайын тыныс алу жиілігі көбейеді. Бір тыныс 4, кейде 2 адымның өзінде алынады.

Мәре сызығына ұмтылыш мәреге 150—300 м қалғанда, қашықтықтың сонында жылдамырак жүгіруге аудисудан тұрады. Бұл ретте жүгіру барысында шапшандықты жоғалтпас үшін өз күшін артық бағалаудың қажеті жок. Мәреге ұмтылған кезде терең тыныс алу мен қан айналымын қамтамасыз ету үшін қол алға-артқа қарай күшті сілтенеу керек. Керулі таспаға секіріп ұмтылудың қажеті жок. Ен дұрысы — мәре сызығынан жылдам жүгіріп өту. Мәреге бірнеше жүгіруші қатар келген жағдайда иықты тез бұру қажет.

Эстафеталық жүгіру кезінде таяқша тек қолдан-қолға беріледі. Эстафета таяқшасын лактырып беруге болмайды. Таяқшаның қолдан түсіп кетуі жарыс ережесін бұзғандық болып саналмайды, алайда оны тек түсіріп алған жүгіруші гана көтеріп алыу керек. Таяқшаны берген қатынасушы


өзінің қозғалысымен өзгелерге кедерігі келтірілмейтін жағдайда гана жолдан шыға алады.

Тосқауылмен жүгіру бойынша жарыс кезінде тосқауылдың жанымен жүгіріп кетуге және тосқауылды тыс жерден аттап өтуге болмайды. Тосқауылды құлатып кету немесе оларға тиіп кету ережені бұзғандық болып саналмайды.

Ұзындыққа екпін алып секіру. Жүгіріп екпін алатын жердің ұзындығына шек қойылмайды. Жүгіретін жолдың ұзындығын әркім өзі өлшеп алуына болады. Екпін алып жүгіру жылдамдығы неғұрлым жоғары болған сайын, ұзындыққа секіру қашықтығы согұрлым артады. Жүгіру жылдамдығы серпілу кезеңінде жеткенде ең жоғары деңгейге көтерілуі керек. Жерден көтерілу кезінде жылдамдық төмендемеуі тиіс. Әдетте, жерден серпілу сәті кенеттен жасалған сияқты болып көрінеді. Жерден көтерілу кезінде серпілген аяқ дереу тіктеле жазылып, денені жоғары өрі алға қарай лактырылғандай әсер қалдырады.

Жерден бір аяқпен серпіліс жасаған кезде екінші тізені бүге ілгері сілтенген аяқ жоғары өрі алға қарай бағыттады. Бұл сәтте серпілетін аяқ әлі де артта болады. Бірақ бұл — қас қағымдық сәт. Ол сәл бүгілген қалыптан сілтенген аяққа қарай тез жақындаі береді. Сөйтіп, екі аяқтың тізесі бір деңгейге келіп, кеудеге жақындаиды. Тізе кеудеге жақындаған кезде кеуде тізеге қарай бүгледі. Бұл да — қас қағымдық сәт. Өйткені тізенің кеудеге жақындаған сәтінен тізенің жазылып, аяқтың алға созылу сәті басталады. Осы мезетте жерге түсуге өзірлене бастау керек.

Жерге екі аяқпен бір мезетте түсу керек. Жерге түсер сәтте жерден женіл серпіліс жасау үшін екі табан қатар қалыпқа келеді. Сонда жерге түсу кезінде болатын салмақ екі аяққа тең, бөлінеді. Жерге қатты түспеуге қолдың көп комегі тиеді: жерге түсуге жақындағанда, қол алға аяқтың басына қарай созылады да, кеуденің алға шығуын тездете отырып, дереу кейін әкетіледі. Ұзындыққа секіргендеге, тақтайшадан серпіледі (1, 2-суреттер). Егер тақтайшаның жанынан немесе оны басып өтіп секірсе, онда бұл секіріс есептелінбейді. Өтіп кету серпілу орнын шектеп көрсететін пластилин немесе күм жолағында қалған ізден корінеді. Секіріп жерге түскеннен кейін қатынасушы шұнқырдан алға қарай немесе бір жаққа қарай шығып кетуі қажет. Егер ол артқа қарай шегініп шықса, онда секіру есепте-




1-сурет

лінбейді. Сәтті секірісті төрешінің: «Есепте!» деген пәрменінен кейін өлшейді. Сәтсіз секірісте төрещі тарарапынан: «Ескерілмейді!» деген пәрмені беріледі. Секіру нәтижесі секірушінің кез келген дene мүшесі шұнқырда (күмда) қалдырган жақын мандағы ізінен бастап өлшенеді.

Олшеу серпілетін орынға рулетканы тіке тарту арқылы өлшенеді, бұл ретте ұзындықты өлшептің күралдың (рулетканың) нөлдік белгісі секірушінің түскен жеріне қойылады (2-сурет). Ұзындыққа секірудегі барлық нәтижелер тұтас сантиметрмен анықталады (нәтижені аз жағына дөңгелектей отырып). Әрбір секіруші үш рет қана секіреді. Есепке ең жоғарғы көрсеткіш алынады. Кімнің нәтижесі жоғары болса, сол женімпаз болып есептеледі. Егер екі немесе одан да көп қатынасушылар бірдей нәтиже көрсетсе, онда кейінгі секірулерде кімнің көрсеткіші жақсы болса, сол женімпаз дег танылады.


Биіктікке екпін алыш секіру. Кергінің бастапқы биіктігі неше сантиметр болатындығы жарыс ережесінде жазылады. Жоғарғы көрсеткіш көрсету үшін кергінің биіктігі 1 см сайын көтеріледі. Секіруші бастапқы биіктікten төмен емес, кез келген биіктікten секіруді бастаудына болады. Секіруге алғаш шакырылғанда, спортшы қандай биіктікten секіруді бастайтындықтарын мәлімдеуге құқықты. Екпін алыш жүгіретін жердің ұзындығына шек қойылмайды. Әрбір биіктікке орнатылған кергіден өту үшін үш рет секіруге болады. Егер спортшы белгіленген биіктікten кергіден үш



2-сурет

секірісте де өте алмаса, онда әрі қарай жарысты жалғастыра алмайды. Берілген биіктікten бір немесе екі секіріс сөтсіз болса, онда қалған екі немесе бір байқау әрекетін келесі биіктікте пайдалануға болады. Бір аяқпен ғана серпіліп, кергіден өткенде ғана секіру дұрыс деп есептеледі (3-сурет). Егер кергі секіру кезінде құлап қалса, жарысушы кергінің астынан өтіп кетсе немесе бағанды айналып кетсе, секіру есептелінбейді. Егер секіру сөтті болса, онда аға төреші: «Есепте!» — деп пәрмен береді. Егер секіруші кергіге тиіп кетіп, ол тербеліп тұрса, онда тербелу қашан тоқтағанша, төреші пәрмен беруді кідріте тұрады. Егер секіру сөтсіз болса, төреші: «Есептелінбейді!» не болмаса, «Жоқ!» деген пәрмен береді. Ең жоғарғы биіктікте менгерген қатынасушы женімпаз болып есептеледі. Екі немесе бірнеше қатынасушының нәтижелері тең болса, байқау әрекетін аз жасаған қатынасушы «женімпаз» деп танылады. Егер бұл көрсеткіш те тең болса, алдыңғы биіктіктерде байқау әрекетін аз жасаған қатынасушы женімпаз болады.

Доп лақтыру бойынша жарыстар ережесі. Лақтыруда да екпін алыш жүгіретін жердің ұзындығы шектелмейді. Допты лақтырган спортшының нәтиже өлшепетін сзызықтан аттап өтіп кетуіне болмайды. Допты лақтыру ені 10 метрлік дәлізде жүргізіледі, ол ақ сзызықпен белгіленеді. Жарысқа төрешілер салмағын тексеруден өткізген доп қана колданылады. Төрещінің рүқсатынсыз допты лақтыруға болмайды. Әр қатынасушы допты тек үш рет қана лақтырады. Доп лақтыраннан кейін бақылау сзызығынан өтіп кетсе, төрещінің рүқсатынсыз лақтырылса, дәлізден шы-



3-сурет

бып кетсе, лақтырылған жок деп есептелінеді. Лақтырылу қашыктығы доптың түскен жері мен бақылау сзығының арасындағы тұра қашыктық бойынша өлшеменді. Өлшеу кезінде нәлдік белгі доптың түскен жерінде болады. Нәтиже аз жағына дәнгелектене отырып тұтас сантиметрмен анықталады.

Төрелік сту туралы теориялық мәліметтер тиісті бағдарламалық материалдарды өткенде және арнайы үймадастырылған семинарларда айттылады, сонымен қатар окулықта айтылғандарды пайдалануға болады.


2. Кейбір жарыс мақсатындағы жаттыгуларды менгерудегі іскерлік пен дағдылар

Бұрылыштар бойынша жүгіру. Бұрылыштар бойынша жүгіргенде, кеудені солға-алға қарай енкейтеді; он қол жүгіру бағытына тіке бағытта қозгалады; сол аяқ жерге табанның сыртқы жағымен, ал од аяктың ұшы табанның ішкі жағына сүйене отырып, ішке таман қойылады. Бұрылыштар бойынша жүгіруді менгеру үшін тек бұрылыштармен көп қайтара жүгіріп дағдылануы қажет. Өйткені 200, 400, 800, т.б. үлкен қашыктықтарға жүгіргенде, бұрылыштармен жүгірудің нәтижеге өсері зор.

Эстафеталарды беру. Эстафета таяқшасын алдыңғы (қабылдаушы) жүгірушінің он қолына теменнен он немесе сол қолымен береді (4-сурет). Таяқшаны беру үш сзықтан тұрады: 20 м қашыктықта қабылдаушы тұратын сөрелік, беруші кесіп отетін сзық, қабылдаушы жүгіре бастайтын аралық (гандикаптық) және соңғы берушіден эстафета таяқшасын қабылдап алмайынша қабылдаушының отіп кете алмайтын шектеулі сзығы. Міндет мынада: қабылдаушы эстафета таяқшасын беру аймағында елеулі шашаңдыққа жеткенде ғана қабылданалуы керек.

Таяқшаны беруді үйрену үшін мынадай жаттыгулар орындалады:

1. Орнында тұрып таяқшаны беруді үйрену. Оқушылар екі-үш лекке тұрады, «бір-екі»-ге санап, есеп жүргізеді. Артта тұрушы таяқшаны он (сол) қолына алады. Бірінші нөмірлердің бәрі он қолдарын артқа жіберіп, алақандарын жаяды. Артта тұрган оқушы белгі беріп, алда тұрган оқушының қолына таяқшаны ұстаратады, ол өз кезегінде келесі балаға береді. Таяқша бастаушыға жет-



4-сурет

кеннен кейін барлығы да бір мезгілде кейін бұрылады және таяқшаны беру кері бағытта басталады.

2. Бұл да сондай, бірак жүріс кезінде орындалады.
3. Бұл да сондай, тек баяу жүгіріс кезінде атқарылады.
4. Оқушылар жанындағы жүгіру жолдарының санына қарай командаларға бөлінеді. Беру аймақтары сзылауды. Өр команда өздігінен жаттығады.
5. Эстафеталық жүгіруден жарыс откізіледі.

Елеулі қателер: кедергілер алабында орындалатын элементтердің бірінің орындалмауы; қозғалыс қымылдары техникасының бұзылуы.

Көп кездесетін қателер: таяқшаның ортасынан ұстau; эстафетаны қабылдаушының таяқты қолынан түсіруi; эстафетаны беруге дейін таяқшаны берушінің жүгіріс шапшандығын баяулатуы; беру аймағында сөре сзығының тиімсіз орналасуы; эстафетаны бергеннен кейін жолдан шығып кету (ережені бұзған команда жарыстан шыгарылады). Кателіктерді жоғарыда айттылған жаттыгуларды үйрену кезінде жоюға болады.


Ер балалар үшін кедергілер: сөреден шығу; 20 м жүгіру; ені 2 м-лік ордан қарғу; бөрененің үстімен жүгіру; үш сзықтан тұратын биіктігі 1,5 м қорғаннан (шарбактан) кеудені тіреліп қойылған биіктігі 2 м-лік басқышпен жүгіру; секіріп түсіп, кері бағытта 30 м жүгіру.

Барлық кедергілерден өту алдыңғы сыйныптардың бағдарлама материалдарынан таныс. Басқышпен жүгірудің ғана ерекшелігі бар. Бұл элементке үйрену басқыштың ең кіш бұрышын 2 м-лік қорғаның билктігіне дейін бірте-бірте арттыруға келіп саяды. Кедергілерден өтуді жетілдіруде әрбір катысушы өзінін мүмкіндігіне байланысты кедергілерден өту жаттығуларын қайталауы туіс (5-сурет).

Жарақаттанбас үшін кедергілерді (бөрененің үстіңгі бетінің құрғақ болуы, дуалдың берік болуы), снарядтар мен түсетін жердегі басқышты даярлау қажет. Бөренемен жүгіргенде және дуалдан өтерде ете мүқият болу керек. Ілғалды ауа райында бөренемен жүгіруге болмайды.

Жеке екпін ала отырып, спорттық тәсілмен ұзындыққа секіру. Жеке екпін алғып жүгіруді 13—22 метрлік белгіден бастайды. Екпін алуды бар екпінмен орындағ, серпілуді қолайлы жерден жасау керек. Серпілетін жерге жетпей немесе бақылау сызығынан асып кетсе, онда жүгірудің бастапқы белгісін ілгері немесе кейін жылжытуға болады. Осы жаттығуды қайталау арқылы серпілетін орынға тұрақты түрде түсуге кол жеткізіледі. Содан кейін жүгіру жолының ұзындығын рулеткамен немесе табан санымен өлшейді. Келесі сабактарда екпін алудың белгіленген жерінен жүгіріп, секіруді жалғастырады. Екпін алатын жердің қашықтығы ауа райы және секірушінің жағдайына байланысты өзгеруі де мүмкін.

Әрбір ретте тиісті қадамдардың арасын бірдей ете отырып бір шапшаңдықпен жүгіргенде ғана серпілетін орынға дәл түсуге болады. Бақылау белгісін (сызығын) басып кетпес үшін бақылау сызығына 7—9 қадам сайын тиісті белгілерді қою ұсынылады.



5-сурет

Секіруді 15—20 рет қайталау керек. Дәрігерлік даярлық тобындағы немесе науқасынан жаңа айыққан оқушыларды мұндай секірулерден босату немесе жаттығулар салын азайту қажет.

Жарақаттың алдын алу үшін секіретін шұнқырды жақсылап қосытып, өткір, ушкір заттардан тазарту керек, оқушылардың аяқкиімі топырақпен жақсы ұстасатындей болуы керек.

Жеке екпін ала отырып, спорттық тәсілмен биіктікке секіру, жаттығуларды тандап алу, жарақаттың алдын алу шаралары және іскерлікті менгеруді бағалау жүгіріп келіп ұзындыққа секіруге үқсас.


Кіші допты лақтыру. Ені 10 м дәліз бойынша кіші доп лақтыруды негізгі назар ұзындығы 8—10 м қашықтықтан жеке екпін алғып жүгіретін жерді тандап алуға, шапшаңдығын арттыруға, лақтырудың негізгі элементтерін жетілдіруге аударылады. 10 м-лік дәліз бойынша допты лақтыру білділтілігін менгеру үшін әртүрлі нысаналар мен бағыттар бойынша лақтыру жаттығулары қолданылады. Дәліздің ені бастапқыда 20 м-лік етіп алғынып, ол біртебірте 3 м-ге дейін азайтылады. Жүгіру шапшаңдығын (баяу жүгірістен жоғарғы шапшаңдыққа дейін), оның қашықтығын (3 қадамнан 20 қадамға дейін), доптың салмағын (200 г-ға дейін), нысанага дейінгі қашықтықты (10 м-ден 20 м-ге дейін) өзгертуге болады.

Осылардың әрқайсысының қайталау саны 25—35 ретке дейін жеткізіледі.

Даярлық тобындағы немесе науқасынан жаңа айыққан оқушыларға ауырлық түсірмеу үшін екпін алудың ұзындығын азайтады немесе жаттығуларды бір орында тұрыптақ арындаиды.

Жарақат алғып қалмау үшін доптарды мұғалімнің рұқсаты бойынша тек бір бағытқа ғана лақтыру керек. Допты лақтырганда, еркін және тез сілтеуді қалыптастыруға тырысу керек.

Ядроны серпу. Ядроның салмағы: ерлер үшін ядроның салмағы — 7 кг 257 г, әйелдер үшін ядроның салмағы — 4 кг. Балалар үшін салмақ азайтылады. Ядроны шенберде тұрып итеріп, серпіл лақтырады. Шенбердің бұрыш мөлшері — 60°С. Ядроны бір орында тұрып та, адымдан та лақтырады (6-сурет). Ядро серпілетін шенбердің диаметрі 2 м 13,5 см болады. Ядроны серпіген кезде шенбердің ал-



6-сурет

дыңғы бөлігінің ортасында осы шеңберді жауып тұратын ақ түске боялған көртпе ағаш орнатылады. Бұл құмылдың әрекетін шектейді. Көртпе ағаштың биіктігі — 10 см, ал ішкі жақ шетінің ұзындығы 1 м 22 см болуы керек.

Көртпе ағаштың ішкі жақ шеті шеңбердің ішкі жақ шетімен түйісіп жатуы керек. Көртпе ағаш кішкентай қа-зықты жерге қағу арқылы орнатылады. Диаметрдің сыртқы жағына лақтыру бағытына перпендикуляр етіп шеңбердің екі жағынан да бояумен, әрбіреуінің ұзындығы 20—30 см екі сзызық («мұрттар») сызылып койылады.

Ойынга катынасушылар мен ойын көрушілер лақтырудың нәтижесін жақсы бағдарлау үшін қашықтықты көрсететін бірқатар доға сзызықтар (сектор) сызылады. Доға сзызықтардың ұзындығы 6—7 м-ден 14—15 м-ге дейін, әрбір метрден кейін сзызылады. Ядроны серпу үшін 18×15 м көлемдегі алаң жеткілікті. Серпудің нәтижесі тек ядро сектордың ішіне түскенде ғана саналады.

Найза лақтыру шеңберден емес, ені 7 м ағаш тақтайда өткізіледі. Найзаны лақтырган кезде оның ұшу бағыты тиісті сектордың аумағымен шектеледі, ал граната және доп лақтырган кезде дөлізben шектеледі.

Найза — дәл ортасы жіппен оралған металл снаряд. Ерлер үшін найзаның салмағы — 800 г, ұзындығы — 280 см,


ал әйелдер үшін найзаның салмағы — 600 г, ұзындығы — 220—230 см.

Найзаны ертеде аң аулау үшін қолданғаны белгілі.

Ұлы Гомердің «Илиада» жырында ежелгі гректердің найзаны қашықтыққа және нысанага лақтыру жарыстары суреттелген. Найза лақтыру бессайыс бағдарламасы бойынша б.з.д. 708 жылы олимпиадалық ойындарға кіргізілген. 1886 жылы Швецияда найза лақтырудан казіргі заманғы алғашқы жарыс өтті. Бұл жарыста А. Вигерт найзаны 35,81 м-ге лақтырган. 1906 жылы Олимпиаданың жаңа бағдарламасына бірінші рет найза лақтыру енгізілді. 1908 жылы найза лақтыру техникасы заңдастырылды. Онда найза лақтыруышының жүгіріп екпін алу қашықтығына шек қою токтатылды. 1912 жылы найза лақтырудан бірінші дүниежүзілік рекорданықталды. Э. Лундквист дүниежүзінде алғаш рет найзаны 78,01 м-ге лақтырды.

Найза лақтырудың техникасы. Әдетте, найзаны бас бармақ және сүк саусақпен немесе бас бармақ және ортаңғы саусақпен үстайды. Ал қалған саусактар найзаны үстауга комектеседі. Бұл кезде найзаның сабы алаканда қигаш жатады. Бас бармақ пен ортаңғы саусак шетіне тіреледі. Ортаңғы саусак басқаларынан ұзынырақ және әлдірек. Сондықтан ол лақтырылудың жақсаруын қамтамасыз етеді. Найзаны үстаған кезде дененің буындарын катты үстауга болмайды, ейткені найзаның айналысы азаяды. Екпін алу кезінде найза иықтан жоғары үсталады. Бұл кезде найзаның артқы ұшы төменге қарай бағытталады. Сол қол бұл уақытта әдеттегі жүгірістегідей жұмыс істейді, он қол найзамен тербелмелі қозғалыс жасайды. Лақтыру белгісіне жеткеннен кейін найзаны толық туралап және екпінді баулаттай лақтыру қажет. Бағыттау соңғы екі адымнан турады. Ол он аяктың адымынан басталады. Лақтыруыш иығын онға бурады және иықтың бойымен найза үстаған қол түзеледі. Бұл уақытта найза иықтың денгейінен төмен түсірілмейді. Кол мен кеуденің арасындағы бұрыш 90°-ты құрайды (7-сурет).

Лақтыруышының көзі алға, жоғары бағытталады, найзаның ұшы көз деңгейінде болады. Жылдамдықты сақтау үшін денені тік үстау керек. Дене қисайған кезде жылдамдық төмендейді.



7-сурет

Найза, граната немесе доп лақтырған кезде жүгіріп келетін жолдың ұзындығы 25 м-ден кем болмайды, ал оның ені 1 м 25 см болу керек. Ең соңғы 5—6 м-де жол 4 м-ге дейін көңейтіледі.

Төменде келтіріліп отырган кестеде әртүрлі жастағы қатысушылар үшін лақтырылатын снарядтың салмағы беріліп отыр.

2-кесте

Қатысушылар	диск (кг)	ядро (кг)	найза (г)	граната (г)
1. 13—14 жастағы ер және қыз балалар	1	4	600	500
2. 15—16 жастағы жасоспірімдер	1,5	5	600	500
3. 15—16 жастағы қыз балалар	1	4	600	500
4. 17—18 жастағы ер балалар	2	7,257	800	700
5. 17—18 жастағы қыз балалар	1	4	600	700

Козгалыс қасиеттерін дамыту. Шыдамдылықты дамыту үшін, шамамен төмендегідей жаттығулар пайдаланылады. Баяу жүгіріс: қыз балалар 5 мин-қа дейін, ер балалар 8 мин-қа дейін. Қайталап жүгіру: қыз балалар — 60 м

(4—6 рет), ер балалар — 80—100 м (4—6 рет). Секіртпемен бір орында секіру: қыз балалар — 1 мин-та 130—135 рет, ер балалар — 1 мин-та 135—145 рет. Секіру уақыты — қыз балаларға 2 мин-қа дейін, ер балаларға 3 мин-қа дейін. Әрбір екі жаттығудан кейін 10—15 секундқа арттырып отыруға болады.

Шашаңдық, қыштілік қасиеттерін дамыту: 1—2 минутық аралық үзіліс жасап, әдеттегі қарқынмен ұзындыққа және биіктікке екпін алып секіру (15—20 рет); кіші доптарды қашықтыққа лақтыру және қабырғадан шоршытып лақтыру (20—40 рет); 1—3 кг-дық (іші нығыздалған) доптарды лақтыру (10—20 рет); 10—20 м-ге секірулерді ара-ластирып жүгіру (4—6 рет); екі аяқты алмастырып секіру (20—40 рет).

Шашаңдықты арттыру: 20—40 м-ге 6—8 рет қайталарап жүгіру; шашаңдықты үдеп, 60—100 м-ге жүгіру; қашықтығы 60—100 м-лік кезендер (этаптар) болатын эстафета өткізу; 2—4 кедергілерден өтіп эстафеталық жүгіру.

Дөрігерлік даярлық тобында есепте тұратын және дәл сол кезде сырқаттанып тұрған оқушылар денеге түсетін ауырлық күшті 50%-ға дейін азайтуларына болады. Қайталарап секіру мен жүгіруді жаттығу барысынан шығарып тастауға болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1. Женіл атлетикалық жаттығуларды атаңдар. Олар неше түрге бөлінеді?
- 2. Женіл атлетиканың ең көп кездесетін түрлерін атаңдар.
- △ 3. Жарыс кезінде өзге балалардың қатарласып жүгірулеріне бола ма?
- △ 4. Секірулер кезінде жүгіріп екпін алатын жердің ұзындығы шектеле меші?
- 5. Қандай ережелерді бұзғанда секірулер есептелмейді?
- 6. Кедергілерден жүгіру кезінде кедергінің жаңымен және кедергіден тыс жерлермен жүгіріп кетуге бола ма?
- △ 7. Әртүрлі биіктікке қойылған кергіден өту үшін неше рет секіруге болады?

Есте сақтаңдар!

1. Снарядтарды тек бір бағытқа, онда да мұғалімнің рүқсатымен лақтыру керек.
2. Сөреден жүгіріп шығу ережесін екі рет бұзған жүгіруші жарыс жолынан шығарылады.

3. Снарядты (доп, наиза, ядро, граната, диск) қарама-қарсы тұрып лақтыруға болмайды.
4. Жүгіру жолында бәсекелестерге кедергі келтіруге болмайды.
5. Женіл атлетикалық сабактарда қауіпсіздік ережелерін сақтаңдар.

3. Дала жарысы (кросс)

«Спорт падишасы» атанған женіл атлетиканың бір түрі — кросс.

Мектептегі деңе тәрбиесінің бағдарламасы бойынша климат жағдайына байланысты шаңғы даярлығымен, конькимен айналысуға мүмкіндігі жоқ жерлерде кросспен айналысу қарастырылады.

Оқушылар дала жарысының организмге қаншалықты өсер ететінін білуі қажет. «Жүгіруші аяғымен ғана жүгіріп қоймайды, жүргігімен және өкпесімен де соншалықты жүгіреді» деген сөз бар. Бұл шындығында да солай. Организмді оттекпен қамтамасыз ету үшін жүрек пен өкпеге көп жұмыс жасауга тұра келеді.

Кросспен айналысу төзімділікті қалыптастырады, шыдамдылықта тәрбиелейді, күнделікті тіршілік үшін, оқу үшін, спорт үшін, болашақта өскер қатарында қызмет ету үшін өте маңызды ерік-жігерді дамытады.

Әрбір оқушы жүгіру барысында, өсіреле күз бен қыста өзінің көніл күйіне назар аударуы қажет. Тіпті салқын тиіп, женіл сырқаттанғаның өзі организмнің науқасқа қарсылығын төмөндөтеді.

Дала жарысы дегеніміз — табиги ойлы-қырлы жермен жүгіру. Жүгіргендегі мыналар есте болу керек: шебі жоқ тегіс жермен (сокпақпен, жолмен) жүгіргендеге, тәменгі сыныптарда айтылғандай тәсілдермен жүгіру қажет. Қатты жerde, мысалы, асфальтты жолда жүгірумен көп айналысқанда, сирақ еттерінің ауырғаны білінеді. Қатты жолда жүгіру жалпақ табанды балалар үшін киын. Сол себепті, жүгірудің көп бөлігін онша қатты емес жерде өткізу керек. Бұлшық еттер мен буындарға артық күш түссе, мұның өзі елеулі ауруға себепші болады. Қашықтықта кездесетін түрлі табиги кедергілерден өтерде өте мұқият болу қажет. Аяқ жерге сәтсіз тисе, тізе буындарының, тобықтың закымдануы немесе өзге де жарақаттар алыш қалуы мүмкін. Қалың шөп өскен жермен жүгіргендеге, аяқты шұңқырға, тесікке тығып алmas үшін жолға мұқият қарау керек. Дененің тұракты

қалпын сактау үшін аяқты өкшеден басып, ұшына қарай аудару қажет. Қалай болғанда да аяқты жерге тырпылдастып баспай, жұмсақ басу керек.

Қыратқа, дөннің баурайына көтерілерде, аяқтың ұшымен жүгіреді, қеудені ілгері еңкейтеді. Қол қозгалысқа белсенді турде көмек беруі керек, қозгалыс кезінде оны ілгері жоғары ұмысындырады (8-сурет). Тік беткейге жүгіріп шығу киын, сондықтан да жүріске ауысып және тіке немесе қигаш жүрген дұрыс. Қыраттан түсерде шашандық жылдам артады, алайда оны азайту қажет, ейткені күшті екпін алғанда, аяқ терең-тәндікті сақтай алмай, жүгіруші құлауы мүмкін. Мұндайда қеудені кейін шалқайтқан дұрыс (9-сурет). Тіп-тік қырдан жүгірмей түсken жақсы. Қыраттан немесе тіктеу қырдан шашандықты азайтпай-ақ түсуге болады, бірақ адым қысқа болсын. Баурайдағы тегістөу жерден жүгіріп түсуді екпін алу үшін пайдалануға болады. Қыраттан түсерде аяқты өкшемен басу қажет. Биік өскен шөптің бетімен жүгіргендеге, аяқты жоғары көтереді, терең емес судан өткенде де осылай, тек адымның арасын шағын етіп жүгіру керек. Терендеу судан адымдалап, жай жүріп өту керек.

Жолшыбай кездесетін онша енді емес ордан (ені 1,5 м дейінгі) секіріп өткен дұрыс. Ордың екінші жағына шыққаннан кейін кідірместен одан әрі жүгіре беру керек.

Осындай әдіспен жолшыбай құлап жатқан ағаштардан да аттап өтуге болады. Өте жуан ағаштардың үстінен басып өтеді (10-сурет).

Жүгірудің бастапкы кезеңінде аяқтың ұшымен жүгіру үсынылады. Бірақ жүгірушілердің көшпілігі, әдетте, тольық-



8-сурет

9-сурет

10-сурет



11-сурет

тай табанмен жүгіреді. Тек қана даярлығы ете жақсы жүгірушілер ғана кростын барлық қашықтығын аяқтын ұшымен жүгіруге қабілетті. Жерге түйісу кезінде аяқ тұзу жағдайда болады (немесе тізеден шамалы ғана бүгіледі).

Қозгалыс шапшандығы жүгіру адымдарының ұзындығына және жүгірудің екпініне байланысты. *Қозгалыс екпіні* — бұл 1 мин-тағы қозгалыстың саны. Шапшандықты арттыру қажет болса, адым кеңдігі мен екпінді арттыру керек.

Қыздырыну жаттығулары жеткіліксіз жасалса, бастапқы шапшандықта организмнің толықтай жұмысқа қосылуын қынданады.

9-сынып оқушыларына бағдарлама бойынша дала жағрысының жогарыда айтылған техникасын толық менгеруі үшін бастапқы кезде тегіс жерде 400—600 м бірқалыпты жүгіру, кейін уақыт есептеп, 1200—1800 м қашықтыққа жүгіру ұсынылады.

Кроска жоғарғы сөреден жүгіріп шығады (11-сурет).

Бірқалыпты жүгіруге дағдылана білген жөн. Осылай жүгіргендегі, жүрек пен екпе қалыпты ыргақта жұмыс жасайды.

Жаттығуга қызығушылықты арттыру мақсатында дала жағрысына дайындықты өртурлі ойын түрінде өткізген пайдалы.

Жүгіріс кезінде үйлесімділікті жетілдіру үшін төмендегідей жаттығуларды дайындық кезінде жасаған жөн:

- 1) тізені жоғары көтеріп жүгіру;
- 2) кібіртікеп жүгіру;
- 3) жүгіріс кезіндегідей қолмен сілтеу қимылдарын жасау;
- 4) сиракты артқа қарай сілтеп жүгіру. Бұл жаттығуга секіртпені пайдаланған дұрыс;
- 5) басқышпен жүгіру;
- 6) ылдига қарай жүгіру;
- 7) секіріп жүгіру, көп қайтара ыршып секіру;
- 8) шалқалап жатып, жауырында тұрып немесе денені қолмен үстап тұрып аяқпен жүгіру қимылдарын жасау;
- 9) шарбаққа, ағашқа тіреліп тұрып, бір орында жоғары шапшандықпен жүгіру.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1. Дала жарысы легеніміз не?
- 2. Дала жарысы организмнің қай мүшесіне елеулі күш түсіреді?
- 3. Қозгалыс шапшандығы неге байланысты?
- △ 4. Қыратқа, дөнге қарай шыққанда қалай жүгіру керек?
- 5. Неліктен бірқалыпты жүгірген дұрыс?
- 6. Дала жарысының әдісін жақсы менгеру үшін бастапқы кезде орташа қашықтыққа жүгіріп үйреніндер.
- 7. Қыздырыну және жүгірудің бастапқы кезінде онтайлы екпін мен адым ұзындығын дұрыс анықтап алындар.

Есте сақтаңдар!

1. Шебі қалың өскен жермен жүгіргендеге, жүгіру жолына қарап отырындар.
2. Беткейден жүгіріп түскенде денені біраз шалқайтып, екпінді аздал тежеу керектігін есте ұстаңдар.
3. Жүгірудің көп бөлігін жұмсақ жерде өткізуге тырысындар.

III тарау. СПОРТ ЖӘНЕ ҚОЗҒАЛЫС ОЙЫНДАРЫ

1. Баскетбол

Спорт түрлерінің ішіндегі бірден-бір көп тараган атлетикалық спорттық ойын — баскетбол. Баскетбол ойыны барысында спортшы күшті, жылдам, епті болуга, киын жағдайда тез шешім қабылдай алатында алғырылыққа тәрбие-ленеді. Баскетболшыларда көзben мөлшерлей білу және көздің көргіштігі жақсы жетіледі. Пайда болған уақытынан бері (1891, АҚШ) баскетболға көп өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Төрелік ету мен жарыс ережелері толықтырылып, ойын тактикасы мен техникасы жетілдірілді.

Баскетболды әрқайсысында 5 ойыншысы бар екі команда ойнайды. Өр команданың мақсаты — қарсыластың шығыршығына доп салу және екінші команданың оны өз шығыршықтарына салуына кедергі келтіру. Ойын уақыты аяқталған кезде көп үпай жинаған команда жеңімпаз болып есептеледі.

Ойын алаңының көлемі сзықтарды шектейтін ішкі қырдан бастап өлшегенде, ұзындығы 28 м, ені 15 м болады. Ол беті тегіс, катты болуы тиіс және онда кедергі келтіретіндей еш нәрсе болмауы қажет. Шығыршық көлемі 180×120 см-лік қалқан бағанадан 120 см қашықтықта бекітіледі.

Барлық белгі сзықтар бір түсті бояумен (мүмкіндігінше ақ) боялуы керек. Кез келген кедергі (команда мушелері отыратын орындықты қоса есептегенде) ойын алаңынан кемі 2 м қашықтықта болуы тиіс.

Ортадағы сзық буйірдегі сзықтың ортасынан жақтау сзыққа параллель жүргізіледі. Ол екі буйірдегі сзықтан 15 см шығып тұруы керек.

Ойын алаңының ортасында радиусы 1,8 м шенбер болады.

Айып добын лактыру сзығы өрбір жақтау сзығына параллель сзыллады. Оның ең шеті жақтау сзықтың ішкі қырынан 5,8 м қашықтықта, ал оның ұзындығы 3,6 м болу керек.

Ойынның ережесі. Өр команданың бес ойыншысы ойын уақытында алаңда болуы тиіс және олар кез келген уақытта алмастырылуы мүмкін.

Ойын әрқайсысы 10 минуттық 4 кезеңнен тұрады. Бірінші және екінші кезеңнің (бірінші жартысы), үшінші және төртінші кезеңнің арасындағы және өрбір қосымша кезеңнің алдындағы үзілістің ұзактығы 2 минутты құрайды.

Ойынның бірінші және екінші жартысының арасындағы үзіліс — 15 мин.

Төртінші кезеңдегі ойын уақытының аяқталуында есеп тепе-тәң болса, онда есептің тепе-тәндігін жоюға қажетті ұзактығы 5 минуттан қосымша кезеңдерге дейін ойын жалғаса береді.

Казіргі баскетбол — жылдамдық пен ептілікті көп қажет ететін ойын. Оған дәлел — баскетболдағы күтпеген жағдайдағы ұмтылыс, күшті жылдамдықпен жүгіріп келе жатып кілт тоқтау және ойын кезінде жақын қашықтықта өте жылдам жүгіру, жалт бұрылу. Баскетболшы ойынның 40 минут уақытында көп мөлшердегі секірулер мен түрлі лактыру қимылдарын жасайды. Жүгіру мен секірулердің ерекшеліктері лактыру аланының көлеміне қатысты емес. Баскетбол ойыны кезінде ойыншылар қысқа мерзімде түрлі қимылдар жасайды және қажет болған жағдайда бір калыптан екінші қалыпқа тез аудасады, бұлардың бәрі қарсы ойыншылардың қимылдарына байланысты болып келеді. Түрлі қимыл-қозғалыстар өсерінен денеге түсетін күшке байланысты ішкі ағзалардың жетіліуіне ықпал етеді (дем алу, қан айналымы, т.б.). Қозғалыстар бірте-бірте дәл және нақты болады. Бұлшық ет күштері өседі, дененің дұрыс калыпта өсіп жетіліуіне жағдай жасалады.

Ойын барысындағы түрлі қимылдар тек қана спортшы өз еркімен шешім қабылдап, ойын ыңғайына байланысты жедел іс-өрекет жасай білгенде ғана жузеге асады. Ол үшін ойын жағдайына дұрыс назар аудара білу, қалыптасқан жағдайды тез аңғару және оны есте сақтай білу қажет. Баскетбол техникасын үйренуде және оған жаттығуда мектеп оқушылары баскетбол ойынның техникасы мен тактикасын үйренип қана қоймайды, сонымен бірге дене даярлығының деңгейін біршама жоғарылатады.

Баскетбол сабагындағы қауіпсіздік ережелері. Баскетбол — бәсекелестік ойын, ойткені спорттық сайыс кезінде қарсыластар бір-бірімен бәсекеге түседі. Даирлыштың аздығы түрлі жаракаттарға әкеліп соқтырады: саусақты қайырып алу, буынды созып алу, т.б. Жаракаттардың алдын алу үшін төмендегідей жағдайларды есте сақтаған жөн:

- мұғалімнің рүқсатынсыз немесе мұғалімсіз доптен залға кіруге болмайды;
- баскетбол қалқанының астында отыруға болмайды;
- допты қағып аларда бас бармақты долқа қарсы бағыттауға болмайды;
- ойнанылардың ойын кезінде бір-бірін ұстаудына, дөрекі қылық жасаудына жол берілмейді;
- жаттығуларды орындауды ұйымдастыруды барысында қойылатын бірыңғай талаптарды қатаң орындау керек: сапқа туру, сапты өзгерту, қарсы кимылдар мен жеке бәсекелестік мөлшері, т.б.;
- алдын ала қыздырыну жаттығуларынсыз, өсіреле жаттығулар арасындағы көп уақыттық үзілістен кейін доптен жылдамдық жаттығуларына кірісуге болмайды;
- сабак басталар алдында оқушылар алқа, сақина, сагат, сырға, т.б. жаракат алуга мүмкіндік тудыратын заттарды шешуі, қыз балалар шаштарын түүі қажет. Қауіпсіздікті сақтау үшін дене тәрбиесін сабагына арнайы спорт киімдерімен ғана қатысу қажет.

Дағдыны қалыптастырудың ариалған жаттығулар (орын ауыстыруды техникасы). Баскетболшыға орын ауыстыруды үшін жүрү, жүгіру, жанымен жүрү, секіру, тоқтау және әртүрлі бұрыльстар жаттығуларын орындау қажет. Жаттығулардың бұл түрлері допты дұрыс бере білу және шығыршықта допты тастаудың мақсатында қолданылады.

Жүгіруді жетілдіру үшін тез жүгіру, артқа қарай жүгіру, бағытты тез өзгертіп жүгіру және жылдам жүгірудерді үйрену қажет болатындығын есте сақтаған жән. Осы мақсатта өрдайым мынадай жаттығулар қолданылады:

- тұра жүгіру барысында аяқтың ұшымен итерілуді қадағалау;
- бір орнында тұрып жүгіруден әртүрлі қашықтыққа жүгірге ауысу;
- бір аяктан екінші аяққа секіруге ауысу арқылы жүгіру (белгілі жерге дейін), содан соң белгіленген межеге дейін жай жүгіру;
- сөреден 10—15 м-ге қайталап жүгіру;
- жай жүгіруден жылдам жүгірге ауысу;
- әдеттегі жүгіристен артқа қарай жүгірге ауысу;
- белгілі жерге дейін жүгіріс түрін және жылдамдықты өзгертіп жүгіру.

Бүйірге қарай жүрү, жүгіру тәп-тәндікті сақтай отырып, қозғалыс бағытын тез арада өзгерту үшін қолданылады. Бүйірге қарай жүрү, жүгіру әрқашанда қорғаныс ойынында қолданылады, себебі бұл тәсіл шабуылдаушының бағытына қарай қозғалуға және қарсы кимылдар жасағанда, доптан айырылып қалмау үшін өте қолайлы. Ең біріншіден, ол жанына және артқа орын ауыстыруды үшін көп қолданылады.

Секірулер баскетбол ойынындағы барлық әдіс-тәсілдерді орындау үшін қолданылады. Секірулер бір немесе екі аяқпен серпілу арқылы бір орында немесе қозғалыста орындалады.

Баскетболда кең көлемде тараган секірудің бір түрі — қозғалыста бір аяқпен серпілу, өсіреле секірудің бұл түрі допты беруде, лактырудың көп пайдаланылады.

Секірулердің жетілдіруды үшін қолданылатын жаттығулар:

- орнында тұрып жогары секіру, жогары-алға, жогары-артқа, жогары-бүйірге 90°С және 180°С бұрыла секіру;
- белгіленген межеге жету үшін қолданылатын биікке секірулердің көбірек орындау;
- терендікке секіру;
- секіртпемен секіру және гимнастикалық орындықтан асып тусу үшін бір немесе екі аяқпен секіру;
- жүгіріп келіп бір аяқпен серпіле секіру.

Жүгірісті тез арада тоқтату арқылы ойнаның қарсыласының алдынан ешқандай кедергісіз өтүге өзіне қолайлы тәсілді қолдана алады. Дұрыс әрі тез тоқтау соңғы адымының алдыңғы адымнан кең қойылуына байланысты. Жерге тірелген аяқ сөл бүгіліп, алға көтерілген аяқ ишкендігіндей қашықтықта бүйірге қойылады. Ойнан барысында тоқтау күтпеген жағдайда немесе ойнаның алдын ала таңдаған жерінде орындалады.

Кілт тоқтауды жетілдіруды үшін орындалатын жаттығулар:

- жүгіру барысында күтпеген жағдайдағы тоқтау;
- тоқтағаннан кейін кенет алға үмтүлу және қайтадан тоқтау;
- секіруден кейінгі немесе допты алып жүрген кездегі тоқтау.

Межелі жерге жетуді қысқарту, қарсыласының қарсы әдіс-кимылдарынан құтылу, бағытты өзгерту және қарсы-

ластан допты жабу үшін бұрылу әдістері қолданылады. Ойыншының бұрылыстағы қозғалысы циркульдің қозғалысна үқсайды. Тірелетін аяқтың үшін орнынан қозғалмайды, екінші аяқ әртүрлі бағыттан адымдар жасайды. Бұл әдіс қын емес, бірақ ол үнемі дамытуды қажет етеді. Мұны мынадай жаттығулармен жетілдіруге болады:

- баскетболшы бастапқы қалыпта тұрып, өз еркімен алға және артқа бұрылыстар жасау;
- дәл осында, бірақ бұрылысты көру арқылы жасау;
- жүппен орындау; шенберде бірінші ойыншы екінші ойыншының алдына тоқтайды да, артқа бұрылады, екінші ойыншы орында тұрады, бірінші ойыншы әрі қарай жаттығуды жалғастырады;
- екі қатармен арнайы белгіленген жерге дейін жүгіріп барып тоқтау, артқа бұрылу, алға қарай бұрылу, жүгірісті әрі қарай жалғастыру;
- жүппен орындау (біреуі доппен, екіншісі қорғаныста): добы бар ойыншы бұрылуды орындау арқылы допты қорғаушыға бермеу үшін жабады, қорғаушының міндеті — допты тартып алу;
- шығыршықтан кері қайтқан допты артқа бұрылу барысында үстаяу және арнайы белгіленген жерге дейін допты алып журу және беру.

Ойын техникасы. Шабуылды жүзеге асыру үшін допка ие болу қажет. Осында мақсатта мына әдістер қолданылады: допты үстаяу, оны беру, алып журу және шығыршыққа тастау.

Допты үстаяу. Допты бір және екі қолмен үстаяуга болады. Допты дәл үстаяу үшін қолды алға созу керек. Үшып келе жатқан доп қолмен түйіскен кезінде қол сәл бүгіледі. Бір қолмен допты үстаяу барысында қолдың саусақтары ашылып, алға созылады.

Ойын барысында әртүрлі биіктікте үшып келе жатқан допты үстаяушының дene қалпына байланысты. Бұл жағдайда қозғалыстың алгаушы болігі гана өзгереді (үшып келе жатқан доптың бағытына байланысты қолды созу).

Допты үстайды және қолды ұсыну қалпын тексеру төмендегідей жаттығулар арқылы жүзеге асырылады:

- бастапқы қалыпта тұру қалпынан жылдам отырып, жерде жатқан допты екі алақанмен үстап, қайтадан бастапқы қалыпқа келу. Түрегеліп тұрып допты алақанмен бірге әрі-бері қозғау;

- бұл да осында, бастапқы қалыпта тұрып допты жерге тастау, еденнен шоршыған допты қайта үстаяу;
- допты жогары лақтырып, қайта үстаяу;
- қарама-қарсы тұрган ойыншының лақтырган добын немесе кабыргадан қайтқан допты үстаяу.

Допты беру — негізгі әдіс. Допты дәл әрі тұра беру командаңың жақсы ойнауына көп әсер етеді. Допты беру оның бастапқы қалпына байланысты бөлінеді:


- кеудеден беру;
- төменнен беру.

Бастапқы қалыптың әрқайсысы екі қолмен және бір қолмен беру арқылы орындалады. Қазіргі баскетболда допты берудің кең тараған түрлері — кеудеден екі қолмен және иықтан бір қолмен беру. Бұл беруде допты дәл, тұра, әртүрлі қашықтықтан жеткілікті шамадағы күшпен беруге болады. Допты бұлай беруді жетілдіру үшін мыналарды есте сактаған жөн.

Екі қолмен кеудеден беру. Допты кеуде тұсында үстайды, шынтақ томенде. Қолды алға сермеуіне байланысты доп алға қарай ұшады, осылай беру қолдың толық түзелуімен аяқталады (12-сурет).

Бір қолмен иықтан беру. Бастапқы қалыпта доп иық деңгейіндегі екі қолдың біреуінің алақанында, шынтақтан бұгулі тұрган қолда үсталады. Қолды алға қарай созу арқылы доп лақтырылады да, алақанның қимылымен аяқталады. Осылай допты берудегі жетілдіру мынадай жаттығулар арқылы жүзеге асады:

- екі қатарда тұрып, допты бір-біріне бір адым жасау арқылы беру;



12-сурет

үйрену; ойын кезінде туындастын тактикалық міндеттерді ізденіспен шешу үшін, ойынды жүргізу мен әрекеттер жасаудың негізгі жүйелерімен танысу.

Ойынды тактикалық үйренуде төмендегідей реттілік сакталады: алдымен жеке тактикалық іс-әрекеттерді игеру, содан соң екі-үш ойыншының өзара топтық іс-әрекеті және командалық іс-кимылдарды үйрену. Осыған байланысты ойынның осы жүйесі үшін жеке және топтық әрекеттерге тән қимылдар нақтыланады.

Ойын тактикасын мәңгеру үшін қорғаныс пен шабуылдың екі жақты өзара іс-кимылдарындағы кейбір тәсілдерді үйрену қажет. Бұл ойыншылардың қимыл-қозғалысын ынталандыратын немесе шектейтін белгілі бір шарттылықтарды жаттыгуларға енгізуді талап етеді.

Шабуылдау тактикасы. Жеке іс-әрекеттер. Ойыншылардың допшен және допсыз әрекет етуі: допты ұстап алуға шығу немесе қарсыласын аландату мақсатында бос жерге шығу. Шабуылдаудың техникалық тәсілдерін орындаудың азғана қорының өзі жеке-дара әрекет етудің тактикасын үйренуге мүмкіндік береді.

Алдымен тәсілдерді қолдану амалдарын үйрену, кейін ойынши осы тәсілді допсыз жасауды үйрену қажет, содан соң сол тәсілдің тактикалық жағына көбірек көңіл аударылатын жаттыгуларды ірікте алып үйрену керек. Бұл үшін жаттығудың екі нұсқасы берілуі мүмкін, оқушы оның біреуін ғана таңдал алады. Мысалы, оқушы допты алып келе жатып белгіге байланысты (қолды көтеру, т.б.) допты не мұғалімге береді, не шығыршыққа лақтыруды орындаиды.

Жеке әрекеттерге үйренуде нақты ойындық эпизодта немесе өзара іс-қимыл жасауда кейбір тактикалық әрекеттердің тиімділігін анықтап алуларың керек. Өйткені осы уақытқа дейін жеткілікті мөлшерде техниканы мәңгердіңдер. Мұғалімнің қоятын талабына шамаларың толық жетеді.

Топтық іс-әрекеттер. Бастапқыда шабуылшыларға қараганда қорғаушылардың саны аз болады. Алдымен екі ойыншының өзара іс-әрекетін үйренген жөн. Бұл жаттығу ойыншылардың қалғанға алаңың бойымен жылжи отырып допты бір-біріне беру арқылы орындалады.

Командалық іс-әрекеттер. Командалық әрекеттерді үйрену белгілі бір қызметтерді ойыншылардың орындауды мен байланысты. Командалық іс-әрекеттердің тиісті жүйе-

лері ойынның таңдал алған жүйесіне тән үйренген топтық қимылдарға негізделеді. Оларды үйрену үшін шабуылдың дамуына байланысты топтық әрекеттерді үйрене отырып уақтылы жүргізу керек. Кейін әрекеттерді (комбинацияларды) төмендегідей реттілікте үйренеді: а) ойыншылар аланга әрекеттердің сипатына сәйкес орналасады; әрқайсынына нақты міндет, мүмкін болатында өзара әрекет және қандай шешім қабылдау керектігін түсіну қажет; ә) ойыншылардың өзара әрекет етуі комбинациясының жалпы ұлғаси жөнінде түсінікті қалыптастыру; б) шартты қарсы әрекет ететін қорғаушылар ойынға енгізіледі; в) қорғаушылар белсенді әрекет етеді; г) комбинация жаттығу ойындарында қолданылады.

Қорғану тактикасы. Қорғану әрекеттерін үйренудің күйіндегі жетерлік. Өйткені олар шабуылшының әрекетіне байланысты анықталады.

Жеке іс-әрекеттер. Жақсы қорғану — дұрыс дербес әрекет жасауға байланысты. Қорғаныста жақсы ойнау біліктілігін мәңгеру үшін кажетті негізгі қасиеттерге жаттындар: іс-кимылдың жылдамдығы, жағдайды бағалай білу біліктілігі, кез келген әрекетті барлық уақытта да орындаудың дайын жағдайда бола білу, жігерлілік, топшылай білу, алаңды көре білу, бір әрекеттен екіншісіне жылдам ауыса білу біліктілігі. Бұл қасиеттер қорғану тактикасын тікелей үйренуде ғана емес, үйренудің барлық кезеңінде де мәнгеріледі.

Жеке әрекеттерді үйрене отырып, бірінші кезекте добы бар және добы жоқ ойыншыға қарсы әрекет жасауды мәңгеру қажет.

Топтық әрекеттер. Шұғылданушылар қауіпсіздендіру мен жылдам ауысуға үйрену қажет.

Улғи жаттығулар:

1. Бір шабуылдаушы және екі қорғаушы. Шабуылдаушы допты бір жақтау сзықтан екіншісіне алып жүреді. Екі қорғаушы бірінен соң бірі аралары алшак қалыпта туралады. Шабуылдаушыға жақын тұрған қорғаушы оған белсенді түрде қарсы әрекет жасайды. Қорғаушы қате жіберіп, шабуылдаушы одан өтіп кетсе, оларды бақылап тұрған екінші қорғаушы сол сәтте шабуылдаушымен жеке-жек бөсекеге кіріседі.

2. Екі шабуылдаушы және екі қорғаушы. Шабуылдаушылар еркін қозғалып, допты бір-біріне бере отырып, алып

журе迪. Қорғаушылар олардан допты алуға әрекет жасайды. Қорғаушылар шабуылдаушыларды алмастырып ойнауға болады.

3. Үш шабуылдаушы және екі қорғаушы. Шабуылдаушылар өзара әрекет етуді қолдана отырып қарсы жақтағы қалқанға қарай қозғалады. Қорғаушылар кейін шегініп, айып добын лактыру аймағындағы қажетті позицияны иемденіп, допты лақтыратын жақтағы шабуылдау шебін жабуга тырысады.

Командалық әрекеттер. Командалық әрекеттердегі бірінші жаттығулар үйреніп жатқан жүйеге қатыссыз. Ойыншылар корғаныс шебін құра, кейін дұрыс қайтуға және әрқайсысы кімге қарсы ойнайтындығын шешуге бағытталуы тиіс. Өз шығырышына қарай доп ауысканда, әрбір ойыншы кімді ұстауы керектігіне қарамастан, қарсыласын кідіртуге тырысуы керек.

Қалқанға жақын мандағы командалық қорғаныста әр ойыншының атқарытын қызметі (қауіпсіздендеретін оқушылары үшін жауапкершілік, орын ауыстырудың мүмкін болатындай нұсқалары) анық, түсінікті болуы қажет.

Улгі жаттығулар:

1. Шабуылдайтын ойыншы беру мен алып журуді қолдана отырып, қарсы жақтағы қалқанға қарай жақында, допты лактыру керек. Ауысу төмендегідей ретте орындалады: қозғалу жолының бойындағы оң және сол жағында тұрган ойыншылармен допты беру кезінде өзара әрекет жасау. Қорғаушы берілген доптарға қарсы әрекет жасайды және шабуылшының қозғалысына кедегі келтіре, оның допты қабылдаپ, беруіне мүмкіндік бермеуі керек. Осы жаттығуды екі қорғаушының бір шабуылдаушыға қарсы әрекет жасауымен орындауға болады.

2. Үйренушілер үш адамнан үш командаға бөлінеді. Барлық үш команда да бір қалқанға шабуыл жасайтында жаттығу ойының өткізеді. Олардың әрқайсысы көп үпай жинауға тырысады. Бір шабуылдаушы командаға бірден екі команда қарсы әрекет жасайды.

Сұраптар мен тапсырмалар

- 1. Баскетбол жылдамдық, ептілік қасиеттерін қалыптастырытын ойын екендігіне дәлелдер келтіріндер.
- △ 2. Дағырлықтың аздығы ойын кезінде нендей жағдайға әкеліп соктырады?

- △ 3. Дағдыны қалыптастыруға арналған жаттығулардың қайсысын білесіндер?
- 4. Шабуыл техникаларын атандар.
- 5. Допты шығыршыққа салу тәсілдерін атандар.

Есте сақтаңдар!

- 1. Ойын барысындағы түрлі қимылдарды әркім өз еркімен орындағандаға ғана дұрыс жүзеге асатындығын ескеріңдер.
- 2. Баскетбол ойыншына спорт күйдегі түгел болғандаға ғана қатысуға болады.

2. Волейбол

Мектепте ойналатын спорт ойындарының бірі — волейбол. Мектептің материалдық базасына әрі оку бағдарламасына сай волейбол жалпы дамыту ойыны ретінде үйретіледі. Волейбол — командалық ойын, әр ойыншы өзінің қарсыласының іс-әрекетіне байланысты тактикалық қимылдар жасайды. Волейбол ойнау барысында оқушылар тактикалық әдіс-тәсілдерді үйренуіне, өз еркітерімен жаттығуна, екі жақты ойын кезінде үйренген дағдыларын жетілдіруіне мүмкіншілігі бар. Дене тәрбиесіндегі волейбол ойыншының маңызы әртүрлі жаттығулардың ыңғайлылығымен, жастардың демалысын дұрыс ұйымдастыра алуымен, деңсаулықты және дене тәрбиесін жетілдірудегі жан-жақтылығымен, ойын ережесінің қарапайымдылығымен, керекті құралдардың және алаңның күрделі еместігімен түсіндіріледі. Ойын жағдайы жаттығушыларды жалпы мақсатқа жету үшін өзінің ойын кезіндегі іс-қимылын ұжымының мүддесіне жұмылдыруға, жағдайға байланысты өзінің бар мүмкіншілігін салуға, спорттық сайыс кезінде қындықты жеңе білуге, ойын барысындағы шиеленіскең жағдайда дұрыс шешім қабылдауға тәрбиелейді. Бұл ойын оқушылардың ұжымдық қарым-қатынаска үйренуін, аңғарымпаздығы мен шапшаң ойлануын, шешім қабылдағыштығын және өзінше қимылдар жасай білу дағдысын қалыптастырады.

Волейбол — арасы тормен бөлінген арнайы аланда екі команда бәсекеге түсетін спорттық ойын. Ойынның мақсаты — қарсыластың алаңына доп түсіру және қарсыласының осындай әрекетін болдырmaу. Бұл үшін команда допка үш рет қол тигізуге құқылы.

Жүптен орындалатын жаттыгулар:

- екі ойыншы екі жақтағы бірінші салмағын тұрып, бір-біріне допты тордан жоғары көтеріп береді;
- әр ойыншы шабуыл салынында тұрады, допты беру үшін торға дейін жүгіріп келіп, қайтадан өз орындарына кетеді.


Допты төменинен тіке ойынга қосу. Допты ойынға қосу торға қарап тұрганда орындалады. Шынтақ буынан бүгілген бір қолмен белдің деңгейінде допты алда ұстап тұрады. Екінші қол сермеу үшін артқа қарай созылады. Саусақтар сәлғана алақанға қарай бүгіледі. Ойыншы допты жоғары қарай лақтырып, допты қолмен үру арқылы ойынға қосады.

Допты соғумен қатар ойыншы бір мезгілде артта тұрган аяғын жазып, алда тұрган аяғына дененің салмағын түсіреді. Допты ойынға қосқаннан кейінгі ойыншының қалпы доптың сонынан ұмтылғандай ынғайды болады (15-сурет).


Допты берудің кең тараған түрі — екі қолмен жоғарыдан беру. Мұның артықшылығы — дәл және тұра беруінде. Мұндай беруді орындауда барысында ойыншының аяғы тізеден сәл бүгіліп, қолы алға қарай шығып, беттің тұсында болады, үлкен саусақ көздің деңгейінде болады. Ойыншы допты беруді орындаудан бұрын бастапқы қалыпты қабылдайды және допты қабылдау үшін қажетті жағдайда орын ауыстырады.

Допты екі қолмен жоғарыдан беру үшін жасалатын жаттыгулар:

- допты жаттығушы екі қолмен төменинен жоғары лақтыруды немесе бір жақ буйірге жоғары, орын ауысты-



15-сурет



16-сурет

ру арқылы төмен түсіп келе жатқан допқа жақында пісірілген барып, допты жоғарыдан беруді орындалайтын;

- қабыргаға жақын тұрып, қабыргаға бағыттап бұрып, 3—4 м-ден допты жоғары беруді орындалайтын.

Жүптен орындалатын жаттыгулар:

- ойыншы бастапқы қалыпта тұрады, серігі допты оның кольна лақтырады, ол жоғарыдан екі қолмен беру әдісін орындалайтын;
- бір-біріне допты қайталап беру;
- екі ойыншы да волейбол торының жанында тұрады, біреуі допты береді, екіншісі допты жоғарыдан екі қолмен тордан асыруға тырысады.

Төменинен қабылдау (16-сурет):

- жаттығушы әртүрлі жағдайдан допты жоғары лақтырады, ойыншы допты төменинен қабылдайтын;
- алдыңғы жаттығудай, бірақ ойыншы допты жоғары-алға, жоғары-жанына лақтырады, ойыншы допқа жүгіріп шығып, допты төменинен қабылдаап, кайта береді;
- ойыншы допты еденге соғады, доп еденнен шоршығаннан кейін жүгіріп жетіп, төменин беруді орындалайтын. Өріптесімен төменин беруде орындалатын жаттығулар жоғарыдан тұра берудегі жаттығулар сиякты орындалады, тек төменин орындалады.

Қарсыластың ойынға қосқан не шабуылдатып немесе алдайтын сокқымен жіберген добын төменин екі қолмен қабылдаған жағы. Бұл жағдайда допты қабылдаудан көп ката кетпейді. Қол алда, алақандар біріктіріліп ұсталады. Қолдың козғалысын қыннатпау үшін оны еркін ұтайтын. Сокқыны жұмсаарту үшін допты қабылдау кезінде екі шынтақты жақыннатады, колдарының қарын (тоқпан жілікті) көтеріп бурады.

Допты жұдьрықпен қабылдағанда, доп дәл тимей, шоршып, доп аланың сыртына кетуі мүмкін. Допты алақанмен

қабылдауға болмайды. Ойынның ережесі бұған рұқсат етпейді. Оған себеп, доп алақанда көбірек кідріп қалуы мүмкін.

Допты қабылдауды көбіне орын ауыстырганнан кейін, әсіресе қорғаныста ойнағанда орындауга тұра келеді.

Допты жоғарыдан екі қолмен беру, төмennен қабылдау техникалары және ойнау ережелерінің жеңіл түрі 6—8-сынып оқулықтарында толық айтылған.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1. Ойын техникасы неден туралды?
- 2. Орын ауыстырудың мақсаты неде? Ол үшін қажетті жаттыгуларды атандар.
- △ 3. Допты берудің кандай түрлері көп тараган?
- 4. Жаттығу ойындары кезіндеги гигиеналық талаптарды қатаң сактандар.
- 5. Допты жоғарыдан екі қолмен беру және төмennен екі қолмен қабылдауды көбірек орындауга назар аударындар.

3. Футбол

Футбол (ағылшын сөзі: *foot* — аяқ, *ball* — доп) аяқ добы деген магынаны білдіреді. Бұл — командалық ойын. Ойын мақсаты — екі командаға қарсыластар допты аяқпен немесе дененің басқа бір жерімен (қолдан басқа) қақлаға енгізу және өз қақпаларын корғау. Алан қолемі: ұзындығы 100 м-ден 110 м-ге дейін, ені 60 м-ден 75 м-ге дейін. Ойын барысында команданың әр мүшесі нақты ойын тәртібіне үйренеді.

Футболды, қақпашины қосып есептегендегі, әрқайсында 11 ойыншы бар екі команда ойнайды. Аландағы ойыншылар допка қолын тигізбейді, қол тигізуге тек қақпашиға ғана айып аланының ішінде рұқсат етіледі.

Ойынның ұзактығы — 90 мин, 45 мин-тан 2 кезең (тайм). Кезең арасында 10 мин-тық үзіліс жасалады. Ойынның ұзактығы басқаша болуы да мүмкін, өйткені ол ойыншылардың саны мен жасы, дайындық деңгейі секілді жағдайларға байланысты. Мысалы, егер ойыншылардың саны 6 және одан көп болса, онда кезеңнің ұзактығы — 25 мин, үзілістің ұзактығы — 5—8 мин.

Әр ойыншының өздерінің жеке ойын міндеттері болады. Футбол адам организміне оте жоғарғы талаптар қояды. Дене дайындығының бір түрі ретінде мектепте дене тәрбие сінің оқу бағдарламасына енгізіліп отыр. Мектепте футбол

сабағы дене тәрбие сінің бағдарламасымен сәйкестендіріліп өткізіледі. Бағдарламада жалпы және арнайы дене дайындығы; негізгі ойын техникасы мен тактикасы туралы теориялық түсініктемелер; жарыстағы төрелік және өз серіктесімен дайындық сабактарын өткізу дің негізгі ережелері қарастырылады.

Футбол сабағына қатысушы оқушыларға арнайы талаптар қойылады. Әр оқушы футболға қатысу үшін дәрігерден рұқсат алуы қажет.

Футболмен тамақтан соң 1,5—2 сағаттан кейін ғана айналысу қажет. Бұл үшін алдын ала барлық бүлшық еттерге, әсіресе аяқ бүлшық еттеріне арналған қыздыру жаттығулары орындалады. Улгірім көрсеткіштері материалдарды (теориялық) қабылдауға және практикалық қозғалыстар мен техникалық әдіс-тәсілдерді орындауға (менгеруге) байланысты бағаланады. Футболдан өткізілетін сабак тек ғана алғашқы дайындықты қамтиды. Футбол тактикасы мен техникасын тереңірек менгеруді және төрешлік қабілеттерді жетілдіруді арнайы футбол секциялары ғана үйретеді.

Ойын ережесі. Алан ойыншылар жаракат алады-ау деген заттардан таза және тегіс болуы керек. Аланда бөлгөн сзықтар анық көрінуі қажет. Қақпашиға айып аланында допты қолмен ұстауға рұқсат етіледі. Төрешпігі ескертіп, ойын барысында қақпашины аландағы ойыншымен ауыстыруға болады.

Улкендерге арналған футбол екі кезеңнен (45 мин-тан) тұрады да, екеуінің арасында 10 мин-тық демалыс болады. Жасөспірімдер үшін ойын уақыты сөз аздау:

14—15 жас — 2 кезең (30 мин-тан).

16—17 жас — 2 кезең (40 мин-тан).

Әр команда ойыншылары бірынғай киінуі қажет. Аяқ қорғанышынсыз (щиток) ойнауға болмайды. Қақпаши киімі аландағы ойыншылар киімінен болек болады. Қақпаши тізекорғағыш пен колғап киоге міндетті. Қақпашиның және аландағы ойыншылардың киімдерінде жаракат алатындағы заттар болмауы керек. Ойынға біркелкі аяқкіиммен шықкан команда қатыстырылады (кеды, бутсы). Допты ойынға қосуды ойын басталар алдында тасталған жеребе бойынша допты бірінші соғуға рұқсат алған команда бастайды. Допты ойынға қосу қарсылас команда жағына қарай бағыттаудан басталады, бірінші соққыны бастаушы өз командасы жағына бағыттауына болмайды. Допты бірінші

согу орындалар алдында, команда ойыншылары алаңынц өз белігінде болуы тиіс, ал бірінші соққыны орындалмайтын команда ойыншылары өз беліктеріндегі орталық шенбердің радиусы сыртында орналасады. Допқа алғаш аяғын тигізген ойыншыға, доптың келесі ойыншының аяғына келіп тигенінше, допқа тиуюне рұқсат етілмейді. Допты қарсылас қақпасына бірден согуға болмайды, ондай жағдайда қақпага кірген доп есепке алынбайды.

Егер ережеде көрсетілмеген себеп бойынша ойын тоқтатылса, онда даулы доп белгіленеді. Төреші допты әр команданың екі ойыншысының ортасына жоғары лақтырады. Доп жерге түсіу керек, содан кейін барып допқа тиуге болады. Егер доп алаң шетіне шығып кетсе, төреші «доп ойында емес» деп ыскырып белгі береді.

Футбол ойынындағы қауіпсіздік ережелері:

- футбол ойнайтын ойыншылардың саны алаңынқ қолеміне (көн, тар екендігіне) байланысты;
- ойын барысында даурығып айқайлауга болмайды, бірақ ойыншы әріптесіне белгі беруіне болады;
- ойынға төрешілік етушінің ескертпесін ойыншы мұлтік сіз орындауға тиіс;
- допты алыш бара жатқан қарсыласты құып жеткен жағдайда, оның аяғын емес, допты тебу арқылы тартып алуға болады;
- қандай жағдайда болмасын, допты алыш келе жатқан қарсыласпен бетпе-бет келгенде, тек допты ғана тебу керек;
- төрешінің берген белгісін (ыскырықты) естіген сөтте, ойынды тоқтату керек;
- жүгіріп бара жатқан қарсыласты артынан келіп итеріп жіберуге, шалуға болмайды;
- допқа таласқанда қарсылас ойыншыны итеруге болмайды;
- қандай жағдайда болмасын, қақпашыға тиісуге болмайды. Дөрекілік жасау футболшыға жат құбылыс;
- ауа райына қарай ойынға киетін спорт киімдері өзгереді.

Қақпашы ойыны. Қақпашы — ойын барысында допты қолмен ұстай алатын жалғыз ойыншы. Қақпашы ойынның техникасы осыған байланысты түсіндіріледі.

Қақпашы ойынның техникасы элементтеріне мыналар жатады: допты ұстау, допты қолмен қайтару, тоқтату, колмен беру, тартып алу, алыш журу, допты қолмен лақтыру және аяқпен тебу. Қақпашылық қозғалыс техникасына

төмениң, орташа және жоғарырақ биіктікте ұшып келе жатқан доптарды ұстау жатады. Допты ұстаудың мұндай турлері құламай, құлау кезінде және секірісте орындалады. Жаңында домалап келе жатқан немесе ұшып келе жатқан допқа қақпашы жүгіріп жете алмайтындықтан, допты құлап (жығылып) ұстайды. Құлау (жығылу) кезінде жерге бірінші сирак, сан, содан соң ишк тиеді. Допты қайтару допты ұстауға жағдай болмаған кезде орындалады. Қайтару бір немесе екі қолдың жұдырығын ұшып келе жатқан допқа қарама-қарсы қою арқылы орындалады.

Орын ауыстыру. Футболшының орын ауыстыруы жүгіру, журу, тоқтау, бұрылу және секірulerден тұрады. Бұл элементтерді ең алғашқы сабактан бастап, әуелі жекеке, кейін бірлесіп үйрену керек.

Жаттығу барысында жүгірудің әр түрі қолданылады. Жүруді тұра жүгіріске алмастыру, есту және көру белгілері бойынша жай жүгірісті екпін алыш жүгіруге ауыстыру, жүруді әртурлі заттардың арасынан кесе көлденендең жүгіруге ауыстыру, алға жүгіруді артпен жүгіруге ауыстыру, 10 және 60 м-ге әртурлі бастапқы қалыптан жүгіру (отырып, жатып), эстафеталық жүгірістер.

Тоқтаяу және бұрылу техникасын үйрену және оны жетілдіру жаттығулары:

- жай жүгіру;
- бір бүйірге қарай жүгіру немесе аяқты қайшыластырып жүгіру;
- орташа жүгіру, 90⁰C-қа бұрылып тез жүгіру;
- журу немесе жүгіру; 180⁰C-қа бұрылып, тез жүгіру;
- 360⁰C -қа бұрылып, тез жүгіру;
- бір аяқтан екінші аяққа ауыса отырып, көлтеген секірuler жасау;
- жүгіріп келіп, бір немесе екі аяқпен итеріле секіру барысында жоғарыда ілүлі тұрган допқа басты тигізу.

Допты алыш журу. Допты алыш журу аяқтың ұстінің ішкі және сыртқы беліктерімен согу арқылы орындалады. Бұл әдістерді толық үйрену үшін, алғашқы кезеңде тұзу сыйық бойымен допты аяқпен тебу мен жүгірісті қалыптастыруды үйрену қажет. Бұл әдіс негұрлым жақсы жасалса, соғұрлым тезірек жүгіруге болады. Осы тәсілді үйренгеннен кейін, жылдамдықты өзгерте отырып допты алыш журуді үйрену қажет, яғни допты соғысымен ойыншы өз жүгірісін өзгертеді.

Допты алып жүруді үйрену және оны жетілдіру жаттыгулары:

- допты кедергілердің арасымен алып журу;
- жерге «сегіздікті» сызып, сол сызықтың сыртымен алғашқыда оң аяқтың сыртымен, кейін қарама-қарсы бағытқа сол аяқтың сыртымен алып журу.

Доптың ұшу жолының ерекшеліктері.

Допты тебу екі турде орындалады: тіке және айналдыра ұру (кесіп ұру).

Айналдыра немесе кесіп тепкен кезде, допты оң немесе сол жағына таман тебу керек.

Тік ұруды тәжірибе жүзінде барлық турде жүргізуге болады. Бірақ табанның сыртың жақ қырымен ұрган кезде бірталай қындық тудырады. Кесіп ұрган кезде, көбінесе табанның ішкі жақ қырымен, әсіресе табанның ішкі жоғарғы жақ қырымен тепкен өте онтайлы.

Доптың ұшу жолы тепкен кездегі аяқтың допқа тиғен күшіне байланысты. Доп төмendet немесе тік ұшу үшін доптың орта шенінен тебу керек. Ал егер тебу күші көлденен остың төменгі жағынан түссе, онда ұшу бұрышы өзгереді.

Тіке немесе көлденен остың төменгі жағынан түссе, онда ұшу бұрышы өзгереді. Доптың ұшу жолы кесіп ұрган кезде көбірек өзгереді. Бұл кезде тебу бағыты доптың ортасынан емес, сыртынан болатын болса, доптың айналымын көбейтеді.

Ұшу бағытында доп айналып ауа кедергісіне ұшыраган кезде жолын және бағытын біршама өзгертеді.

Допты табанның ішкі жақ қырымен тебу. Бұл ойын тәсілі көбінесе допты қысқа және жақын қашықтықтағы әріптесіне бағыттағанда және жақын қашықтықтан нысанана тепкенде пайдаланылады.

Осы ойын тәсілінің негізгі ерекшеліктерін қарастыралық (17-сурет). Допқа ұмтылып жүгіру бағыты мен допты көзделеп тебетін бағыт сәйкес келуі керек. Допты тебетін аяқтың серпілуі ең ақырғы жүгіру адымына байланысты. Тебу қозғалысы балтырдың сыртқа қарай бұрылуымен бірге сыртқа және



17-сурет




18-сурет

жоғары қарай бағыттала тік бұрыш жасап, доптың ұшу бағытына қарай қозғалады. Допты табанның ортасымен және ішкі жақ қырымен тебу керек.


Допты табанның ішкі жақ қырымен тебудің басты ерекшелігі — доп түзу ұшады, өйткені доп табанның барлық үстіңгі белігін жанап өтеді. Бірақ ұру күші басқа тебу түрлеріне қарағанда әлдеқайда төмен.

Табанның ішкі жоғарғы жақ қырымен тебу. Көбінесе орташа және алыс бағытқа алаңың әр жерінен көзделеп тепкен кезде қолданылады. Допқа ұмтылып жүгіру 45° аралығында өтеді (допқа катысы бойынша). Кей жағдайда 30° — 60° аралығында болуы ықтимал. Тебетін аяқтың сілтенуі жоғары қарқында болады. Тірейтін аяқтың тізесі аздалағын аздалағын аяқта түсіру керек. Тебу қозғалысы сан алға қарай қозғалып, балтырдың тез қимылымен аяқталады. Тебер кезде аяқты осы қимылға дайындау керек. Табанның жоғарғы ортасымен тепкен кезде де балтыр осылай қойылады (18-сурет).

Допқа ұмтылып жүгіру бағытын өзгертуей, көзделген жерге допты дәл және тұра соғу керек. Тірейтін аяқ, табан мен доп бір сызықта орналасады. Мұндай талап допты теуіп, әрі қарай шыгарып салу қимылымда да сақталады. Доп пен табанның бір-біріне жанасуы допты тұра тебуге көмектеседі. Бірақ бір жағдайда ұмытпау керек, допты тепкен кезде аяқтың ұшын төмен қарай созу керек. Мұндай жағдайда



19-сурет



20-сурет

аяқтың ұшы жерге тиіп жаракаттануы ықтимал. Соган байланысты тебу күші және оның өсері төмендейді.

Допты табанның сыртқы жақ қырымен тебу. Бұл тәсіл көбінесе допты кесіп тепкен кезде қолданылады. Қымылдың жүйесінде допты табанның ішкі және сыртқы қырымен тепкенге ұқастығы бар. Бұл тәсілдің ерекшелігі — балтыр мен табанды ішкі жаққа бұру керек (19-сурет).

Допты аяқтың ұшымен (башайлармен) тебу көбінесе дайындықсыз, ойламаған жерден нысанана допты бағыттап үрганда қолданылады (20-сурет).

Тебу қозғалысына қойылатын негізгі шарт — аяқтың ұшын жоғары қарай тарту.

Козғалыссыз жатқан допты тебу көбінесе айып допты ойнуга қосқанда, сондай-ақ қақпашы өз алғанынан допты ойнуга қосқанда қолданылады. Жоғарыда айтылған допты тебу тәсілдерінің ұқастығы және бір-біріне қатысы бар. Ал өзгешелігі — допқа ұмтылып жүгіру кезінде жылдамдығы ауыспалы әдістермен орындалуында.

Домалап келе жатқан допты тебу тәсілі қозғалыссыз жатқан допты тебуге үксас. Тәсілдің негізгі ерекшелігі — доптың қозғалыс жылдамдығы тебетін адамның жылдамдығына сәйкестігінде. Допқа ұмтылып, бағыт алу қозға-



21-сурет



22-сурет

лыстары мынадай тәсілдерден тұрады: допқа қарсы, қарсылас ойнышыдан оң не сол қанатпен қашу, т.б.


Ойнышы өзіне қарай домалаған допты тебердің алдында тірелетін аяқты допқа жеткізбей қояды, ал доп оң не сол жақтан келетін болса, онда допты жақын аяқпен тепкен дұрыс.

Домалап келе жатқан допты тебудің қай түрі болса да (өкшемен болса да) доптың қозғалу жылдамдығына қарай оған тоқсауылға тірелетін аяқ қойылады (21-сурет).

Жоғарылап ұшып келе жатқан допты тебу, негізінен, ұшқан доптың бағытына байланысты.

Төмендеп ұшқан допты тебу тәсілдері домалап келе жатқан допты тебу тәсіліне ұқсас. Доптың ұшатын бағыты тірелетін аяқтың қойылуына байланысты. Одан басқа ұшып келе жатқан допты бұрылып, өзінен асырып және жерге тигізбей тебу тәсілдері бар. Олардың барлығы жоғарыда айтылып кеткен тәсілдерге ұқсас (22, 23, 24-суреттер).

Допты баспен ұру — ойн жүргізу барысындағы ең бір керекті тәсілдердің бірі. Бұл тәсіл ойнанда белгілі бір мақсатқа жету, допты қақпага енгізу және әріптесіне допты беру үшін қолданылады.



23-сурет




24-сурет

Допты көбінese мандайдың ортасымен ұрады. Бірақ ойын барысындағы әртүрлі жағдайларға байланысты сан алуан ерекшеліктері болуы мүмкін.


Секірмей, бір орында тұрып мандайдың ортасымен ұру кезінде аяқтың арасы 50—70 см алшак болу керек. Ұруды орындағанда, ойыншы денесін артқа қарай шалқайтып, артқы аяғын иіп, дene салмағын сол аяққа түсіреді. Қол мен шынтақ аздал ілуге тиіс.

Ұру қимылды артқы аяқтың қайта іліп, дененің тік жағдайға келіп, допты баспен алға қарай ұруымен аяқладады (25-сурет).

Мандайдың ортасымен секіріп ұру бір немесе екі аяқпен итеріліп секіруден, содан соң денені, басты артқа шалқайтып, тез арада допқа ұмтылып ұрудан тұрады. Секіру даындық кезенге жатады. Ұру қимылды ен жоғары секірген кезде басталады. Бұл кезде ойыншы өзінің секіру күші мен доптың ұшу бағытын есепке алуы керек (26-сурет).



26-сурет



27-сурет

Жерге екі аяқты екі жаққа алшактау жіберіп, аяқтың ұшымен тусу және тізені бұгу ойыншыға жұмсақ түсуге комектеседі.

Мандайдың ортасымен бұрыльып ұру көбінese доптың ұшу бағытын өзгерту үшін қолданылады. Одан басқа допты он немесе сол шекемен ұру және алға қарай секіріп құлап ұру тәсілдері ойында көбірек қолданылады (27, 28, 29-суреттер).

Допты тоқтату тәсілдеріне қойылатын негізгі талаптар — допты тоқтатып, оған ие болу. Негізгі шарт — доптың домалап келе жатқан жылдамдығын азайтып немесе ұшып келе жатқан допты ұру үшін келесі қимылға дайындалу. Допты тоқтату үғымын, негізінен, допты қабылдау немесе допқа ие болу деп түсіну қажет. Демек, допты тоқтату тәсілдерін футболшы орындаған кезде мұны түгел тоқтату емес, келесі ойын қимылына дайындық жасау, езіне қажетті жағдай тұгызы деп білу керек. Допты аяқпен, де-немен және баспен тоқтатуға болады. Оның топтастырылуы 1-сызбанұсқада көрсетілген.




28-сурет



Допты аякпен тоқтату — көбінесе ойын барысында қолданылатын негізгі тәсіл. Бұл тәсілде өртүрлі әдістер қолданылады.

Дайындық кезеңіндегі бастапқы кимыл денениң салмағы тірейтін аяқта түседі. Аяқтың тізесі аздап иілуі керек. Допты тоқтатып, аяқты алға қарай немесе ұшып келе жатқан доптын алдына қарай бағыттау қажет.

Негізгі жұмыс кезеңіндегі аяқтың бүлшық еттерін, буындарын доптың қозгалысын тоқтату үшін бос ұсташа керек. Сонда қозгалып келе жатқан доп аялдан келіп тоқтайды. Тербеліс доптың ұшу жылдамдығына байланысты. Егер



29-сурет

доптың ұшу жылдамдығы аз болса, онда допты тоқтатарда аяқтың бүлшық еттері мен сінірлерін бос қуйінде ұстап, артқа қарай иілу қозгалысын орында маса да болады.

Аяқтау кезеңі — бастапқы қалыпта келіп, келесі кимылға дайын болу.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1. Футбол ойынының мақсаты не?
- 2. Футбол ойынында денениң кандай қасиеттері қалыптасады?
- 3. Футболда орын ауыстыру қалай жүзеге асады?
- 4. Допты қалай алғы журуге болады?
- 5. Тоқтау және бұрылу техникасын үйрену және оны жетілдіру жаттыгуларын күнделікті орындал жүріндер.
- 6. Допты алғы жүру мен оны жетілдіргүче арналған жаттыгуларды орындандар.
- 7. Ойын кезінде бір мезгіл қақпашының да рөлін атқаруға тырысындар.
- 8. Ойын ережелерін оқып-үйреніндер, өздерінді ойының нұсқаушысы, төрөшісі болуға даярландар.

4. Қол добы (гандбол)

Қол добы — атлетикалық дайындықты керек ететін спорттық ойын. Адам организміне қатты әсер ететіндіктен, ойын уақытында спортышылар өте шыдамды болуы керек. Қол добын екі команда ойнайды, әрқайсысында жеті адамнан болады; алтауы — алаңдағы ойыншылар, біреуі — қақпашы. Ойын алаңының өлшемі — 40×20 м, ойын уақыты екі бөліктен тұрады, әрқайсысы 30 мин-тан және арасында 10 мин-тық демалысы болады.

Ерлер үшін ойын добының салмағы — 425—475 г, қыздар мен жасөспірімдер үшін — 325—400 г. Қол добын тек қолмен ғана ойнайды. Ойын добының диаметрі 58—60 см-ге немесе 54—56 см-ге тең болады.

Ойының мақсаты — қарсыласының қақпасына көбірек доп салып, қайткенде де көп ұпай жинаудан тұрады.

Кызылалар мен жасөспірімдердің бірге ойнауына да болады. Жасөспірімдер үшін ойын кезеңінің ұзактығы — 15—20 мин. 2 кезеңінің арасындағы узіліс 10 минуттан. Команда құрамы — 12, оның 5-үі — запастагы ойыншы. Ойын кезінде оларды қанша болса да алмасыруға болады. Қақпашыны тек 1 рет қана ауыстырады.

Кол добы — жастар мен балалардың деңсаулығын нығайтуға және дene төрбиесімен айналысуга қолайлы.


Мектеп бағдарламасы бойынша оқушылар кол добы ойының тактикасы мен техникасын үйреніп, осы ойынды өз еріктерімен үйимдастыру туралы түсініктер қалыптастырады. Ойын техникасының негізгі элементтеріне: допты серіктесіне беру, допты жерге соғып алғып журу, допты сзықты баспай қақпаға лактыру (қақпашы алаңы — 6 м) секілді қимылдар жатады. Мұнан басқа ойыншыларға өздерінің қақпасын шабуылдаушыдан қолымен және деңесімен кедергі жасау арқылы қорғауға рұқсат етіледі.

Колындағы доптен үш адымнан артық қадам жасауға, допты 3 секундтан артық ұстап тұруға, допты ойынга қосарда 3 м-ден кем жақындауға, қақпашы алаңына қақпана қорғау үшін кіруге, ойыншыны ұстауға, допты қолдан жұлдып алғуға рұқсат етілмейді.

Кол добы сабагы басқа да спорттық ойындар сияқты үйимдастырылады. Бұлшық еттер мен буындарды жарақаттап алмау үшін, алдымен, жалпы дамыту және қызыну жаттығуларымен шұғылдану керек. Бұдан кейін допсыз, арнайы жаттығулар орындау қажет. Жаттығудың негізгі бөлімінде тактикалық қарым-қатынастар мен ойын өдістері үйретіледі. Жаттығу бұрын үйретілген өдістер мен қимылдарды қолдану кезіндегі екі жақты ойынмен аяқталады.

Допты беру. Кол добында допты беру бір қолмен орындалады (*30-сурет*). Допты саусактармен қысып немесе алақанда жатқызып ұстауға болады. Буынның қозғалысы төмөндегідей жаттығулармен жетілдіріледі:

- қолды алда ұстап, допты бір қолдан екінші қолға лактыру;
- допты денеден айналдырып, бір қолдан екінші қолға беру, алдымен орнында, содан кейін жүріс пен жүгірісте беріп үйрену қажет;
- бастапқы қалып: доп алға созылған екі қолда, жоғары-төмөн кезекпенен сермеу, допты саусактармен ұстап, кен көлемде жаңға сермеу;
- допты саусактармен қысып ұстап, алдымен орнында, сосын жүріс пен жүгіруде өртүрлі бағыттарда лактыруды орындау (*31-сурет*).



30-сурет

31-сурет


Допты беруді үйрену және жетілдіру жаттығулары:

1. Екі ойыншының бір-біріне қарама-қарсы тұрып 3—10 м қашықтықтан допты бір-біріне беруі.
2. Екі серіктес ойыншы доптарымен 5—10 м қашықтықта бір-біріне қарап тұрады. Ушінші ойыншы ортада, шеттегі ойыншылар лактырган допты ұстап, алдын ала келісілген әдіспен қайта қайтарып береді.
3. Екі серіктес доптарымен 10—20 м-ден бір-біріне қарап тұрады. Олардың ортасына бір-біріне арқасымен қарап екі ойыншы тұрады. Команда бойынша шеттегілер ортадағылар допты береді, ортадағылар допты бір-бірін айналып өтіп, шеттегілерге қайтарып береді.
4. Екі ойыншының қатар жүгіріп отырып, допты бір-біріне беруі, қозғалыс жылдамдығы біртіндеп артуы қажет.
5. Артта жүгіріп келе жақтан ойыншыға допты секіре бұрыльып беру.

Қақпашы ойны. Допты қайтару үшін әдіс-тәсіл ойластыруға қақпашының уақыты аз, сондықтан қақпашының өз орнында дұрыс тұруы көп рол аткарады. Қақпашының негізгі тұрысы — алақанды алға қаратып, сөл бүгілген қолды екі жаңға ұстау, дene салмағын екі аяқта бірдей беліп, сөл бүгілген аяқтың арасын 20—40 см-дей ашып тұру (*32-сурет*). Қақпашы қақпа алдында үнемі қозғалыста болуы, яғни жаңына, алға журу және жүгіру іс-қимылдарын орындауы қажет. Өркашан да дайын болу жағдайы қақпашыны орнында мықты тұруға міндеттейді. Қақпашы секірулерді бір немесе екі аяқпен



32-сурет



33-сурет

итерілуден соң орындаиды, ал жанына қарай секірулер алдын ала дайындалған қозгалыссыз-ақ орындалады. Қакшашы секірулерді көбінесе тек 1 адымды қолдану арқылы орындаиды.

Допты тоқтату. Бұл әдіс үшіп келе жатқан доптың бағытын өзгерту және допты тоқтату үшін қолданылады (33-сурет). Бұл әдісті әртурлі жағдайда орындауга болады: бір немесе екі қолмен, бір немесе екі аяқпен және доптың ушу жағдайына байланысты кеудемен тоқтатуға болады. Тізе деңгейінде немесе одан төмен үшіп келе жатқан допты қақшашы аяқпен қайтарады. Допты бір аяқпен, аяқты сермей немесе созыла отыру арқылы (шатқа отыру) қайтаруға болады. Қалған жағдайда қақпа қолмен қорғалады, допты екі қолмен тоқтату тәсіліндей. Қакшашы үмтүліп барып алаканмен допты тоқтатады. Доп бір қолмен төменин, жаннан және жоғарыдан тоқтатылады.

Сұрқтар мен тапсырмалар

- △ 1. Қол добы алғаның өлшемін, ойынның ұзактығын, ойын неше бөліктен тұратындығын айтындар.
- 2. Допты беру тәсілдерін атандар және көрсетіндер.
- 3. Қакшашының орнында болсаңдар допты қалай тоқтатар едіндер?
- 4. Қол добы аса шыдамдылық, шашандық, т.б. қасиеттерді қажет ететіндігін ескеріп, өздерінді осыған даярлай біліндер.

Есте сақтаңдар!

1. Қол добы ойнын деңсаулұқты нығайтуда мол мүмкіндік беретінін есте ұстандар.

5. Үлттық және қозғалыс ойындары

Ойын — есіп келе жатқан үрпаққа білім мен тәрбие берудің ертеден қалыптасқан құралы. Тәрбиелік міндеттер үшін арнайы үйімдастырылған ойындар оқушыларды болашақ өмірге даярлайды. Ойындар дene дайындығының көрсеткіштерін жақсарту үшін пайдаланылады. Сондай-ақ оқушылардың белгілі бір спорт түрімен жүйелі түрде айналысуына көмектеседі. Мектемп жағдайында кимыл-қозғалыс ойындары екіге болінеді: таза кимыл-қозғалыс ойындары және спорттық сипаты бар кимыл-қозғалыс ойындары. Барынша кең тарағаны — таза кимыл-қозғалыс ойындары. Сондықтан төменде беріліп отырған бұрыннан белгілі ойындарды дene тәрбиесі сабактарында, үзілістерде, сабактан тыс кездерде орынды пайдаланған жөн.

Хан

Ойыншылар жиылғаннан кейін асықтарын шыгарады. Айталық, 3 адам 10 асықтан 30 асық шыгарды делік. Көзге түсsetін ерекшелігі бар бір асықты «хан» етіп белгілейді. Ойыншылар асықтарды жерге иреді. Ойнаушының максаты — асық үтү. Ол үшін асықпен «ханды» атады. Асықтың бәрін тұтас ірген кезде «хан» алшы түссе, онда қалғандарының ішінен алшы тұрган асықты алып ату керек, бұк түссе, бұк түскен асықпен ғана ату керек. Атқан асық өзге асыққа тимей, «ханға» тисе, асық атуышынікі болғаны. Бұл жағдайда ол асықты қалтасына салып қойып, өрі қарай ата береді. Егер де асықпен «ханды» атайдын деп басқа асықты қозғап кетсе немесе атқан асығына тимей қалса, ойынды келесі бала жалғастырады. Бұл ойыншы да осы тәртіпке бағынады. Сонымен, ойын асық таусылғанша жалғаса береді.

Ескерту. Асық ірген кезде «хан» асықтардың астында көрінбей қалатын жағдай да кездеседі. Онда ойынды байқап, кезек күтіп отырған ойыншылардың бәрі бір дауыспен «ханды қара басты» дейді де, асықты кім қанша алғанынша талап алады. Осыдан кейін ойын қайта басталады.

Ақ терек, көк терек

(Өзбек халқының ойыны)

Ойынға орта және жоғары сынып окушыларынан 10-нан 30 адамға дейін катысады. Ойыншылар екі командаға бөлініп, алаңның екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп қол ұстасып тұрады. Жеребе арқылы ойынды қай команда бастайтыны анықталады. Ойынды бастайтын команда хормен қарсы жақтан: «Ақ терек, көк терек, сендерде кім күштірек?» — деп сұрайды. Бұл сөзді естіген команда бір ойыншысын мықтап қол ұстасып тұрган қарсы командаға жібереді. Ол екпіндей жүгіріп барып тізбекті кез келген жерінен үзіп өтуге (ұстасқан екі қолды бір-бірінен ажыратып жіберуге) тиіс. Егер бұл әрекеті іске асса, ол қолы ажырап кеткен екі ойыншының бірін «тұтқынға» алады («тұтқын» өзін тұтқынға алған ойыншымен қол ұстасып бірге тұратын болады); егер іске аспаса, өзі «тұтқынға» түсіп, қарсы команданың ойыншыларына қосылады.

«Тұтқындалғандарды» тізбектің солар қол ұстасып тұрган тұсын үзіп өту арқылы ғана азат өтуге болады. Мұндай жағдайда қолы ажырап кеткен екінші ойынши да «тұтқынға» алынады. Ойыншылардың бәрі де тізбекті үзуге бір-бір барып келгенше немесе белгілі бір уақытқа дейін ойын жалғаса береді. Қай команданың «тұтқыны» көп болса, сол команда женген болып есептеледі.

Ережелер: 1. Тізбекті қатарынан екі рет үзіп өтуге болмайды. 2. Тізбекті үзіп өту кезінде алдамшы қымыл-әрекеттер жасауға болады.

Тоғызқұмалак

Ойын ережесі бойынша уақытты төреши белгілейді. Құмалактар салынған тоғызқұмалак тақтасы дайын болған соң, төреши ойынның басталғандығын хабарлайды.

Бірінші жүрісті жеребе бойынша анықталған ойыншы бастайды. Алғашқы жүрісті ойыншы, мысалы, «тандық» пен «мандайдан» жургенін хабарлайды (алғашқы жүрісті тек тоғызыншы отаудан ғана емес, басқа кез келген отаудың бірінен жүре беруіне болады).

Жүрісті осыдан бастағаным дұрыс есептеген ойыншы сол отауға бір құмалакты ғана қалдырып, жүріс жасаған отаудан кейінгісінен бастап бір-бірден тастай отырып, ең

соңғы құмалакты қарсыласының тоғыз құмалагы бар отауларының бірінен бір құмалак алыш, сонымен жұпташ, өз қазанына салады. Демек, ойын ережесі бойынша қарсыласынан құмалак ала отырып, өз құмалагын жұп санға келтіреді. Ойыншылар ойын барысында қарсыласына құмалак алдырмау үшін өз отауларындағы құмалактардың санын жұп күйінде ұстап отыруға тырысады. Құмалактарының саны жұп болып тұрган отауды «жабық отау» деп атайды. Сондай-ақ қарсылас ойыншылар бір-бірінің отауларындағы құмалактар санын так жасауға ұмтылады. Құмалактарының саны так болып тұрган отау «ашық отау» деп аталауды, қарсылас бұл отаудан құмалак ала алатын болады.

Ойын барысында ойыншылардың қай-қайсысы болмасын қарсыласының отауындағы құмалактарын қолмен санаудына рұқсат етілмейді. Тек отаулардың ашық немесе жабық екенін және қайсысында қанша құмалак бар екенін ғана сұрай алады. Сондықтан ойыншылардың қай-қайсысы болмасын, барлық отаудағы құмалак санын есте ұстауға тырысады. Ал ойыншы қарсыласының қойған сұрағына дұрыс жауап беруге тиіс. Ойын барысында отауда бір құмалак қалса және ол ойыншының жүруіне керек болса, онда ол жалғыз құмалакты қатарындағы өз отауына салады. Бұл оның жүріс жүргені болып есептеледі.

Тұздық. Ойын барысында «тұздық алу» деген болады. Тұздық алу үшін қарсыластардың бірі өз кезегі бойынша жүру арқылы ең соңғы құмалагын қарсыласының екі құмалак жатқан отауына түсіріп, үш құмалак етіп алса, бұл ойыншы өзінің қарсыласынан тұздық алған болып есептеледі.

Тұздықты аудағы мақсат — өрбір жүріс сайын сол «тұздық» түсетін құмалакты «тұздықтың» иесі өз қазанына салып отыру. Ойын ережесі бойынша «тек мандайдан», яғни тоғызыншы отаудан тұздық алуға болмайды. Ойын барысында тұздық тек бір рет алынады.

Атсырау. Ойын барысында, есіреле ойын соңына таман ойыншының біреуінің құмалагы таусылып қалады да, жүретін жүрісі біtedі. Тоғызқұмалак ойыншында бұл жағдайды «атсырау» дейді. «Атсырау» жағдайына тап болған ойын партиясы үтілғанға есептеледі. Себебі, ойыншының одан әрі жүретін жүрісі жоқ болып қалады. Ал қарсыласын «атсырау» жағдайына алыш келген ойыншы өз отауларындағы құмалактың барлығын өз қазанына салып, барлық құмалактың есебін шығаруға кіріседі.

«Атсырау» жағдайына дейін екі ойыншының бірі 82 құмалақ жинал үлгермесе, қарсыласын «атсырау» жағдайына алған келген ойынши ешқандай дау-дамайсыз жеңіске ие болады. Ойын барысында «атсырау» жағдайы сирек кездеседі. Себебі ойынның айла-тәсілін жақсы білетін ойыншы езін «атсырау» жағдайына көлтірмеуге өрекеттегенеді.

Ойынды жазу жүйесі. Тогызқұмалақ ойынның барысы шахматтағы сияқты басынан аяғына дейін жазылып отырады. Айтальық, 711 саны жазылса, ондағы 7 — отаудың реттік саны да, 11 — сол отаудағы құмалақ саны. Енді осы саннан кейін сзызықша арқылы қарсыласының жүрісі жазылады. Мұнда да отаудың реттік саны мен сол отаудағы құмалақ саны жазылады. Сонда бірінші жүріс, мәселен, болай болып жазылады: 711—815. Мұндағы 815—15 құмалағы бар 8-отаудан басталған қарсыластың жүрісі.

Енді бір жүріс 12 құмалағы бар екінші отаудан жасалып, қарсыласының 2 құмалағы бар төртінші отауына түссе, жүрген ойынши «Тұздық» алады. «Тұздық» ойынды жазуда «Х» таңбасымен белгіленеді. Сонда бұл жүріс 212—12Х болып шығады. Сондай-ақ бұл жүрістің соңғы құмалағы «тұздыққа» түссе, мәселен, 84—2Х болса, бұл 4 — құмалағы бар 8-отаудан жүріп, қарсыластың 2-отауындағы «тұздыққа» түсті деген сөз.

Жүріс жасау ережелері. Ойын барысында ойыншылардың қай-қайсысы болмасын, ешбір келісімсіз қолдарын құмалаққа тигізуге болмайды. Егер де ойыншының біреуі құмалаққа қолын тигізуі қажет болса: «Құмалағымды реттеп санап алайын», — деп, өзінің қарсыласына ескертеді және ескертүге міндettі. Ескертпеген жағдайда осы қолы тиғен отаудан жүріс жасауға тиіс болады. Ойыншылардың қайсысы болмасын құмалағын ұстаған отаудан жүруге міндettі. Ал қарсыласының құмалағына қол тигізуге ешқайсының да какы жок. Әдетте, ойыншыларға ойын барысында жарыс ережелерін сақтау қажеттігі мүқият ескертіледі.

Партияны жазу барысында, айтальық, жүрген ойыншының отауында канша құмалақ қалғандығын қарсыласы сұрап білуіне ерікті. Ойын сонында жеңіске жету үшін ойыншы міндettі түрде 82 құмалақ алуға тиіс. Ойынның тен аяқталуы — сирек кездесетін жағдай. Тек екі ойынши бірдей тұздық алғандаған ойын тен аяқталуы мүмкін. Ойын ережесі бойынша, үтқан ойыншыға бір үпай, тен ойынға жар-

ты үпай беріледі. Ал үтылған ойыншыға үпай берілмейді. Жарыс қорытындысын шыгарған кезде үпай санымен қоса міндettі түрде құмалақ саны жазылады. Мәселен, үтса — 182—80, тен түссе, 0581—0,581 деп жазылады.

Жарыс хаттамасына үпай санымен қоса құмалақ саны да жазылады. Бұл біріншіліктің қорытындысын, яғни екі-үш ойынши бірдей үпай жинаған жағдайдағы жеңімпазды анықтауда қажет болады. Мұндайда жеңімпаз құмалақ санына қарай анықталады.

Орга түспе!

(Әзіrbайжан халқының ойыны)

Ойын 6-дан 40 ойыншыға дейінгі жасөспірімдердің қатысуымен аланда откізіледі. Ойынға көзді бастырып, таңып қоятын орамал керек.

Аланың ортасына көлденеңінен кендігі 30-дан 100 см-ге дейін жететін «ор» белгіленеді. Ойынға қатысушылар екі командаға белініп, аланың қарама-қарсы жағындағы өз сзызығының (жеребе бойынша анықталған) бойында қатар түзеп тұрады. Сайлап алынған команда капитандары ойынды қайсысы бастайтын анықтау үшін жеребе тастайды. Ойынды бастайтын команда капитаны орамалды қолына алып, қарсы жақ командаға барады да, кез келген бір ойыншының көзін таңады. Содан кейін: «Алға бас!» — деген пәрмен береді. Ойыншы алға қарай жүреді. Ол ор сзызығына жеткенде өз командасының ойыншылары: «Ордан секір!» — деп айқайлады. Ойыншы орга түспей секіріп өтуге тырысады. Егер сөтсіз секіріп қалса, қарсылас жақтың командасына барып қосылады. Осыдан кейін келесі команданың ойыншысы шығады. Осылайша белгілі бір уақыттан кейін немесе барлық ойыншының көзі таңылып, бір-бір реттен жаңылғанша ойын жалғаса береді.

Ойын аяқталған кезде әр командада неше ойыншы бар екені саналады. Қай командада ойыншы саны көп болса, сол команда жеңген болып есептеледі.

Ережелер: 1. Бір ойыншының көзін екі рет таңуға рұқсат етілмейді. 2. Екі көзі таңылған ойыншыға дер кезінде команда бермей жаңылыштыруға болмайды. 3. Қарсы коман-

да ойыншыларының «Секір!» деп пәрмен беруге құқы жок. Бұл ережені бұзған ойыншы қарсы команданың «тұтқынна» алынады.

Алшы

Алшы — асық ойындарының бір түрі. Алшы ойынын бес ойыншы топ құрап ойнайды.

Ойынның мазмұны. Жарыс жекелей есепте өтеді. Топтағы ойыншылар көнге бір-бір асықтан тігеді де, төреші олардың сақаларын иру арқылы ойнау кезектерін анықтайты. Бірінші кезекке ие болған ойыншы сақасын көннен альстай жерге иреді. Себебі, сақасы тейке түсे қалса, оны ойыннан шығару үшін өзінен кейінгі ойыншы тейке түскен сақаны көннен тұрып атады. Егер тигізсе, бірінші ойыншы ойыннан шығып қалады. Ал тигізген ойыншы көннен бір асық алады да, сақасы түскен жерден өз кезегі келгенде көндегі асықты атады. Осыдан кейін үшінші кезектегі ойыншы сақасын иреді. Егер сақасы алшы түссе, көннен бір асық алады да, өз кезегі келгенде сақасы жатқан жерден асықты атады.

Егер бірінші кезектегі ойыншының сақасы бұк не шік түссе, сақасы орнында жата береді де, келесі кезектегі ойыншы сақасын ируді бастайды. Ойын осылай жалғаса береді. Мәселен, соңғы ойыншының сақасы тәйкесінен түссе, онда бірінші кезектегі ойыншы оның сақасын өз сақасының жатқан орнынан атады. Тигізсе, бір асық алады да, сақасы түскен жерден өз кезегі келгенде көндегі асықтарды ататын болады. Тигізе алмаса, онда өзі ойыннан шығады.

Ойыншы асықты атқан кезде сақасы да, асығы да бұк (шік, алшы, тәйке) түссе немесе сақасы ғана алшы түссе, атқан асығын алатын болады. Егер де бұл шарт орындалмаса, асықтарды келесі кезектегі ойыншы атуға кіріседі.

Ойын ережелері. 1. Ойыншылардың ойнау кезегін анықтау үшін сақаны төреші иреді. 2. Ойыншылар үтқан асығының санына қарай үпай жинаиды. Ойын соңында бірдей мөлшерде үпай жинаған ойыншылар өзара кездесу өткізеді. 3. Өр ойын алаңында аға төреші және оның көмекшісі төрелік етеді. 4. Сақалар тексеріледі. Ойында пайдаланыла-тын сақаны жонып не егеп өзгертуге, оған қорғасын құюға болмайды.

Омпы

Омпы — асық ойындарының келесі бір түрі. Омпы ойынын бес ойыншыдан команда құрап ойнайды. Келісім бойынша ойыншылар саны өзгеруі де мүмкін.

Ойыншылар бір түсті спорт киімін киеді. Өр ойыншының кеудесінде нөмірі болады.

Ойынның мазмұны. Ойын командалық есепте өткізіледі. Диаметрі 10 м шеңбер сзызылады. Шеңбердің ортасындағы сзызыққа өз ойыншы өз асығын тігеді. Асықтардың дөл ортасына бір асықты омпсынан (үшкір тұмсығын төмен қаратып) тігеді.

Ойында асықтарды ату кезегі жеребе арқылы анықталады. Команда ойыншылары белгіленген нөмірінің ретімен шеңбер сзызығынан 2 м қашық жерге қатарға тұрады.

Шеңбер ішіндегі асықтардың жаңында тұрган аға төреші ойын басталғандығын хабарлайды. Ал ҳатшы-төреші (көмекші төреші) команда ойыншыларының бірінші нөмірінен бастап асық атуға сереге шакырады.

Ойын ережелері. 1. Өр ойын сайын команда ойыншылары көнге өз асықтарын тігеді. Асықтарды атқан ойыншы омпсыға тигізсе, 5 үпай, асыққа тигізсе, 1 үпай алады. Асыққа тигізген ойыншы атуды қашан тимей қалғанға дейін жалғастырады. Егер де ойыншының сақасы асыққа тимей, алшысынан түсіп тоқтаса, онда қайтадан атуға мүмкіндік алады. 2. Жарыс команда санына байланысты ірі топтарға бөлініп, ойын айналым жүйесімен өткізіледі. Атып алған асықтар мен омпы қайтадан тігілмейді. Жарыстың женімпазын анықтау үшін мәрелік ойындағы толта бірінші орын алған командалар өзара айналым жүйесімен қайта ойнайды. Екінші, үшінші, төртінші, т.т. орын алғандар да өзара қайта ойнайды. 3. Мәрелік ойынға дейін командалар бірдей үпай жинаған жағдайда сол командалардың арасындағы ойын нәтижесі есепке алынады. Бұл нәтижеде бірдей болған жағдайда артықшылық үпайы омпсыны алған командалаға беріледі. Егер де командалардың ешқайсысы омпсыны атып алмаған жағдайда бұл екі командалардың арасында ойын қайта өткізіледі. Ирі топтағы жиналған үпай саны мәрелік ойындарда есепке алынбайды. 4. Өр ойын алаңында аға төреші, төрелік етеді. 5. Сақаның дұрыстығы тексеріледі. Оны жонып немесе егеп өзгертуге және

оган қорғасын қуюға болмайды. Сақага арқардың және еліктің шікі асығын пайдалануға болады.

Бестас

Бестас ойынын 5 ойыншы команда құрап ойнайды. Ойынға 5 домалақ тас пайдаланылады.

Ойынның мазмұны. Ойнаушылар, ен алдымен, кім-кімнен кейін ойнайтынын өздері анықтайды. Ол үшін ойыншылардың әрбірі бес тасты жоғары лактырып, қолдың сыртымен тосып алады да, тағы да лактырып, алаканымен қаршып ұстайды. Ен көп қаршығаны — бірінші, одан кейінгісі — екінші, тағы сол сияқты осы ретпен ойнау кезегіне ие болады.

Бірінші кезек алған ойыншы бес тасты ойын шартын бұзып алғанға дейін ойнайды. Одан кейін екінші кезектегі, ол тоқтаған соң үшінші кезектегі ойыншы ойнайды. Ойын осылай жалғаса береді.

1. **Бірлік.** Бес тасты жерге ііріп тастаған сон, біреуін қақпа тас етіп алғып, қалған төрт тасты қақпа тасты жоғары лактырып, бір-бірлеп қағып алады.

2. **Екілік.** Тастандарды жерге ііріп тастап, қақпа тасты жоғары лактырып, ол темен түскенше жердегі төрт тасты екі-екіден қағып алады.

3. **Уштік.** Бұл да солай, қақпа таспен қатар уш тасты бірге, бір тасты жеке қағып алады.

4. **Төрттік.** Мұнда қақпа тасты жоғары лактырып, ол келгенше төрт тасты жерге қойып үлгеріп, қақпа тасты тағы лактырып, жердегі тастың төртеуін де бірден қағып алады.

5. **Жалақ.** Мұнда уш немесе бес жалақ болады. Қақпа тасты жоғары биіктете лактырып жіберіп, сұқ саусакпен жерді уш немесе ойынның шарты бойынша бес рет «жалатып» үлгеру керек. Уш рет немесе бес рет жалату ойыншылардың өзара келісулері бойынша белгіленеді.

6. **Алақан.** Қақпа тасты лактыра отырып, қалған төрт тасты бір-бірлеп екінші қолдың алақанына жинаиды.

7. **Төртбұрыши.** Төрт тасты төрт жерге қойып, яғни төртбұрыш жасап қойып, содан соң қақпа тасты биіктете лактырып, тастаңдың төртеуін де жинап қағып алу керек. Төртбұрыштың үлкендігі ойыншылардың өзара келісулері бойынша белгіленеді.

8. **Арттан тастау.** Бұл ойында жерден бірінші тасты қағып алған сон, екінші тасты жерден қағып алу үстінде бірінші тасты қолдың артынан жерге тастау керек. Ушінші тасты қағып алу үстінде екінші тас тасталады. Барлығын

тастап болған сон, жердегі тастаңдың бәрін тұтас жинап қағып алу керек.

9. **Үндемес.** Бұл ойынның шарты бойынша қақпа тасты қағып алғанда, ол алақандығы басқа тасқа соғылмауы керек. Ойынның шарты бойынша, үндеместі ойнаған кезде ойыншының өзі де үндемей отыруы қажет. Ал басқа ойыншылар ойынның осындай жағдайын пайдаланып, үндеместі ойнап отырган ойыншыны құлдіруге тырысады. Ойыншы күліп жіберсе, сол арада ойнауын тоқтатып, кезекті келесі ойыншыға беруге тиіс болады.

10. **Сарт-сүрт.** Бұл ойында бірлікегі сияқты әрбір тас бір-бірлеп қағып алынады. Бірақ қақпа тас пен жерден алынған тастың бір-біріне соғылғаны естілуі керек.

11. **Қаршу.** Ойыншы бес тасты жерге ііріп тастап, қақпа тасын қолына алғып, қалған төрт тасты бір-бірлеп қаршып қағып алады.

12. **Нәби.** Бұл ойында сол қолдың бас бармагы мен сұқ саусағын жерге тірер қақпа жасап ұстайды да, он қолмен сол қолдың сыртынан бес тасты алдыға ііріп тастап, қақпа тасты қолына алады. Ал басқа ойыншылар жердегі төрт тастың бірін нәби (ата) саллады. «Нәби» ойыншылардың өзара келісулері бойынша не алдыңғы, не арт жакта жатқан тастаңдың бірі болады. Ойыншы нәбиді ең соңында, яғни басқа тастаңды қақпадан өткізіп болғаннан кейін өткізеді. Ойынның шарты бойынша басқа тастаңды нәбиге тигізіп алмай, бір-бірлеп өткізу керек.

Ойын ережелері. 1. Бес тасты жоғары лактырып, қолдың сыртымен қағып алу керек. 2. Бес тасты түгел жоғары лактырып, қолдың сыртымен тосып алғып, одан қайта лактырып, қаршып ұсту керек. Қанша тасты түсірмей қаршып қағып алса, әр тастан 10 үпайдан жинаиды. Егер бес тасты түгел қаршып алса, онда 50 үпай алады деген сөз. 3. Бес тасты түгел жоғары лактырып, қолдың сыртымен тосып алғып, одан қайта лактырып, алақанмен қағып алу керек. Бес тасты қақкан кезде басқа тастаңды қозғалтуға болмайды және қақпа тасты түсіріп алмау қажет. Ойыншы ойын шартын бұзғанға дейін ойнайды береді. Тек ойын шарты бұзылған жағдайда ғана келесі ойыншыға кезек тиеді. Ал келесі өз кезегі келгенде ойынды бұрын өзі тоқтаған жерден жалғастырып кетеді. Мәселен, қаршуға жетіп, ойынның шартын бұзып алған ойыншы келесі өз кезегі келгенде ойынды сол қаршудан бастайды.

Түйілген орамал

Бұл баскетбол ойынына ұксас. Қөшшілік жағдайда ойынды жаздығуні жазық аланда, басқа кезде кең болмеде ойнауга болады.

Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен, ойнаушыларды өзінің айналасына жинап алып: «Бір, екі, үш», — деп дауыстайды. Осы кезде ойнаушылар жан-жакқа бытырай қашады. Ал ойын жүргізуші қолында түйілген орамалы бар ойыншыны ғана қуады. Ол ойыншы ойын жүргізуші жете бергенде қолындағы орамалды басқа ойыншыға лактырады. Орамалды қағып алған ойыншы алдындағыдай басқа балаға лактырады. Осылайша ойын жүргізуші түйілген орамалды қолына түсіргенше ойын жалғаса береді. Ойын белгіленген шенбердің ішінде ғана отеді, сыртқа шыға қашуға болмайды.

Арқан тартыс

Бұл ойынды жаздығунің көгалда ойнауга болады. Ойнаушылардың саны 10 баладан аспағаны жөн. Ойынға ұзындығы 8—10 метрлік екі ұшы түйілген арқан пайдаланылады. Арқаның тәң ортасына белгі ретінде қызыл мата байланады.

Ойынға қатысушылар бойларына қарай қатарға тұрады да, ойын жүргізушінің берген пәрмені бойынша: «Бір, екі», — деп санап шығады. Содан кейін «бір» дегендері (так) бір жаққа, «екі» дегендері екінші жаққа белінеді.

Арқаның қызыл мата байланған жерін күні бұрын еденге немесе жерге сзызған белгі-сзықтың үстіне дәл келтіреді де, екі жақтың ойыншылары арқаның сол белгісінен бастап бірінің артынан бірі қос қолдан ұстап, тартып тұра қалады. Егер де бәрі бірдей арқаннан ұстауға қолданры сыймаса, онда соңғылары алдыңғылардың белінен үстайды. Ойын жүргізушінің берген белгісі бойынша екі команда арқанды екі жаққа қарай тарта жөнеледі. Ойынның максаты — қарсыластың бір не бірнеше ойыншысын ортадағы сзықтан өз жағына тартып өткізу. Команданың ортаңғы сзықтан өтіп кеткен ойыншысы ойыннан шығып жатады.

Қай команда қарсылас команданың ойыншыларын түгелдей ортанғы сзықтан өз жағына тартып өткізсе, сол команда үтқан болып есептеледі.

Ойнаушылардың келісулері бойынша ойынды қайталап ойнауга да болады.

Пушбол

Бұл ойын өз атавын ағылшының «пуш» (итеру) және «бол» (доп) деген сөздерінен алған. Пушболдың кең таралған екі түрі бар: ауадағы және жердегі ойын. Оларға арналған жабдық та өте қаралайым.

Аудада ойналатын ойын үшін көдімті үрленген шар пайдаланылады. Оны жоғары лақтырсан, өзі ақырындаң төмен түседі.

Алаңы — волейбол немесе баскетбол алаңы. Егер кегал жерді алан ретінде пайдаланса, аумағы 20×10 м болатын тік төртбұрыш жерді жалаушалармен қоршайды.

Ойыншылар үш-үштен екі команда болып ойнайды. Шар алаңының ортасында жоғары лақтырылып ойынға қосылады. Әрбір команда ойыншыларының міндеті — шарды саусақтың ұшымен немесе алақанмен жоғары қарай ұра отырып жерге түсірмеу және қарсыластар алаңының сыртына дейін жеткізу. Мұндай жағдайда команда бір үпай алады. Қай команда бірінші болып 5 үпай жинаса, сол үштік (команданы құрайтын үш ойыншы) жеңіске жетеді.

Секіріп қалып, ептеп жүгіріп қойып ойнайтын бұл көңілді ойынның мынадай ережесі бар: шарды ұстап жүгіруге және оны буйір сзықтан сыртқа жіберуге болмайды. Мұндай жағдай бола қалса, шар қарсыластарға беріледі. Ойынды бастаудың алдында 2-3 шар үрлеп алған дұрыс, себебі ауа шары тез жарылып қалуы мүмкін.

Пушболдың екінші түрі үшін шар емес, су добы сияқты үрlep толтырылған жеңіл доп пайдаланылады. Доп жоғары көтеріліп үшпау үшін оған тесігі арқылы 1,5—2 кг күмсалынады. Пушболдың бұл түрі үшін алдыңғыдай алан немесе одан бірнеше метр кең алаң керек.

Әрқайсысы үш ойыншыдан тұратын командалар ойынды тағы да ортадан бастайды. Мұнда допты ауаға көтеруге болмайды, оны алаңда дөңгелетіп алғып жүру керек. Ойыншылардың міндеті — допты бір-біріне дөңгелету арқылы қарсыластар алаңының сыртына дейін жеткізу. Осыны орындаған команда бір үпай алады. Ойын белгіленген үпай (5—10) жиналғанға дейін ойналады.

Ойын барысында итеру, шалу, сондай-ақ допты аяқпен тебу — ойын тәртібін бұзғандық болып есептеледі.

IV тарап. ГИМНАСТИКА

1. Теориялық мәліметтер

Дене даярлығын жетілдіруде гимнастиканың маңызы зор. Гимнастика арқылы сымбаттылық пен өсем қимыл-қозгалысқа ғана емес, ерік-жігер қасиеттеріне де қол жеткізуге болатынын адамның күнделікті іс-әрекеті дәлелдейді. Гимнастика сабагы тепе-тендікті сақтауға, дене мушелері мен бұйндардың еркін қозгалысына және денениң үйлесімді дамып-жетілуіне септігін тигізді. Бұл өз кезегінде жасөспірмдердің болашакта қасиеттерінде шеберлікті табысты менгеруіне бастама болады. Сонымен қатар гимнастика жаңа жаттыгуларды жылдам менгеру қабілеттілігі секілді қасиеттерді дамытады.

Гимнастика шаршау сезімін басуға, көніл күй, ақыл-ой және жұмыс қабілеттілігін арттыруға, адамның сергек журуіне септігін тигізді.

Гимнастика сабактарындағы қауіпсіздік ережелері:

- денені қыздырып алмай күрделі жаттыгуларды орындауға болмайды;
- гимнастикалық құрал-жабдықтарда тек қана мұғалімнің көмегімен жаттығу керек;
- жүгіріп келіп секіретін жолда және секіріп түсетін орында тұруға болмайды;
- секіріп түсетін орынға гимнастикалық төсөніш (маты) төсөлуі қажет. Төсөніштерді еденге жайғанда, оның жоғарғы беті тегіс болуы тиіс.
- спорт жабдықтарынан (ат, бөрене, гимнастикалық қабырға) секіргенде, жерге міндетті түрде екі аяқпен серішпелі түрде, екі аяқтың ұшымен жұмсақ тусу керек;
- бірінің артынан бірі жүріп келе жатқан кезде және жаттығу орындау барысында арақашықтық қатаң сақталуы қажет;
- қоссырықтың биіктігін өзгертуенде, бұрандаларды босатып, әр сырғауылдың екі шетін бір мезгілде көтөріндер;
- қоссырықтың сырғауылдарын жоғары және төмен түсіргенде, оның темір тірекшінен емес, сырғауылы-

- нан үстандар. Жаттығуды орындаудың алдында барлық бұрандалар бекітілген-бекітілмегенің тексеріндер; — снарядты алдын ала еңкейтіп, секіретін жабдықтың аяқтарын кезекпен әр жағынан қозғандар;
- арқан бойымен жоғарыдан төмен түскенде, екі қолмен кезек үстап, екі аяқпен демеп, асықтай тұсу керек;
- гимнастикалық таяқшамен немесе секіртпемен жаттығу орындағанда, оларды жақын тұрган балаларға тигізіп алмауды ескеру керек;
- гимнастика сабагында міндетті түрде арнаулы киим киу қажет;
- арнайы құрылымдар және арба болмаса, ауыр гимнастикалық құрал-жабдықтарды алып жүргүре, кетеруге рұқсат етілмейді;
- гимнастикалық құрал-жабдықтардың колдануға жарагымдылығын анықтап алу қажеттігін ұмытуға болмайды. Құрал-жабдықтардың таза болуын, тот баспауын қадағалап отыру керек. Снарядтардың бекітілуі мүқият тексерілуі қажет.

Тацертенгілік гимнастикаға арналған жаттыгулар жиынтығы. Тацертенгілік жаттыгулар жиынтығын құрасытуры ушін мынадай жайтарды ескеру керек: жаттығулар жиынтығын орындау ұзақтығын; жаттығулар санын; жаттығулар реттілігін; әр жаттығуды қайталау саны мен екпінін; оқушыда бар жекелеген кемшіліктерді түзетуге арналған жаттыгулардың арнайы бағыттылығын, т.б. Жаттығуларды іріктегенде, оларды оқушылардың жеке ерекшеліктері мен денсаулық жағдайларына байланысты таңдаған жөн. Салқын тиіп ауырып тұрганнан кейін, әдеттегі 6—8 жаттығудан тұратын тацертенгілік гимнастика жиынтығын өте баяу екпінде, жаттығулар арасында 20—30 с үзіліс салып орындау қажет. Бұл ретте жүрек соғысының жиілігі минутына 110—125-тен артпау керек. Денсаулықтары мықты, денесі жаттыққандарда ол минутына 140—155-ке жетуі мүмкін.

Жаттығулар жиынтығын орындау ұзақтығы 40—80 с-ка созылатын журу мен жүгіруден (бір орында да орындауға болады) басталады. Жалпы дамыту жаттығуларының алуды терендету, кол мен иық белдеуі еттерін жетілдіру, кеуде және аяқ еттерін дамыту реттілігімен алмастырып отыру қажет болады. Өрбір жаттығу оның орын-

далу екпіні мен тыныс жиілігін біртіндеп арттырумен орындалады және өрқайсысы кем дегенде 8—10 рет қайталанады. Жаттығуды іркеп алғанда, күні бойы аз қозгалыста болатын еттерге (арқаның, іштің, омыртқаның және жамбастың) ерекше назар аударылады. Иілгіштікті, күшті, секіргіштікті, тұлғаны ретке келтіретін; жалпақ табандылықтың алдын алатын, т.б. арнайы жаттығулар қарастырылады. Бұл жаттығуларды орындау кезінде өртүрлі ауырлықтарды (батпан, секіртпе, т.б.) пайдалануға болады. Жаттығулар секірулермен, жүгірістермен және журумен (1,5—2 мин) аяқталады.

Таңтеренгілік гимнастиканың жалпы ұзақтығы 12—15 мин, жаттығулар саны 10—12 болуы керек. Қозгалыс қасиеттерін дамытуға бағытталған, сонымен бірге жүктемелермен жасалатын жаттығулар таңтеренгілік гимнастиканың екінші жартысында орындалады. Олар арасына 15—20 с үзіліс жасап орындалады.

Бастапқы кезде таңтеренгілік гимнастикаға енетін жаттығулар тізімін оқушылар өздері жасап, оны дene тәрбиесін пөнінің мұғаліміне көрсетіп, оның ұсыныстарына мән бергені жөн.

2. Жалпы дамыту жаттығулары

Сапта тұрып орындалатын жаттығулар. Мектеп гимнастикасында сапта тұрып орындалатын жаттығулар мен сапты қайта құрудың қолданбалы және тәрбиелік мәні зор. Бұл жаттығулар ағзаның күйін көтеруге мүмкіндік туғызады, оқушыларды тоptық және командалық іс-кімділдердің дағдыландырады; табандылық пен қайсарлыққа, кімділ әдемілігін сезінуге тәрбиелейді.

Бір орында тұрып орындалған жүгірістен лекпен және қатармен алға қарай жүргүре ауысу. «Тура жур!» пәрмені бойынша он аяқпен бір қадам жасап, қозгалысты толық адыммен сол аяқпен бастау керек. Қозгалыс кезінде онға және солға бұрылу «Онға!», «Солға!» пәрмендері бойынша орындалады. Онға бұрылу үшін пәрмен он аяқты жерге қоюмен бір мезгілде беріледі. Бұл пәрмен бойынша сол аяқпен толық адым жасап, сол аяқтың ұшымен бұрылып, онымен бір мезгілде он аякты ілгері бағыттау, қозгалысты

жаңа бағытта жалғастыру қажет. Солға бұрылу да осыған ұксас жүзеге асырылады, пәрмен тек сол аяқты жерге қоюмен бір мезгілде беріледі. Бұрылыстар кезінде қолды денеге қысуға болмайды.

Залдың немесе алаңың шеті бойынша жүру.


Бұл мұғалімнің: «Сынып (топ), залды (алаңды) айналып шығуға адымда bas!» — пәрмені бойынша орындалады. Осы пәрмен бойынша сынып залдың (алаңың) шетін бойлай қозгалады.

Қозгалыста бір лектен үш (төрт) лекке қайта сапқа тұру. Мұндай қайта сапқа тұру тәсілі «Солға үш-үштен (төрт-төрттен) қадам bas!» пәрмені бойынша жүргізіледі. Лекте келе жатқан оқушылар осы пәрмен бойынша солға бұрылып, тұра қозгалады. Келесі үштік (төрттік) оқушылардың бірінші үштігі (төрттігі) бұрылған жерде пәрмененіз солға бұрылады. Мұғалімнің «Аралық пен арақашықтық еki (немесе үш) қадам» пәрмені бойынша қозгалыс барысындағы оқушылардың лектегі аралығы мен беталысы қайта құрылады.

Қозгалыс кезіндегі бұрылыстар жасауды үйрену, әдетте, сабактың кіріспе белімінде сыныптың барлық оқушыларын қатыстырып жүзеге асырылады.


Құралсыз жасалатын жаттығулар (34-сурет):

1. Бастапқы қалып: сол аяқпен тізерлеп отыру, екі кол артта, басты қеудеге қарай енкейту. Тұру, қолды жоғары созу, шалқаю (дем алу). Бастапқы қалыпқа келу (дем шығару, 4—6 рет қайталau).
2. Бастапқы қалып: екі аяқты бірге қою, екі алақанды ілгері қаратып жоғары ұстau, шалқайып тұру (1—2 рет). Сол жақ тізені бұғіп, жоғары көтеру және басты алға қарай еңкейте майдайды тізеге тигізу, қолды алға жіберіп, кейін алғы кету. Аяқты түсіріп, қолды жоғары көтеріп шалқаю. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (6—8 рет қайталau).
3. Бастапқы қалып: екі тіземен тізерлеп тұру. Басты солға (онға) бұра, қолдарды шынтақ буыншанан барынша бұгу. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші жакқа да осылай жасау (3—5 рет қайталau).



34-сурет

4. Бастапқы қалып: екі қолмен еденге тіреліп жату. Жамбасты бұра отырып, сол аяқты артқа көтеріп он аяқтың үстінен асырып қою. Бастапқы қалышқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (4—6 рет қайталу).
5. Бастапқы қалып: сол қолға тіреле, бір бүйірлеп, шынтақтап жату. Сол жақ санмен отыру. Бастапқы қалышқа келу. Екінші бүйірмен де осылай жасау (3—5 рет қайталу).
6. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. Тізеден бүгілген сол аяқты көтеру. Оны жанға бұрып өкету (алып кету). Тіке үстап артқа жазу. Бастапқы қалышқа келу. Он аяқпен де осылай жасау (4—5 рет қайталу).
7. Бастапқы қалып: артқа тіреліп отырып, аяқтарды тіке үстау. Сол аяқты тіке көтеріп, онға қарай алып кетіп еденге тигізу (3—4 рет қайталу). Бастапқы қалышқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (6—8 рет қайталу).
8. Бастапқы қалып: шалқалап жату, қолды кеуденің жаңына созып үстау. Тіке үсталған екі аяқты бастан асырып, аяқтың үшін еденге тигізу. Бастапқы қалышқа келу (4—6 рет қайталу).
9. Бастапқы қалып: аяқтың арасы алшак қойылады, қол белде. Сол аяқпен отыру, тіке үсталған он аяқ алда, қол белде («пистолет»). Артқа аунап түсіп, сол аяқты құшақтап алу. Бастапқы қалышқа келу (3—4 рет қайталу).
10. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. Қолды солға сілтей дененің салмағын түзулениң сол аяққа түсіріп, аяқтың үшімден кері айналу. Он аяқпен артқа аттап түсіп, қолды алға үстау. Бастапқы қалышқа келу. Он аяқпен де осылай жасау (2—4 рет қайталу әр жаққа).
- 11—12. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қол желкеде. Сол аяқтың үшімден секіру; он аяқты алға сілтеу. Он аяқпен де осылай жасау. Екі аяқпен ілгері қарай секіру. Екі аяқпен артқа қарай секіру. Екі жанға секіру. Аяқтарды бірге үстау. Бастапқы қалышқа келу (4—6 рет қайталу). **Доппен жасалатын жаттығулар (35-сурет):**
1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, он аяқты артқа қойып, үшімден тұру, доп төменде. Допты бастан асыра көтеріп, шалқаю. Қолды шынтақтан бүгіп, допты желкеде үстау. Қолды жазып, допты жоғары үстау, белді қайқайту. Бастапқы қалышқа келу (5—6 рет қайталу).



35-сурет


2. Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, доп төменде. Өкшеге отырып, жауырынды жазып алға енкею, қолдарды тұра үстап допты жоғары көтеру, допка қарау. Бастапқы қалыпқа келу (6—8 рет қайталау).
3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, допты тұра үстau. Қеудені солға бұра допты бір алақанда үстап, қолды жанға жазу. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші жаққа да осылай жасау (6—8 рет қайталау).

4. Бастапқы қалып: шалқалап жатып, допты тіке жазылған аяқ табандарының арасымен қысып үстau, қолдарды қeуде жанында, алақанды төмен қаратып үстайды. Допты қысып үстап аяқтарды жоғары көтеру, допты бастан асыра еденге тигізу. Допты тіке үстап жоғары көтеру, оларды бастапқы қалыпна тусіру.
5. Бастапқы қалып: шалқалап жатып, екі аяқты тізеден бүгіп, олардың арасын иық кендігіндей етіп ашу. Жартылай бүгілген қолдағы допты бастан асыра еденге тигізіп үстau. Аяққа және допқа тіреле жамбасты көтеріп «көпір» жасау және аяқты тіке жоғары көтеру. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (4—6 рет қайталау).
6. Бастапқы қалып: алға басқан сол аяққа отыру, допты артқа тіке жазылған қолдарда үстau. Тізеден бүгілген сол аяқты жаза отырып ілгері қарай серіппелі түрде енкею, осымен бір мезгілде доп үстеган қолдарды барынша артқа созу. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (5—7 рет қайталау).
7. Бастапқы қалып: негізгі түріс, допты төмен үстau. Допты жоғары лақтыру. Доп жоғары үшқанда отырып, бастан асыра тіке үсталған қолмен оны үстап алу (3—4 рет қайталау). Қолдарды бүгіп допты желкеде үстau (5—6 рет қайталау). Допты жоғары лақтырып, доптың үшүү кезінде орнынан тұру (7—8 рет қайталау). Бастың жоғары жағындағы допты үстau, бастапқы қалыпқа келу (8—12 рет қайталау).
8. Бастапқы қалып: аяқтарды тізеден бүгіп бір-бірінен алшақ үстau, қеудені ілгері енкейтіп, тұра үсталған қолдардағы допты еденге тигізу. Тізені жаза тез шалқайып, допты артқы қабыргаға лақтыру. Кері айналып екі қолмен допты үстап алу (7—9 рет аралығында).
9. Бастапқы қалып: аяқтар алшақ, доп табандар аралығында. Допка секіріп шығу. Бастапқы қалыпқа келу (9—11 рет қайталау).
10. Бастапқы қалып: допты табан арасымен қысып үстau. Аяқтарды артқа қарай бүгіп секіру, допты бастан асатындей етіп алға жоғары қарай лақтыру. Допты алдыңғы жақтан қолмен үстau (5—7 рет қайталау).
11. Бастапқы қалып: негізгі түріс. 180°-қа бұрыла допты қеудеден бір қолмен жоғары қарай лақтыру, оны тік

созылған қолдармен ұстап алу; екінші қолмен де осылай жасау. Жылдам екпінде 40—60 с бойы орындау.

Кіші (теннис) донтармен жасалатын жаттығулар (36-сурет):

1. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы алшак, допты алда, төмен ұстая. Қолдарды жоғары көтере шалқаю. Қолды бүтіп, допты желкеге тигізу. Қолды жоғары созып отыру. Бастапқы қалыпқа келу (6—8 рет қайталадау).
2. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы алшак, қолдар жанда, допты төмен қаратып сол қолдың алақанында ұстая. Допты тастап жіберіп, ол шоршығаннан кейін кеудені солға бұра бере допты он қолмен ұстап алу. Екінші қолмен де осылай жасау (8—10 рет қайталадау).
3. Бастапқы қалып: ішпен жатыш, допты екі қолмен жоғары көтеріп ұстая. Шалқаю, допты көс қолмен желкеге апару (3—4 рет қайталадау). Бастапқы қалыпқа келу (5—7 рет қайталадау).
4. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолдарды жанға созу, доп сол қолда. Сол аякты алға көтеру. Допты аяқтың астынан оңға қарай үштаптыңдай етіп еденге жай соғу. Аякты жіберіп, он қолмен допты ұстап алу. Екінші аяқтың астынан да осылай жасау (7—8 рет қайталадау).
5. Бастапқы қалып: аяқтарды жазып отыру, сондай-ақ қолдарды жанға созу, доп сол қолда. Аяқтарды тіке ұстап көтеру және қолдарды төмен түсіріп, тізенің астынан допты сол қолдан оң қолға ауыстыру. Аяқтарды түсіріп, қолдарды жанға созу (доп оң қолда). Оң қолдан сол қолға допты ауыстырып, осылай жасау (7—9 рет қайталадау).
6. Бастапқы қалып: аяқтардың арасын иық көндігіндегі етіп ұстая, қолдарды алға созу, доп сол қолда. Саусақтарды жазу, допты сол қолдан түсіріп жіберіп, жылдам отыра бере еденге жеткізбей екі қолмен ұстап алу. Тік тұру. Оң қолмен де осылай жасау (8—10 рет қайталадау).
7. Бастапқы қалып: екі қолмен еденге тіреліп жату, доп қолдардың арасында еденде жатады. Допты сол қолмен ұстап, кеудені солға қарай бұра оң бүйірмен тіреліп жату. Доп ұстаган сол қолды жоғары көтеру. Оң қолмен де осылай жасау (5—7 рет қайталадау).
8. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, допты екі қолмен төмен ұстая. Сол аякты алға көтеру, он қол алда, доп жанға созылған сол қолдың алақанында. Допты алақанда ұстап, он аяқпен отыру. Допты алақанда ұстап тұрып



36-сурет

кету. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші қолмен де осылай жасау (5—9 рет қайталадау).


9. Бастапқы қалып: түрекеліп тұру, допты табанның арасына қысып ұстая. Допты аяқтармен алға-жоғары ла-

тырып, екі қолмен ұстап алу. Бастапқы қалыпқа келу. Екі қолмен допты алма-кезек ұстап алғып осылай жасау (10—12 рет қайталау).

- Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, допты қеуде түсында екі қолмен ұстап тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшына тұру, шалқаю. Қол қеудеде. Алға еңкею, қолды төмөн жіберіп, допты еденге тигізу. Бастапқы қалыпқа келу (4—6 рет қайталау).

Гимнастикалық таяқпен жұптастып жасалатын жаттыгулар (37-сурет):


- Бастапқы қалып: бір-біріне қарама-қарсы тұру, таяқты алда, төмөн ұстасау. Сол аяқты жанға сілтеген мезгілде таяқты жоғары көтеру. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (6—8 рет қайталау).
- Бастапқы қалып: бір-біріне арқасын беріп тұру, таяқты бастан жоғары ұстасау. Бір мезгілде сол аяқпен алға аттасау. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (5—7 рет қайталау).
- Бастапқы қалып: «А»—аяқтың арасын иық кендігіндей етіп ашып, шынтақ бунынан бүгілген қолдарымен таяқтан ұстайды. «А» солға ілledі; «Б» таяққа шамалы гана салмақ салып, илуге көмектеседі. Бастапқы қалыпқа келу (7—9 рет қайталау). («А» әрпі бір оқушының қымылын, «Б» әрпі екінші оқушының қымылын бейнелейді.)
- Бастапқы қалып: арқаларын бір-біріне беріп, аяқтарын тіке жазып отыру, таяқты көтеріп ұстасау. «А» алға еңкейеді; «Б» табанымен еденге тіреле көтеріліп, «А»-ның иғына жатады. Бастапқы қалыпқа келу (4—6 рет қайталау).
- Бастапқы қалып: «А» етпептеп жатады, таяқ жауырында, ол желкеге қарай ілген қолдармен қысылған, саусақтар айқасқан; «Б» аяғын алшақ қойып тұрады, таяқтың екі шетінен ұстап ілгері еңкейеді. «А» артқа баяу шалқаяды, «Б» таяқты ақырын ғана жоғары тартады. «А» бастапқы қалыпқа баяу келеді; «Б» таяқты женилдеу тартып ұстайды (3—5 рет қайталау).
- Бастапқы қалып: «А» шалқалап жатады, таяқ жауырының астында, саусақтар айқасқан; «Б» аяқтарын алшақ қойып еңкейеді де, екі қолмен таяқты ұстайды. «Б» таяқты 1—2 рет жоғары тартып, «А»-ны аяғына тұр-



37-сурет

- ғызды, қызыбалар — отыру жағдайына дейін. Бастапқы қалыпқа келу (4—6 рет қайталау).
- Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып, бір-біріне қарама-қарсы тұру. Оң қолды жоғары, сол қолды төмөн ұстап, араларында тік орналасқан таяқтан ұстасау. «А»

- серігінің қолынан таяқты бұрып, тартып алмақшы болады, ал «Б» оған қарсылық жасайды. Бастапқы қалыпқа келу (3—4 рет қайталау).
8. Бастапқы қалып: «А» шалқалап жатады. Қолды кеуде түсінә қойып, таяқты екі шетінен көлденен ұстайды; «Б» қолдарымен таяқты тіреп ұстап, серігінің бас жағында тіреліп (таянып) жатады. «А» қолдарын тіке, бастаң асыра жазып ұстайды, «Б» қолдарын шынтақтан бүгеді. «А»-ның қолдары тіке жазылып, таяқтың шетінен ұстаган күйде «Б» қолдарын жазады. «А» қолдарын бүгеді, «Б»-ның қолдары тіке жазылып ұсталады. Бастапқы қалыпқа келу (8—10 рет қайталау).
 9. Бастапқы қалып: бір-біріне арқаларын беріп, таяқты жоғары созып көлденен ұстайды. «А» алға еңкейіп, «Б»-ны жауырынында көтеріп ұстайды. «Б» екі қолмен таяқтан ұстап, артқа қарай аударылып еденге түседі. Бастапқы қалыпқа келу (4—5 рет қайталау).
 10. Бастапқы қалып: «А» аяқтарын алшақ қойып, таяқтың оң жақ шетінен екі қолымен алға көлденен ұстап тұрады; «Б» таяққа қарсы тұрып, сол қолын «А»-ның иығына қойып тіреледі де, он қолымен таяқтың бос шетінен ұстайды. «Б» аяқтарын бүгіп, таяқ арқылы секіруді 1—2 рет орындалады (3—4 рет қайталау).
 11. Бастапқы қалып: уш-төрт адым қашықта бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Екі қолмен таяқты көлденен бір-біріне лактыру, таяқты жоғарығы және төмөнгі жағынан ұстау. Бір қолмен де осылай жасау. 30—50 с ішінде орындалады.
- Секіртпемен (скакалкамен) орындалатын жаттыгулар (38-сурет):**
1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секіртпені төрт бүктеп екі колда ұстау. Секіртпені кере отырып қолды жоғары көтеру, сол аяқтың ұшын жанға қойып шалқаю. Секіртпені кере отырып бастапқы қалыпқа келу (4—7 рет қайталау).
 2. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секіртпені төрт бүктеп артта ұстау. Еңкейіп, секіртпені сирақтың ортасына дейін түсіру, уш рет серіппелі түрде еңкею; қолды бүге отырып өрбір ретте кеудені аяқтарға жақыннату. Бастапқы қалыпқа келу (5—8 рет қайталау).
 3. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, екі бүктелген секіртпені төмөн ұстау. Секіртпені кере қолдарды жоғары



38-сурет


- көтеру. Сол аяқтың ұшын жанына қою. Солға қарай серішпелі түрде еңкею. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяққа да осылай жасау (4—6 рет қайталау).
4. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы алшақ, секіртпені сол аяқ табанымен басып тұру. Қолды шынтақтан бүгіп, секіртпені керіп ұстау. Он аяқпен секіртпені кере отырып тізеден бүгілген сол аяқты көтеру. Секіртпені аяқпен кере сол аяқты алға тузу ұстап, тепе-тендікті сақтау. Бастапқы қалыпқа келу (4—8 рет қайталау). Екінші аяқпен де осылай жасау.
 5. Бастапқы қалып: секіртпенің екі шетінен ұстап, оны табанмен басып тік тұру. Сол аяқпен алға аттап түсү, секіртпені кере қолды жанға созу. Сол аяқты серіппелі

түрде бұгу. Бастапқы қалып: екінші аяқпен де осылай жасау (5—9 рет қайталау).

6. Бастапқы қалып: артқа тіреліп отыру, аяқтардың арасы алшак; секіртпен екі бүктеп, керіп ұстасу. Ілгері еңкею, қолды алға айналдырып әкеліп секіртпен табанға тигізу. Бастапқы қалыпқа келу (6—7 рет қайталау).
7. Бастапқы қалып: екі бүктелген секіртпені жауырын сұртында тіке созылған қолмен ұстап, ішпен жату. Бір-ғе, тіке ұсталған аяқтарды артқа қарай көтеру, сонымен бір мезгілде секіртпені кере отырып, қолды артқа қарай көтере шалқаю. Осы қалыпты ұстап тұру. Бастапқы қалыпқа келу (3—5 рет қайталау).
8. Бастапқы қалып: екі бүктелген секіртпені табанмен кере аяқтарды жоғары тіке ұстап шалқалап жату. Аякты бүкпей, секіртпені кере артқа аударылып түсіп, аяқтың ұшын еденге тигізу. Бастапқы қалыпқа келу (4—5 рет қайталау).
9. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секіртпені артқа тік созылған қолдарда ұстасу. Секіртпені артқа айналдыра отырып екі аяқпен секіру. Орнында тұрып журу (3—6 рет қайталау).
10. Бастапқы қалып: секіртпені екі бүктеп, сол қолда ұстап, жартылай отыру. Секіртпені алға қарай айналдырып екі аяқпен секіру. Сол қолда ұсталған секіртпені артқа — жанға айналдыра отырып орнында тұрып журу (2—4 рет қайталау).
11. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секіртпе артқа жіберілген қолдарда. Секіртпені алға айналдыра отырып екі аяқпен төрт рет секіру. Қолды алға айқастырып ұстап айналдыру (3—6 рет қайталау).

Жұппен жасалатын жаттығулар жиынтығы (39-сурет):

1. Бастапқы қалып: кол ұстасып, бір-біріне қарама-қарсы тұру. Қолды екі жаны арқылы жоғары көтеру, сол аяқты артта ұстасу. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (4—6 рет қайталау).
2. Бастапқы қалып: қолдарын төмен ұстап, бір-біріне арқаларын беріп тұру. «Б» «А»-ның қолының басынан ұстайды. Сол аяқтың ұшын жанға қояды, оң қолды жоғары көтеріп солға енкейеді. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші жаққа да осылай жасау (5—7 рет қайталау).




39-сурет

3. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы алшак; бір-бірінің иықтарынан ұстап, алға енкейіп, қарама-қарсы тұру. Алға қарай серішпелі түрде еңкею. Солға бұрылу. Екінші жаққа бұрыльыс жасай осы іс-кімұлды орнындау (5—7 рет қайталау).
4. Бастапқы қалып: қолдарын жоғары көтеріп ұстап, бір-біріне арқаларын беріп тұру. Бір мезгілде сол аяқпен


- ілгері аттаң, артқа шалқаю. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (6—8 рет қайталау).
5. Бастапқы қалып: бір-біріне қараларын беріп, қолдарын шынтақтан іліп алу. Жартылай отыру. Бастапқы қалыпқа келу (10—15 рет қайталау).
 6. Бастапқы қалып: серіктерінің иығына қолды салып, бір-біріне қарама-қарсы тұру. Сол аяқты алға—онға қарай сілтеу. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай істей (8—9 рет қайталау).
 7. Бастапқы қалып: табандарын тіреп, қарама-қарсы отыру, аяқтарын тізеден бүгіп, қолдарынан ұстау. Сол аяқты жоғары көтеріп созып ұстау. Бастапқы қалыпқа келу. Оң аяқпен де осылай жасау (5—6 рет қайталау).
 8. Бастапқы қалып: табандарын тіреп, аяқтарын алшак қойып, бір-біріне қарама-қарсы отыру, он қолдарымен ұстасады. Біреу алға енкейсе, екінші шалқаяды. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші жаққа да осы іс-кимылды орындау (4—5 рет қайталау).
 9. Бастапқы қалып: аяқты алшак ұстал, тіреліп жату. «Б» «А»-ның аяғынан өзінің белі деңгейінде ұстайды. «А» қолын бүгеді, «Б» жартылай отырады. Бастапқы қалыпқа келу (8—10 рет қайталау).
 10. Бастапқы қалып: «А» тізерлеп отырып, сол қолын алда, он қолын жоғары ұстайды; «Б» оған қарама-қарсы он аяғын алға кояды да, он қолымен «А»-ның сол қолын ұстайды. Артқа қарай шалқаю. Бастапқы қалыпқа келу (6—8 рет қайталау).
 11. Серігін иығына мінгізіп алып 20—25 м жүру.
 12. Бастапқы қалып: бір-біріне қарама-қарсы тұрып, «Б» «А»-ның сол аяғын белінің тузында ұстап тұру. «А» он аяғымен секірулер жасайды. Екінші аяқпен де осылай жасау (3—4 рет қайталау).
- Гимнастикалық орындықпен жасалатын жаттығулар (40-сурет):**
1. Бастапқы қалып: қолды темен ұстап, орындыққа қарап тұру. Орындыққа сол аяқпен шығып, он аяғын тізесінен бүгіп, оны қолымен кеудесіне қарай тартып ұстайды. Оң аяғымен артқа қарай аттаң, бастапқы қалыпқа келу (4—6 рет қайталау).
 2. Бастапқы қалып: жоғарыдағы жаттығудағыдай. Тіке созылған сол аяғын өкшесімен орындыққа қойып, қолдарын жоғары көтеру. Сол аяққа отырып, ілгері қарай

- енкейеді де, қолдарын артқа төмен қарай жібереді. Бастапқы қалыпқа келу (5—7 рет қайталау).
3. Бастапқы қалып: жамбаспен орындықты бойлай отыру. Тіке жазылған он аяғын қолдарымен тарту. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (7—9 рет қайталау).
 4. Бастапқы қалып: орындықты бойлай төрт тағандап отыру. Оң қолы мен сол аяғын жоғары көтеру. Бастапқы қалыпқа келу. Он аяқ және сол қолмен де осылай жасау (4—6 рет қайталау).
 5. Бастапқы қалып: орындыққа сол бүйірін беріп, аяқты алшак қойып тұру. Орындықтың өзіне жақын шетін сол қолмен, ал қашықтау шетін он қолмен ұстау. Қолды



40-сурет

- жоғары тіке жазып орындықты көтеру. Аяқтың ұшына көтерілу. Орындықты он жағына еденге қою (6—8 рет қайталау).
6. Бастапқы қалып: 5-жаттығудағы секілді. Орындықтың өзіне жақын шетін он қолмен, екінші шетін сол қолмен ұстau. Қолды жоғары тіке жазып, орындықты көтеру. Орындықты басқа тигізу үшін қолдарды шынтақтан бұгу. Отыру. Тұру. Орындықты сол буйрден он жакқа, еденге қою (5—7 рет қайталау).
 7. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшак, қолдар төмен. Қолды орындықтың жоғарығы және төменгі кергі тақтайларының арасына жіберіп, орындықтың екінші шетінен ұстau. Қолды тіке жазып, орындықты көтере тұру. Орындықты көтеріп тұрып қолды шынтақтан бұгу. Қолды жазу. Отырып, орындықты еденге қою. Бастапқы қалыпқа келу (8—10 рет қайталау).
 8. Бастапқы қалып: шалқалап жатып қолды бұгу, орындықтың жалпақ жағын төмен қаратып, кеудеде екі шетінен ұстau. Қолдарын тіке жазу. Қолды бүгіп, бастапқы қалыпқа келу. Қолдарды тағы да жоғары жазып көтеріп, сол аяқты көтеру. Бастапқы қалыпқа келу. Он аяқпен де осылай жасау (9—11 рет қайталау).
 9. Бастапқы қалып: аяқты алшак ұстап, орындыққа сол жақ буйрмен тұру; орындықты екі шетінен ұстап, сол иыққа қою; орындықты бір иықтан екіншісіне ауыстыра отырып, 20—30 с бойы жайлап жүру.
 10. Серігін иығына салып, орындықпен журу (6—8 рет қайталау).
 11. Ілгері қарай қозғала екі не бір аяқпен орындық енінен өрлі-берлі секіру (12—13 рет қайталау).
- Гимнастикалық қабыргада орындастырылған жаттығулар (41-сурет):**
1. Бастапқы қалып: жүрелеп отыру. Белгі бойынша жоғарыға өрмеледі жылдам екпінде орындау; төмен қарай бір қолмен түсү (2—4 рет қайталау).
 2. Бастапқы қалып: иық дengейіндегі кергіні он қолмен ұстап, гимнастикалық қабыргада он жақ буйрді беріп тұру. Сол аяқты ілгері-кейінді сілтеу. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (3—4 рет қайталау).
 3. Бастапқы қалып: аяқ ушінші-төртінші сырғықта, қолдың арасын иық кендігіндей етіп ашып, басынан аса-



41-сурет

тын сырғықтан ұстau. Он аяқпен отыру, сол аяқты қабыргадан неғұрлым қашық ұстau. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші аяқпен де осылай жасау (5—7 рет қайталау).

4. Бастапқы қалып: аяқ арасын алшак қойып, бірінші сырғықтан басып тұру, қолмен кеудеде дengейіндегі сырғықтан ұстau. Қолды жазып, алға серішпелі түрде енкейіп асылып тұру. Бастапқы қалыпқа келу (6—8 рет қайталау).

- Бастапқы қалып: аяқ үшінші-төртінші сырғықта, кол кеуде деңгейінде ұсталып, гимнастикалық қабыргаға қарап тұру. Қолды жазып, солға бұрылуу, сол аяқ пен қолды сол жақ бүйірге жіберу; белді қайқайту. Бастапқы қалыпқа келу (6—8 рет қайталау).
- Бастапқы қалып: бетін қабыргаға қаратып еденде тұру, иық деңгейіндегі сырғықтан ұстау. Сол аяқпен артқа аттау. Серішшелі тұрде отыру. Бастапқы қалыпқа келу (4—6 рет қайталау).
- Бастапқы қалып: гимнастикалық қабыргаға қарап, аяқ арасын алшақ ұстап еденде тұру; бел деңгейіндегі сырғықтан ұстау. Оң аяқты он жақ бүйірге жіберіп, сол аяққа отыру. Бастапқы қалыпқа келу (6—10 рет қайталау).
- Бастапқы қалып: аяқ арасын алшақ ұстап, бірінші-екінші сырғықта бетін снарядқа қаратып тұру; бел деңгейіндегі сырғықтан ұстау. Сол аяққа отыру. Серіппелі тұрде отыру. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші жаққа да осылай жасау (4—6 рет қайталау).
- Бастапқы қалып: снарядқа арқасын беріп асылып тұру. Бүгілген аяқтарын көтеру. Бастапқы қалыпқа келу. Аяқты жазып көтеру. Бастапқы қалыпқа келу (5—7 рет қайталау).

Арқанмен жасалатын жаттығулар:

- Бастапқы қалып: топ қатарға тұрады, арқан еденде жатады. Арқанды қолға алу. Қолдарды бүгіп, арқанды кеудеге алу. Қолдарды жазып, жоғары көтеру. Қолды алға ұстау. Қолдарды солға және онға бұру. Арқанды еденге қою. Тік тұру (4—6 рет қайталау).
- Бастапқы қалып: бұл да сондай, арқанды төмендे ұстау. Арқан алға жазылған қолда. Солға ін жасап арқанды бұру. Алға ін жасап әкелу. Бастапқы қалыпқа келу. Екінші жаққа да осылай жасау (5—7 рет қайталау).
- Қозғалыстағы жаттығулар. Бастапқы қалып: окушылар арқанды оң қолдарында ұстайды. Солға адым жасағанда, арқанды көтеріп сол қолдарына ауыстырады; онға қадам жасағанда, арқанды төмөн түсіреді. 25—40 с бойы орындау.
- Бастапқы қалып: аяқты алшақ қойып қатарда тұру, арқан иықта, қолдарды шынтақтан бұгу. Бірінші нөмірлер бастапқы қалыпта қалады да, екінші нөмірлер та-

банда ұстаған арқанды тарта тізені жоғары көтереді. Бастапқы қалыпқа келу. Орындарын алмастыру. Екінші нөмірлер дәл осылай орындаиды (7—8 рет қайталау).

- Бастапқы қалып: арқанды кеуденің алдына алып, еденде отыру. Жатып, арқанды жоғары көтеру. Бастапқы қалыпқа келу (8—9 рет қайталау).
 - Бастапқы қалып: тік тұру. Арқан жоғары созылған қолда. Бају тізерлеп отыру. Бастапқы қалыпқа келу (4—6 рет қайталау).
 - Бастапқы қалып: бірінші нөмірлер қатарға тұрып, арқанды төмен ұстап тұрады. Екінші нөмірлер серіктерінің иығына колын салып арқанға отырады. Бірінші нөмірлер 5—6 адым жасап жургеннен кейін орындарын ауыстырады (2—3 рет қайталау).
 - Бастапқы қалып: арқанды қолда ұстап, негізгі тұрыста тұру. Арқанды қолда ұстап жүгіру, секіру, тіркеме адым жасау, аяқты айқастырып қозғалу. Пәрмен бойынша арқанды жоғары лақтырып екінші қолмен қағып алып, 180°-қа бұрылыс жасау. 60—70 с орындау (2—3 рет).
 - Бастапқы қалып: арқанды аяқ арасына тастап, лекте аяқты алшақ қою. Ілгері-кейін жүгіру, секіру арқылы қозғалғанда аяқты арқанға тигізбей. 25—30 с орындау (2—3 рет).
 - «Нөмірді шақыру» ойыны. Екі команданың да шақырылған нөмірлері саптан шығып, арқан тартысады. Ойын осылай жалғаса береді (өзге түрлөрі: арқан иықта болады, бір-біріне арқасын беріп тұрады).
- Снарядтарда жасалатын жаттығулар.**
- Kіши аттан екі аяқты екі жақта ұстап секіру.* Осы жаттығуды орындау техникасына мыналар жатады: екіншін алыш жүгіру, серпілетін көпірден аяқпен серпілу, снарядта қолды тіреп серпілу, жерге тусу. Кіши аттың ұзындығынан секіру кезінде серпілетін көпірді снарядтан біртіндеп 50 см-ге дейін шегереді. Снарядтың биіктігін ақырындан 120 см-ге дейін осіру кажет.
- Секіру кезінде қауіпсіздік шарасы үйімдастырылуы керек. Ағаш аттан секіру техникасын менгеру үшін төмөндегідей даярлық жаттығуларын алдын ала орындау кажет:
- әртүрлі қалыпта биіктікten секіру;
 - жүгіріп келіп ұзындыққа секіру;

- аяқты тік ұстал, кергіден (жілтен) секіру;
- 40—50 см биіктікте керіліп қойылған жілтен қарғып, снарядтан секіріп түсү;
- серпілетін көпір мен кіші аттың арасына немесе снарядтан кейін керіліп қойылған жілтен аяқты алшақ ұстал секіру.

Белтемірде (ер балалар үшін) асылып тұрып аяқтарды сілтеу. Жаттығу әрекеттері: асылып тұрып күшпен көтеріліп, артқа аударылып түсү; сол аяқты сілтеп, сол аяқпен атша мініп отыру; солға бұрылып, кері айналу (сол колды айналып), таянып тұру; аяқты доғаша сермен, артқа секіріп түсү; асылып тұрып тартылу; білк белтемірде екі аяқты сілтеп, бір аяқты белтемірге іліп, итеріле айналып тіреу; атша мініп отырган жағдайдан алдыңғы аяқты шығарып алыш, екіншісінің жанына өкелу; тіреліп тұрудан бұрыла аяқты сілтей белтемірден қарғып түсү.

Коссырықта (ер балалар үшін) білекке таянып тұрып аяқтарды сілтеу. Артқа сілтегендеге, колдарды бұгу, алға сілтегендеге, колдарды жазып, тұзу ұстасу; алға сілтеудің соңғы кезінде колдарды бұгу, артқа сілтегендеге, колдарды жазып, тұзу ұстасу.

Колды тіреле сілтеу арқылы аяқты бүге көтеріп, сырғауылдарда аяқты жазып отыру, алдыға аударылып түсү. Бұл ретте аяқтардың арасы алшақ болады. Сыргауылдар аралығында аяқты артқа сермей, сырғыққа бетті 90°-қа бұра, аяқты алға сермен, жанға қарғып түсү.

Әртүрлі биіктіктерге сырғық (қызы балалар үшін): жоғарғы сырғықта асылып тұрып, аяқтарды іп сілтеу; аяқтарды бүгіп, төменгі сырғыққа асыла жату; жоғары сырғықтан сол қолмен ұстал, сол жақ санмен отыру, колды жанға созу; төменгі сырғыққа оң қолды тіреп, бұрыш жасап отыру; солға бұрылып, сырғықтан секіріп түсү; асылып жатып белтемірге тартылу (гимнастикалық орындық аяқтарды тіреї).

Өрмелеву. Уақытты есептеп, аралас асылудан үш тәсілмен өрмелеву (арқаның биіктігі: ер балалар үшін 4 м, қызы балалар үшін 3 м); уақытты есептемей, аяқтың көмегінсіз өрмелеву (ер балалар үшін арқаның биіктігі — 2 м).

3. Акробатика

Акробатиканың негізгі элементтеріне мыналар жатады: жауырынмен тұру, баспен тік тұру, қолмен тұру, алға не артқа әртүрлі жағдайда домалап түсулер.

Ер балалар үшін. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, колдар жоғары көтерілген. Бір аяқпен тепе-тендік сақтап, «Қарлығаш» қалпын ұстасу; тіктеліп, оң аяқпен сол аяқтың үстіне айқастыра адым жасау. Кері айналып, таянып отыру. Жинақталып, артқа тоңқалаң асу; аударылып түсіп, жауырынмен тұру; аяқтарды бастан асыра түсіріп, олардың ұшын еденге тигізу; аяқтарды жамбас буынынан жаза алға аударылып түсіп, аяқтардың арасын алшақ қойып, колды артқа тіреу; колдарды алға соза кеудені аяқтарға қарай еңкейту; жазылып-шалқалап жататын қалыпқа келу; аяқтарды бүгіп көпір жасау; жауырынға жатқаннан кейін жинақталу, жазылып, солға бұрылып, кері аударылып ет-петінен жатқан қалыпқа келу (колдарды жоғары көтеру); таянып жату, таянып отыру; бір аяқты серпи, екіншісін сілтей қолға және басқа тұру (осы қалыптарды ұстал тұрмай-ак). Жинақталып тоңқалаң асу, таянып отыру. Колдарды жоғары сілтей биік секіру.

Қызы балалар үшін. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, колдарды жоғары көтеру. Бір аяқпен тепе-тендік сақтап, «Қарлығаш» қалпын ұстасу; «Жұзушінің сөредегі қалпы» (кеудені алға еңкейтіп, колдарды артқа қарай шығарып, жартылай отыру). Жинақталып, алға қарай тоңқалаң асу; артқа аударылып түсіп, жауырынға тұру; аяқты алшақ қойып, отыру қалпына ауысу, колдарды артқа тіреу; кеудені аяқтарға қарай еңкейту; жазылып шалқалап жатқан қалыпқа келу (аяқтарды бүгіп); «Көпірге» тұру. Бір тізерлеп таянып тұрып бұрылып, жартылай шатқа отыру; таянып отырган қалыптан жоғары қарай қолды сілтей секіру.

Бөрене (қызы балалар үшін). Тепе-тендік жаттығулары. Жүрістің әр түрі: аяқтың ұшымен алға аттап басу, адымдау барысында жүрелеп отыру, төбеге зат қойып жүру; көзді байлас, аяқтың ұшымен жүру; адымдалап секіре алға қозғалып жүру. Орнында тұрып бұрылу (табандар бір тұзу сырғықтың бойында болады, онға, онға кері айналу, солға, солға кері айналу, бір аяқпен тепе-тендік сақтау («Қарлығаш»). Бөрененің ұзына бойымен жүгіріп оту.

Бұл жаттығуларды орындағанда барынша жүйелілік сақталған дұрыс.

Акробатикалық жаттығуларды үйренгенде, жандарыңда қауіпсіздендіруші болғаны жөн.


Жаттығуларды орындау техникасы 6—8-сыныптардың оқулықтарында толық айтылған.

4. Үрғақты гимнастика

Гимнастика қозғалыс-қымылдарын үйретіп қана қоймай, сонымен қатар қозғалыс қасиеттерін де дамытады. Бұл міндетті жалпы дамыту жаттығулары түріндегі үрғақты гимнастика да шешеді. Оларды сабактың кіріспе бөлімінде және негізгі бөлімнің сонында жүргізу керек. Егер негізгі бөлімде кіріспе бөлімдегі жаттығуларды пайдаланса, оларды үлкен қарқындылықпен орындау қажет.

Үрғақты гимнастика жаттығулары (42-сурет):

1. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. Сол (он) аяқты жанға қою, қолдарды жанға созып, шалқау (демді ішке алу). Бастапқы қалып: демді шығару. Екінші аяқпен де осылай жасау (4—6 рет қайталау).
2. Бастапқы қалып: аяқтардың арасы алшак, қолдар белде. Қеудені солға бұру, қолдарды жанға созу. Бастапқы қалып: алға енкейіп, қолдарды еденге тигізу. Екінші жаққа да осылай жасау (6—8 рет қайталау).
3. Бастапқы қалып: тізерлеп, таянып тұру. Сол (он) қол-



42-сурет

ды жоғары көтеру, он (сол) аяқты артқа созу. Екінші аяқпен де осылай жасау (6—7 рет қайталау).

4. Бастапқы қалып: етпеттеп жату. Қолдарды бүге, сол аяқты артқа көтеру. Бастапқы қалып. Екінші аяқпен де осылай жасау (4—6 рет қайталау).
5. Бастапқы қалып: сол қолға тіреле буйрмен таянып жату (он қол белде). Он аяқты көтеру. Бастапқы қалып. Екінші аяқпен де осылай жасау (3—5 рет қайталау).
6. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс. Қолдарды белге қойып, тізеден бүгілген сол аяқты көтеру. Аяқты алға жазып ұстау, қолдарды жанға созу. Аяқты тізеден бүге қолдарды белге қою. Бастапқы қалып. Екінші аяқпен де осылай жасау (6—8 рет қайталау).
7. Бастапқы қалып: аяқты тіке ұстап тіреліп отыру. Аяқты тізеден буту, жоғары көтеріп жазу (8—10 рет қайталау).
8. Бастапқы қалып: шалқалап жату, қолдар қеуденің жаңына созылады. Аяқтарды көтеру. Велосипедшінің қымыл-қозғалысын аяқпен орындау. Бастапқы қалып. Жауырнда тұрып та осылай жасау (6—8 рет қайталау).
9. Бастапқы қалып: қолдарды белде ұстап, аяқтардың арасын ашып тұру. Сол аяққа отырып, он аяқтың ұшын жанға қою, қолдарды алға созу. Бастапқы қалып. Екінші аяқпен де осылай жасау (5—7 рет қайталау).
10. Бастапқы қалып: қолдарды жанға созып, аяқтардың арасын ашып тұру. Сол аяқты онға қарай сілтеу, қолдарды солға қарай созу. Бастапқы қалып. Екінші аяқпен де осылай жасау (4—6 рет қайталау).
11. Бастапқы қалып: аяқты бірге, қолды желкеде ұстау. Сол және он аяқпен секіру. Өр аяқпен 5—8 рет қайталау.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1. Дене даярлығын жетілдіруде гимнастиканың манзы қандай?
- △ 2. Қозғалыс кезінде солға бұрылу қандай пәрмендер бойынша орындалады? Оның қалай орындалатындығын көрсетіндер.
- △ 3. Акробатикалық жаттығуларды атандар.

Есте сақтаңдар!

1. Гимнастикалық даярлығы жақсы адам кәсіби қажет қымыл-дағыларды жеңіл мәнгеретіндігі есте болғаны жән.
2. Таңертенгілік жаттығулар жиынтығын құрастырғанда, оның орындалу ұзақтығын, жаттығулар санын, реттілігін, әр жаттығуды қайталай саны мен екпініне, мүсінге әсерін, т.б. есепке алу қажет.
3. Даярлық жаттығуларының (қыздырыну) жүгірістермен және жүрүмен аяқталатындығы естерінде болсын.

V тарау. ШАҢГЫ ДАЯРЛЫГЫ

Шаңғы спорты елімізде кең таралуда. Шаңғы тебу пайдалы әрі ынгайлы спорт түрлерінің бірі болып табылады. Шаңғы даярлығы деңсаулықты жақсартып қана қоймай, сонымен қатар шынығуға жан-жақты өсеретеді.

Шаңғы даярлығы сабагы қарлы, салқын күндері далада өтеді. Сондықтан оқушылардан нақты үйимшылдықты талап етеді. Шаңғы даярлығы сабагын өткізгенде, дайындал алған жерге, ауа райы жағдайына, жаттығушылардың құрал-жабдықтарына және үсікке шалынбау үшін қауіпсіздік ережелерін сақтауға баса назар аударылады. Шаңғы тебуді және жаттығуларды әрі қарай жалғастыру үшін арнайы оқу алаңдарын, оқу-жаттығу жолдарын, оқужаттығу еңстерін алдын ала дайындал алған жөн.

Шаңғы даярлығы сабагындағы қауіпсіздік ережелері:

1. Аяқ қажалмас үшін аяқтім аяққа дәл болуы керек.
2. Аязды күндері жанындағы балалардың денесін үсік шалғандай белгі байқалса, ол жердің айналасын қармен қызарғанша ыскылап, көмек көрсету қажет.
3. Егер де сабак, жарыс кездерінде түрлі себептермен жарыс жолынан шығып қалсан, мұғалімге немесе төрөшіге хабар беруің керек.
4. Шаңғы теуіп келе жатып жолдасынды қуып жетсөн, оның шаңғысын басып кетпеуінді қадағала.
5. Еніске түсерде арақашықтықты қатаң сақтау қажет.
6. Жоғарыдан ылдига қарай түскенде, шаңғы таяқтарын өзінен алға шыгаруға және төбенің етегінде тоқтап тұруға болмайды.
7. Қатты аяз кезінде дененің ашық жеріне май жағып қою керек.

Шаңғы мен шаңғы таяғын ірікten аларда төмендегідей кестені пайдалануға болады (3-кесте).

Егер дененің салмағы мен биіктігі сәйкес келмесе, өзгерістер жасалады. Мысалы, дененің үзындығы 170 см және


3-кесте

Бойдың үзындығы, см	150	155	160	165	170	175	180	185
Дене салмағы, кг	40	45	50	55	60	65	70	75
Шаңғының үзындығы, см	180	190	195	200	205	210	215	220
Таяқтың үзындығы, см	110	115	120	125	130	135	140	145

салмағы 60 кг болса, шаңғының үзындығы 205 см болуы мүмкін, ал дененің үзындығы осындай болып, бірақ салмағы 65 кг болса, онда шаңғының үзындығы 210 см болуы тиіс.

Ауыспалы жүрістердің техникасы. Ауыспалы жүрістің негізіне сырғанау адымдары жатады. Шаңғышы аяқпен және қолындағы таяқпен ауыспалы турде итеріле отырып, бірде сол және оң аяқпен сырғанайды. Мұндай жүрістің ауырлығы көбінесе аяққа туседі. Ауыспалы жүріс сырғанау адымдарына байланысты екі және төрт адымды болып белінеді. Шаңғы жүрістері ішіндегі ең көп тарағаны — ауыспалы екі адымды жүріс. Бұл жүрісте аяқ пен қолдың қозғалысы жай жүрістегідей ауысып отырады. Қозғалыс екі рет сырғанау адымы және екі рет таяқпен итерілу құмылынан тұрады (әр қадамға таяқпен бір рет итерілу). Негізгі жүріс сырғанау адымы болып табылады. Сырғанау барысында шаңғышы бір аяғын алға шығарады және сол алға шыққан аяққа денесінің салмағын түсіреді. Төменгі тұрыста сырғанауды жалғастыра келіп, ол аяқтың қозғалысын тоқтатады да, денесін оң аяқтың үстіне апарғанда, аяқты тізеден бүгіп, жартылай отырады. Осы жағдайдан шаңғышы аяғын тізе буынанан жаза келе екінші аяқты алға жіберіп, таяқпен итеріледі (43-сурет). Итерілу кезінде аяқ тізе буынанан толық жазылуды керек. Бұл жағдайда қолдар ауыспалы турде алға шығып отырады. Оң аяқтағы шаңғымен сырғанағанда оң қол алға шығарылады. Таяқпен итерілу аяқпен итерілуден кейін орындалады. Таяқты карға қою орны сырғанау жағдайына байланысты: жақсы сырғанау кезінде — шаңғының алдыңғы жақ тұсына, нашар сырғанау кезінде — бөтенекінің өкше тұсына қойылады.

ЧАСТЫМ ЧАСТИНАМ УЖЫРУ. ШАҢГЫ ДАРДЫНЫ




43-сурет

Ауыспалы төрт адымды жүріс. Бұл жүрістің барысы төрт сырғанау адымы және екі рет таяқпен итерілу козгальсынан тұрады. Бірінші екі адымға шаңғышы кезегімен таяқты алға шығарады, үшінші және төртінші адымға таяқпен ауыспалы екі итеріліс жасайды. Ауыспалы төрт адым-


ды жүріс таяқпен итерілу қындағанда, сырғанау нашарлағанда, қалың өрі жұмсақ қарлы жерлерде қолданылады. Бірінші және екінші адым таяқпен итерілмей қыскарақ болса, үшінші және төртінші адым таяқпен итеріліп, өрі үзынырак адыммен орындалады (44-сурет).

Бір мезгілдегі бір адымды жүріс. Бір мезгілдегі бір адымды жүріс жарыс кездерінде, жақсы тегістелген шаңғы жолдарында, жазық жерлерде қолданылады. Бір аяқпен сырғанау және бір мезгілде екі таяқпен итерілу бір мезгілді бір адымды жүрістің негізі болып табылады.

Шаңғышы шаңғымен сырғанай отырып, қалыпты қымылмен екі таяқты да ілгері шығарады, салмақты аяқтың ұшына түсіреді. Осы жағдайда тізені аз ғана бүгіп, бір аяқпен сырғанай отырып, екінші аяқты ілгері шығарып, осы аяққа салмақты салады, сонымен бір мезгілде таяқ қарға тіреле бастайды. Аяқты сермеу аяқталар кезінде таяқтар сөл-пәл ілгері еңкейтілген жағдайда болады. Ақырында, шаңғышы екі таяқпен итеріп, тұрган аяқты алғашқысының жанына әкеледі.



44-сурет



45-сурет

Жүрістің бұл түрінде екі таяқ қатар, екі аяқ кезек-кезек серпіліп отырады.


Бір мезгілдегі бір адымды жүрісті үйрену үшін алдын ала төмендегідей жаттығуларды шаңғысыз орындаған жөн.

Сөлғана бүгілген аяқтары тұрыспен тіктеліп, салмақты аяқтың ұшына, соナン кейін екінші аяққа ауыстыру қажет. Осы аяқпен серпіле жылжитын адымға үқсас етіп екінші аяқпен ілгері аттап басу керек. Соナン соң екі таяқпен итерген сияқты кимыл жасап, бір мезгілде аяқты екінші аяқтың жанына әкелу қажет (45-сурет).

Бір мезгілдегі бір адымды жүрісті жазықтау төбелерден шаңғымен тұсу арқылы үйренеді. Жаттығуды санау арқылы орынданған үйренуге де болады: «бір» — адымдаған, таяқты шашшу, «екі» — қолмен итеру, «үш» — аяқты бірге үстәту. Қол және аяқпен қатты сермеуге сілтейтін аяқты шашшан екінші аяқпен біріктіруге назар аудару қажет.

Үйрену барысында кездесетін қателер:

- аяқпен әлсіз серпуга нәтижесінде жылжитын қадамның қыска болуы;
- таяқпен әлсіз итеру және шаңғымен жеткіліксіз сырғанау;
- таяқпен өте кешігіп итеру;
- қозғалыс ырғағының бұзылуы;
- тепе-тендікті кездейсоқ жоғалту;
- дененің жан-жаққа көбірек ауытқуы;
- таяқтың сүйретілуі.




46-сурет

Шаңғышы таяқтарды алға шығарып, дene салмағын бір аяққа түсіріп аздап бүгіледі, содан соң түзеле келе аяқпен тез итеріледі. Аяқпен итерілгеннен кейін таяқтары тік қалышқа келеді. Шаңғышы денесін алға енкейте келіп, екі таяқпен бір мезгілде итеріледі де, екі шаңғымен сырғанайды. Қозғалыс осылай қайталана береді.

Шаңғымен ылдига қарай тұсу. Шаңғышы ылдига түскенде, оның құші дененің қалпын ауыстырып отыруға, тепе-тендікті сактауға, тоқтатуға, жазық немесе жазық емес жерлерден өтүге және бағытты өзгертуге кетеді. Бұл әдіс қатты жылдамдықта орындалатындықтан, шаңғышыдан батылдық, тапқырлық, күштілік, жылдамдық және тепе-тендікті сактау касиеттері талап етіледі.

Негізгі, төмөнгі және жоғарғы тұрыстағы қалыптары ылдига тұсу кезінде қолданылады (46-сурет).

Қозғалыс кезінде шаңғымен бұрылу жазық жерлерде




47-сурет

аяқты көтеріп қою, ылдиларда аяқты кезегімен қою және қатар келе жатқан екі шаңғымен қисау арқылы орындалады.

Аяқты кезегімен қойып бұрылу жазықтау еңістер мен тегіс жерлерде орындалады (47-сурет). Бұл — барлық бұрылыстардың ішінде жылдамдықты арттыратын бұрылыш. Шаңғышы сырғанап келе жатқанда, өзіне керекті бұрышқа шаңғыны қойып, келесі аяқпен итеріліп отырады.

Конъкише жүріс. Аттап басу арқылы бұрылуды үйрено немесе сырғанауда күш алып жылжуды жетілдіретін конъкише жүріс бұрыннан жақсы мәлім және шаңғы спорты тәжірибесінде қолданылады. Соңғы жылдарды пластикалық шаңғының пайда болуына, сондай-ақ шаңғы жолдарының жақсаруына байланысты конъкише жүріс шаңғымен журу тәсілі ретінде де қолданыла бастады. Конъкише жүріс басқа журу әдістерімен салыстырғанда, жоғары жылдамдықпен журуге мүмкіндік береді. Жайпақ төбелерге шығу кезінде де осы тәсілді қолдануға болады. Шаңғышы осы тәсілмен жүрген кезде, оның қимылдары конъки тебушінің қымыл-әрекетіне ұқсайды (48-сурет). Тәсілдің «конъкиші жүрісі» деп аталуы да осыдан.

Шаңғыны ішкі жағымен артқа-сыртқа қарай қатты тегуіп, күш алып жылжып, шаңғышы дene салмағын шаңғыға ауыстырады. Осы қымыл екінші аяқпен де қайталанады. Осы тәсілмен журу кезінде қолдар да белсенді қымыл аткарады. Қолмен итеріп жылжу аяқтың жұмыс қарқынымен үйлесімді түрде бір мезгілде немесе алма-кезек жүзеге асады. Қолмен итеріп жүру тегіс жолда бір мезгілде, ал төбе-



48-сурет

ге шықкан кезде, оның тіктігіне байланысты бір мезгілде немесе алма-кезек атқарылады.

Конъкише әдептегі күш алып жылжудан (екі аяқпен екі шаңғы) басқа тәсілмен де журуге болады. Осы кезде бір аяқпен едәуір уақыт «конъкише» тебу керек, екінші аяқтағы шаңғы тура сырғанайды. Бұл әдісті «бір жакты конъкиші жүрісі» деп атайды. Осы әдісті қолданған кезде қолмен бір мезгілде итеріп журу керек. Егер шаңғы жолы жайпақ дога жасап отсе, онда бір жакты конъкише жүрісті қолдану өте ынгайлы. Өрине, бір жақты конъкише жүріс кезінде белгілі бір уақытта итеріп аяқты ауыстырып отырган жөн.

Конъкише тебуді тегіс, кең, жақсы шындалған жаттығу аланында үйрену керек. Бірақ қар мұздақ болмауы қажет. Қардың жоғары қабатын шаңғышының шаңғы жиегімен сыртқа итеріп журуі үшін сәл ауыстыру керек.

Мектеп оқушыларды дога бойынша салынған шаңғы жолымен жүрген кезде, өуелі бір шаңғының ішкі жиегімен сыртқа итеріп журуге жаттығады.

Алғашқы жаттығулар таяқсыз, аяқпен оң жаққа немесе сол жаққа қарай тебу арқылы орындалады. Бірте-бірте шаңғыны сыртқа қарай тебу бұрышы үлгайтылады. Алғашқы жаттығуларды жайпақ жерлерде немесе орташа биіктікегі төбeden жазыққа түскен уақытта орындау қажет. Төбeden түспін келе жатқанда, алдын ала жылдамдық алу маңызды болып табылады. Шаңғыны жиегімен тебуге ерекше көніл аударылады. Осыдан кейін оң және сол аяқпен алма-кезек тебу арқылы «конъкише жүрісті» жалпы үйренуге кіріседі. Алғашқы жаттығу кезінде шаңғының үшін алшактату бұрышы үлкен болу керек. Сөйтіп, оқушылар алғашқы жылдамдығын сақтайады. Алғашқы әрекеттер кезінде негізгі қымылды үйлестіруге және шаңғының ішкі жиегімен тебуге назар аудару қажет.

Жаттығулар алғашқы уақытта таяқсыз жүргізіледі, бұл қымылды үйлестіруді оңай менгеруге мүмкіншілік береді. Егер жаттығу алаңы жайпақ, еністі болып келсе, жаттығуларды менгеру оңай болады (себебі осында жерде тебу әрекеті дұрыс менгерілген болса, жүріс жылдамдығын сақтау оңайға туседі). Сырганайтын шаңғыға дene салмағындер кезінде ауыстыруға көніл бөлу қажет. Содан кейін тебетін шаңғының үшін айыру бұрышы үлкейеді. Оқушылар осы әдісті таяқсыз менгергеннен кейін жүріп кереді.

Олар алғашқыда таяқпен бір мезгілде итеріп жүреді (оқушыларға қымылды үйлестіруді менгеру сонда оңайға түседі), содан кейін ғана алма-кезек итеріп жүреді. Немесе итеріп жүрген кезде кеудені қымыл жаққа қарай сөл енкейтү керек.

«Конъикишे жүрісті» менгеру үшін, алдымен барлық қымылдарды қар үстінде шаңғышыз орындау қажет. Бұл қымылдар адым тастап та, сондай-ақ секіріп те орындалады. Шаңғышыз жаттығу кезінде алға қарай, бір шетке адымда (секіріп) конъикишे тебуге назар аудару керек. Итеріп тебетін аяқтың ұшы сөл алға, бір шетке қаратылуы қажет.

Конъики тебушілерден шаңғышылардың айырмашылығы — шаңғышылар қымыл-әрекетті сөл енкейп атқарады. Шаңғышының колы да итеріп журу әрекетіне сәйкес келеді (конъики тебуші болса, колын жан-жаққа сермейді).

Қар қалың, кезде конъикише журу әдісін қолданбайды, себебі, ол арнайы шаңғы жолын қажет етеді.

Өрге шығу әдістері. Шаңғышылар ойлы-қырлы жерлерде шаңғымен жүрген кезде тіктігі, ұзындығы және бедері әртүрлі төбешіктерден өтуге тұра келеді. Шаңғы тебу тәсілін үйрену және шаңғышылар жарыстарын ұйымдастыру кезінде, негізінен, шаңғы жолындағы әртүрлі төбешіктерден өту әдістері қолданылып, олар жүгіріп сырғанау немесе адымда журу арқылы жогары қозғалыс жылдамдығын қамтамасыз етеді. Тек сирек кездесетін жағдайда (жол боліктегі кейде тік, өр болып келген кездерде) және дайындыры тәмен болса немесе шаңғы дұрыс майланбаса, спортшылар өрге шығудың жылдамдығы тәмен әдістеріне (жартылай шырша және шырша) көшүге мәжбүр болады.

Мектеп оқушылары тіпті шаңғышыз серуендеген кезде, көбінесе өрге шығудың «жартылай шырша», «шырша» және кейде «саты» әдістерін пайдаланады.

Өрге шығу тәсілдерін таңдау тек өрдің тік болуына ғана байланысты емес. Мұнда басқа себептер де маңызды рөл атқарады. Мысалы, шаңғының қарға жабысуы, шаңғышының дene және техникалық дайындығы, онын сол сәттегі шаршагандығы және шаңғы жолының жағдайы. Жағдай қолайлы болған сәтте көсіби шаңғышылар тіктігі 5° беткейлерде жылдамдықты тәмендеттей, алма-кезек адымда журу әдісімен шығады. Ал қолайсыз жағдайларда, тіпті жайпак беткейлерде де сырғанау, жүгіру және адымда журу тәсілдеріне ауысуга тұра келеді.

Өрге сырғанап шығу тәсілін алма-кезек адымда журу тәсілімен салыстырғанда, кеуде біршама еңкейеді, адым ұзындығы азаяды, қолмен итеру әрекеті бір мезгілде аяқпен күш салып жылжу әрекетіне сай келеді. Қол және аяқ қымылында амплитуда азаяды. Шаңғышы осы кезде бірден күш алыш, жылжу аяқталысымен тағы колын сермен, аяқпен итеріп алға жүреді. Бір қолдың жұмыс уақыты екінші қолмен итеріп журу әрекетіне үйлеседі. Сондықтан төбенің тіктігі артқан сайын шаңғышы таяққа үздіксіз сүйенеді. Төбенің тіктігі артқан сайын тәсілдегі барлық осы өзгерістер алма-кезек адымда журу әдісімен салыстырғанда көзге көп шалынады. Осының барлығы шаңғының қарға жабысуына немесе оның тайғанқатап кетуіне жол бермеу қажет тігінен туынтайтының. Сонымен бірге аяқпен итеріп тебу бұрышы да ұлғаяды, бұл қолмен белсенді қымыл жасауды талап етеді. Таяқ қар үстінде 65—75°-ка дейін бұрышталып койылады. Бос аяқ екінші аяқпен итеріп тебу кезінде айналыс әрекетін атқарады. Аяқты алға тастаған кезде табанның тайғанқатап кетуіне жол бермеу керек, себебі, ол тежелу қалпына алып келеді және жылжууды киыннатады. Бұл өз кезегінде басқа кемшіліктерге душар етеді.

Мектеп оқушылары сырғанап, жылжып өрге шығу әдісін алдымен жақсы дайындалған шаңғы жолындағы жайпак төбеде (30°-ка дейін) үйрену қажет. Оқушылар тегіс жерде алдын ала жылдамдық алыш, ұзындығы 25—30 метрлік өрге шығады. Олар жылжып сырғанап өрге шығу әдісін біртіндеп менгергеннен кейін, беткейдің тіктігі 5—6°-ка артады. Бірақ оқушылар сырғанап жылжу әдісін толық менгеріп алмайынша тіктігі біртіндеп артатын төбеге шығуға асықпау керек. Тіктігі біртіндеп артатын беткейлерге шығу әдісіне мезгілінен бұрын көшу оқушылардың өрге шығу тәсілдерін менгеруін киыннатады. Оның үстінен, дene дайындығы, атап айтқанда, иық, қол бұлшық еттерінің күші үлкен рөл атқарады.

Өрге жүгіріп шығу әдісін тіктігі орташа беткейде орындау киын болса, жайпак төбеде сырғанау қажет. Өрге шығудың осы әдісіне көшу басқа себептерге де байланысты. Осы кезде сырғанау уақытының едөуір қысқарғаны байқалады, бұл журу кезеңінен жүгіру әдісіне уақытша көшүге алып келуі мүмкін. Осы тәсілде алға үмтүлу ұзындығы сырғанау ұзындығынан 3—4 есе көп болады.

VI тарапу. ЖҰЗУ

Қолды сермеп және еңкейіп жүгіру әрекеті тез атқарылады, ол қозғалыстың едәуір жоғары қарқынын сактауга мүмкіншілік береді. Жалпы алғанда, бұл тәсіл сырғанап, жылжып өрге шығу әдісінің көптеген бөлшектерін сақтап, жартылай бүгілген аяқпен жүгіріп жүргенге ұқсас келеді.

Өрге адымдан шығу әдісі сырғанап шығу мүмкін емес болған жағдайда (күш көп жұмсалатыны себебінен) қолданылады. Ол, ен алдымен, тобе тіктігінің артуымен байланысты, бірақ шаңғының қарға жабысу жағдайы да маңызды рөл атқарады. Осындайда табанды және таяқты күшпен итеріп жылжу да өте маңызды болып саналады. Оқушылардың өрге шығудың осы әдісін үйрену үшін жан-жақты дайындығы болуы тиіс.

Өрге кигаштап шықкан кезде «жартылай шырша» әдісі қолданылады. Жоғары орналасқан шаңғы қозғалыс бағытында сырғанайды, төменгі шаңғының үші болса, тік жаққа қайырылады. Төменгі шаңғы қойылатын бұрыш төбенің тіктігіне және сырғанау жағдайына байланысты. Шаңғышының қолдары алма-кезек жұмыс істейді.

Шырша әдісі тік өрге шығу кезінде қолданылады. Осы әдісті қолданған уақытта екі шаңғының үші қозғалыс бағытында екі жаққа қайырылады және шаңғышы қарға шаңғының жабысуын күшету үшін ішкі қырымен басып жүреді.

Ор тік болған сайын екі шаңғының үші сонша кең қайырылады. «Шырша» әдісімен өрлеңен кезде шаңғы сырғанамайды, шаңғышының екі аяғы мен қолы алма-кезек жұмыс істейді.

Шаңғы жарыстарында «саты» әдісімен өрге шығу колданылмайды.

Саты арқылы өрге шығу биік қырға шыққанда қолданылады. Ол үшін төбеге сол немесе он жақпен алма-кезек аттап өрлеу қажет. Өрге шығу кезінде қол күшіне сүйенетіндігі түсінікті.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1. Шаңғы дайындығының тұрмыс-тіршілік үшін маңызы қандай?
- △ 2. Шаңғымен еңіске түскенде дene қандай жағдайда болады?
 - 3. Ауыспалы жүрістің техникасын көрсетіңдер.
 - 4. Бір мезгілде бір адымды жүрістің техникасын көрсетіңдер.

Гигиеналық дағдыны жақсы қалыптастыруға және адамның шынығуына ең қажетті спорт түрлерінің бірі — жұзу. Адам денесінің температурасы табиғи судың температурасынан жоғары. Адам денесінен шығатын жылу ауадағы жылудан 50—80% артық (судың ауадан жылу откізгіштігі 30 есе және жылу сыйымдылығы 4 есе артық).

Суға шомылу және жұзу дene температурасының өзгеріп отыруына және сүйк тиу ауруларына қарсылықты жетілдіреді. Егер табиғи су қоймаларында шомылсандар, онда шынығуға табиғат факторлары — күн және ауа көп өсер етеді. Жұзу сабагы жалпақ табандылықты, дene мүшелеріндегі кем-кетіктерді қалпына келтіруге өсер етеді. Аяқ, қол және басқа да бүлшік еттердің дамуына көп ықпалы бар.

Жұзу дем алу жүйесін және жүрек қан тамырларын оте жақсы жаттықтырады. Жұзумен жүйелі түрде айналысадын адамдардың жүрегінің соғу қөлемінің шамасы үлгайды, жүректің жай уақыттары (1 мин ішіндегі) соғуы 60-тан 55-ке дейін төмендейді.

Жүзе білу — кез келген жастағы адамға өмірлік керекті дагды. Жақсы жүзе білетін адамның өміріне суда ешқашан қауіп төнбейді. Егер жүзе білсөн, су — адамның досы және емдеушісі. Егер жүзе білмесен, онда су — қатығез жау. Жұзу қуралдарындағы, қайықтағы, суға шомылудағы қайғылы оқиғалар жүзудің қарапайым ережелерін білмеудің салдарынан болады. Жұзудің қарапайым ережелерін сактамаудың мысалдарына мыналар жатады: балалардың ата-аналардың, үлкендердің бақылауынсыз шомылуы және жагадан алысқа жүзіп кетуі. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін әрбір азаматтың жүзе білуі, күтқара білуі және алғашқы көмек көрсете білуі керек.

Жұзу сабактарындағы қауіпсіздік ережелері:

- тамак іше салып жүгіріп келіп және терлеп тұрып суға түсуге болмайды;
- суда жұзу үшін судың температурасы +20°C-тан, ал ауаның температурасы +22°C-тан төмен болмау қажет; суға тез сұнғу керек және судың ішінде қозғалыссыз тұруға болмайды. Дене тоңазып, мұздағандай болса, судан шығып, жаттығулар орындау керек;
- судың ішінде бір-бірінің аяғынан тартуға, итеруге,

- біреудің басын күштеп суга батыруға және қарама-қарсы сұнгуге болмайды;
- терендігі белгісіз суга секіруге болмайды;
- нақты қажет болмаса, етірік айтып, басқаларды көмекке шакыруға болмайды;
- бұрын-соңды суга түспеген баланың ересектердің көмегінсіз суга түсіне болмайды;
- түрган жерлерінде суга түсетіндей жағдай болмаса, басқа жаққа суга түсуге ата-аналарсыз баруға болмайды.

Кеудемен еркін жұзу. Еркін жұзу (кроль) — жұзудің кең тараган түрлерінің бірі. Жұзушілердің 25-м-ден 1500 м-ге дейінгі қашықтықтағы рекордтық көрсеткіштері жұзудің осы түрінен орындалған. Еркін жұзу кезінде жұзуші аяқтың жоғары-төмен қозгалысы және қолымен есудің көмегімен алға жылжиды. Дем алу басты екі жаққа бұру кезінде орындалады.

Дене қалпты. Еркін жұзуші судың бетінде көлденен қалыпта, бір бағытқа қарап 0-ден 8⁰-қа дейінгі бұрышты сақтауы қажет. Жылдамдықтың артуына байланысты жоғарғы қалыпты қабылдан, алға жылжу бұрышы азаяды. Жұзуші иықтарының омыртқадан онға-солға бұрыльыс жасауы, қолдың судан шығып, өуелеп алға түсін және алға тартылуын, дene бұлшық еттерін жұмысқа қосып отыруын жөнілдетеді. Иықтың айналуы (50—60⁰) дene судан көрініп, дем алғанда орындалады. Басты ұстau жұзудің жылдамдығына байланысты. Ол дененің динамикалық терең-тендігін, есу қимылшының дұрыс орындалуын және дұрыс дем алуды қамтамасыз етуі керек. Жұзушінің денесі қолденен қалыпта болу ушин беті суда болады.

Қол қозгалыстары. Қол қозгалыстары жұзушінің алға жылжуын және иықтарын судың бетінде ұстauын қамтамасыз етеді. Қол қозгалысы — суга сұнгу, есуге дайындалу, есу, судан шығу және су үстіндегі қозгалыстардан туралы. Қолдың қимылдары үйлесімді болуы қажет. Қолдың кезектескен қозгалыстары жылжууды қамтамасыз етеді. Бір қол ескенде, екінші қол есуге дайындық қозгалысын орындаиды.

Аяқ қозгалыстары. Аяқ қозгалыстары жұзушінің тепе-тендік, көлденен қалпын сақтап, алға жылжуын қамтамасыз етеді. Жұзушінің аяқтары жоғары-төмен қозгалыш, жамбас және тізе буындары арқылы бірқалыпты бүгіліп-жазылады.

Кол мен аяқ қозгалыстарының үйлесімділігі. Кол және аяқ қозгалыстарының негізгі нұсқасы: аяқ қозгалысына байланысты анықталатын екі, төрт және алты сокқыны үйлестіру. Кол қозгалысы толығымен аяқ пен бастың қозгалысына бағынады.

Қолмен жұзуді үйрену үшін құргақ жерде орындалатын жаттығулар:

- еркін жұзу кезіндегі аяқ қозгалыстары: орындық шетіне немесе еденге отырып, қолды артқа тіреп, денені сол артқа шалқайтып, аяқты түзу ұстап, тізе буынынан бүклей, аяқ үшін алға созып, еркін жұзуде аяқ қозгалысын орындау;
- жоғарыдағы жаттығуды қеудемен жерде жатып орындау;
- «Диірмен» жаттығуларын (қолды шенбер бойынша артқа айналдыру) орындау;
- тура осылай, қолды бір айналдырганда, аяқпен үш қадам жасау;
- еркін жұзу кезіндегі қол қозгалыстары: аяқтың арасын иық деңгейінде ашып, алға қарай енкею, алға қарап, бір қол алда, екінші қол артта, жамбастың тұсында еркін жұзгендердегі қолдарды қозгау.

Шалқалап жұзу. Үлкендер мен балаларды шалқалап жұзуге үйрету қеудемен еркін жұзуді менгеру кезінде басталады. Жұзуді білмейтіндердің көпшілігі шалқалап жұзуді тез үйренеді. Өйткені жұзу техникасындағы ен кын болыктің бірі — демді суга шығару. Шалқалап жұзу кезінде ол қажет емес. Жұзуші шалқалап жұзу кезінде су бетінде жазылып жатады, желкесі су ішінде болады. Ол қолдың ауыспалы кезекпен алға тартылуымен, аяқтардың төменнен-жоғары және жоғарыдан-төмен жасалған қозгалыстары арқылы алға жылжиды. Шалқалап жатып есуді аяқтанған қол су бетімен өуелеп барып суга кіреді. Бір циклді орындау үшін — қолменен екі рет есу, аяқпенен алты қозгалыс, дем алу және дем шығару қажет.

Құргақ жерде орындалатын жаттығулар — қеудемен еркін жұзудегідей.

Дельфин әдісімен жұзу. Спортивтік жұзудің бұл түрі — шапшаңдық жағынан еркін жұзу әдісін етпетеп жұзуден кейінгі екінші орында. Суда етпетеп жатып, жұзуші екі қолымен суды курей, кейін қарай серпиді, сонаң сон қол су бетінде екі жақтап алға қарай созылады.

Қол мен аяқ бірдей жұмыс істейді және бірге қосылып, дельфиннің құйрық қанатының толқыны сияқты қимылдана үкесас, жоғарыдан төмен және төмөннен жоғары қарай қимылдайды.


Суретте дельфин әдістерімен жұзудің жалпы көрінісі көрсетілген. Оның ерекшелігі — қолмен есу кезінде аяқты еki дүркін суға үшін керек (49-сурет).

Дельфин әдісімен жұзуді үйрену үшін қолдың қимылна көп көңіл болғен жөн.


Ең алдымен, қол қимылымен құрғак жерде жаттырып алу керек: тік тұрып, сөл еңкейіп, алақанын төмен қартастып, қолды алға қарай созып, басты сөл көтеріңкіреп, қолға қарап тұру керек. Екі қолды бірдей созып, түзу ұстаган бойы шыр айналдырып, дөңгеленген қимыл жасайды (төмөн-артқа және жоғары-алға), содан соң бастапқы қалыпқа қайта оралады. Осы жағдайда қос қолдан есу қимылдана көбірек көңіл болу керек. Тыныс алу еркін болғаны дұрыс (50-сурет).

Қолдың келесі қимылы суда өткізіледі, ол үшін, ең алдымен, суда тік тұрып, сөл алға еңкейіп, екі қолмен қимыл жасау керек. Ең маңыздысы — қолды түзу ұстап, қос қолдан есүді үйрену, содан соң қол қимылын тыныс алушмен үйлестіріп орындау керек.

Суда тұрған қалпында иық деңгейіне дейін қолды алға созып, басты судан көтеріп, терен дем алады. Содан соң бетті




49-сурет




50-сурет

суга батырып, сол қалпында қолмен тольқ қимыл жасайды; үш-төрт рет қайталаған соң, бастапқы қалпына қайтып оралады, содан кейін су ішінде дем шыгару керек. Ол үшін, басты көтеріп дем алады, басты қайтадан суга батырып, қолмен бірнеше қимыл жасайды. Тыныс алушын үйлесімділігін қадағалау керек. Осы кезде есу әдісін естен шыгармаған дұрыс. Оны көзді ашып орындаған жөн. Одан орі қол қимылын суда жузу әдісімен біріктіріп, бойды тік ұстап, қолдың емін-еркін қимылын байқап отыру керек.

Кезекті демалу кезінде (тыныс алу үшін басты көтерігенде), саусақтармен жайлап есүге болады, бұл су бетінде қалқып тұруға мүмкіндік береді. Бұл жаттығуды үйренген соң, басты суга батырып, кеудемен жылжи, оны аяқ қимылымен үйлестіріп, еркін жұзудегідей етпептеп жузу әдісіндегідей етіп, су түбінен аяқпен итерілу арқылы орындау керек (51-сурет). Қол қимылын бірнеше рет тоқтамай орындаған соң, қолды әдеттегі қалпында ұстап тұру және



51-сурет



55-сурет

жоғарыдан төмен үру қымылды арқылы орындауға мүмкіндік береді.

Егер де жүзуші осы өдісті аз да болса үйренсе, дельфин әдісімен жүзе алады. Бұл қымылдың құлашын сермен қана орындаған жөн. Қымылдың женілдегу жөне тез үйрену ушін 1 м-ді кроль әдісімен, 2 м-ді дельфин әдісімен жүзу керек. Жүзу қашықтығын біртіндеп аяқ қымылымен өсіріп орындау қажет.

Аяқ қымылым орындау тәсілін осындай әдістермен тез үйреніп кетуге болады. Соның нәтижесінде дельфин әдісімен жүзуге кірісуге мүмкіндік туады. Екі рет қолмен ескен кезде бір рет дем алу, содан соң әрбір цикл сайын дем алуды орындау керек. Осы әдістерді үйренген сон, өдісті әрі қарай дамытуға болады.

Брасс әдісімен жүзу. Шапшаңдығы жағынан тек еркін жүзу әдісінен кейін орын алатын брасс әдісімен жүзудің маңызы ерекше зор. Бұл әдіс суға кеткен адамды құтқартған кезде жөне киіммен жүзуге тұра келгенде қолданылады. Брасс әдісімен кеудемен де, шалқалап та жүзуге болады.

Брасс әдісімен жүзгендеге, жүзушінің денесі суда қолденен жағдайда болады, қол ілгері созылады, қолдың басы біріктіріліп, алақандар төмен қаратылады. Аяқтар созылып, біріктіріліп ұсталады. Осы қалыштан қолдың басы сыртқа қарай бұрылады, сонымен бір мезгілде екі қол да иық кен-

дігіндей деңгейде, шамалы ғана терендікте, жанға қарай есуді bastайды.

Брасс әдісі техникасының жеке бөліктерін құрлықта да, суда да үйренуге болады. Жүзудің бұл түрінің ең маңызды элементі — аяқпен жұмыс істеу. Сондыктан, ең алдымен, аяқпен жұмыс істеуді үйрену керек. Шұғылданушылар қажетті қымыл-тәсілдерді орындаққа немесе жерге отырып, аяқпен қымыл жасап машиқтанады. Аяқпен қымыл жасау женіл болуы үшін, ең алдымен, іс-қымылдарды жеке беліктеге бөліп, санау арқылы, содан соң бәрі тұтас орындалады.

«Бір» дегенде, аяқ тұзу созылады. «Екі» дегенде, аяқ бүгіледі, аяқтың тізесі екі жақ жанға, жогары қарай жіберіледі, тізе аздал бір-біріне жақындаиды, аяқтың табаны жанжаққа жіберіліп, суды қаусыра құшактайдындаиды қалыпта болады. «Үш» дегенде, жаймен қаусыра құшактап, аяқты біріктіріп ұстай бастайды. «Төрт» дегенде, аяқ жазылып, тұра көсіліп ұсталады.

Су ішінде аяқпен жасалатын жаттығуларды судың түбіне қолды тіреп жатып немесе біреу белінен сүйеп тұрып, болмаса қолмен бір нәрседен ұстап тұрып үйренуі қажет. Сонымен бірге бұлшық етті барынша бос ұстаяға, аяқты жайлап жинап алуға, аяқтың ұшын жеткілікті түрде бүгіп, қалға және аяқпен тез өнімді қымыл жасауға тырысу керек. Осы қымылдарды үйренгеннен кейін ғана қолға тақтай ұстап, тек аяқпен жұмыс істеп, брасс әдісімен жүзуге ишелді.

Аяқпен жұмыс істеуді үйреніп алмайынша, қолмен қымыл жасауды үйренуге көшпудің қажеті жоқ. Брасс әдісімен жүзген кезде қолды қозғалыска үйлестіруді үйрену жеңіл. Ол үшін жүзушілер, ең алдымен, құрлықта еңкейіп тұрып, содан соң суда тұрып санау арқылы қымыл жасайды. Қолмен жұмыс істеуді тыныс алумен ұштастыру арқылы үйренген жөн.

Құрлықта үйренетін қымыл-қозгалыстар:

- орындықтың үстіне немесе жерге отырып қолды жұмыс істеуге жаттықтыру;
- түрекеліп, еңкейіп тұру қалпында қолды жұмыс істеуге жаттықтыру;
- тыныс алу әдісін үйрену;
- қолдың жұмыс істеуін тыныс алумен ұштастыру.

- Суда үйренетін қимыл-қозғалыстар:*
- қолмен тұтқаны ұстап немесе судың түбінде колды тіреп тұрып, тактайдан ұстап немесе қолына басқа сүйеніш күралдар алып, аяқпен жұмыс істеуге машықтану;
 - еңкейіп тұрып (судың терендігі белден келеді, иек суға тиіп тұрады) қолмен жұмыс істеуге машықтану;
 - суда еңкейіп тұрып (судың терендігі белден келеді, иек суға тиіп тұрады) қолдың жұмыс істеуін тыныс алумен ұштастыруды үйрену;
 - бұл да сондай, бірақ суды бойлай жүріп орындалады (су иектен аспауы тиіс);
 - брасс өдісімен (басты суға батырып, тыныс алмастан) жүзу;
 - бұл да сондай, бірақ тыныс алып жүзу;
 - брасс өдісімен жүзуге жаттығу.


Суға кеткен адамға алғашқы көмек көрсету

Суда жүзу жаттығуларын орындаған кезде ете сақ болып, мүмкіндігінше қауіпсіздік ережелерін есте ұстап көрек. Жүзу жаттығуларын өткізетін жерде мынадай қосалқы құрал-жабдықтардың болуы қажет: құтқару шығышты, қалтқы, белбеу, Александров шенбері, дәрілер қорапшасы. Суға батқан адамды құтқару үшін, алдымен, құтқарушының ете жақсы жүзе білуі шарт. Ол жағдайда тез байқап, өзінің қалай көмек көрсететінін білуі қажет. Егер судың ағысы катты болса, суға абайлас ену керек. Судың ағысымен тез жету үшін артық киімдерді шешіп тастаған дұрыс болады. Кей жағдайда судың терендігінен оның түбі көрінбейді, ондай жағдайда баспен сұнгуге (енуге) болмайды, жаракат алуы мүмкін.

Суға кетіп бара жатқан адамның ұстасынан жақындаған жөн (56-сурет), ейткені суға кеткен адам құтқарушының кез келген жеріне мықтап жармасуы мүмкін. Ондайда құтқарушыға да қауіп туады.

Суға батып бара жатқан адамның ұстасынан денени ажырату. Суға кеткен адам құтқарушының бір қолына немесе екі қолына жармасуы мүмкін, ондай жағдайда ол өз қолын тез бұрып, суға кеткен адамның бас бармагын қайрып шығаруы керек (57-сурет).

Белінің алдыңғы жағынан екі қолымен немесе бір қолымен ұстасан жағдайда, құтқарушы екі аяғын оның кеудесіне



56-сурет

тіреп итеріп, басын артқа шалқайтып, сол сәтте төмен қарай сұнгугі қажет (58-сурет).

Құтқарушы суға батқан адамның аяғынан ұстап алып, су бетіне шығарады, арқасын өзіне қарай бұрады, содан соң алаканмен демеп, басын су бетінен жогары ұстап, жағаға қарай сүйрейді. Егер суға батқан адам құтқарушының арқасынан не белінен ұстасан жағдайда, оның бас бармагын кайрып, тез теренге сұнгугі қажет (мұндай жағдайда суға кеткен адам ұстасан жерін бірден босатады), сонан соң аяғынан ұстап, арқа жағын өзіне қаратып, жағаға шығарады. Осылай жағдайдан босанудың екінші түрі — шыншашқтан ұстап, бірден жанына қарай итеру, сол сәтте теренге қарай сұнгиді, қалғаны алдыңғы жағдайдағыдай.


Адамды судан алып шығу тәсілдері. Суда сәтсіздікке үшінші атап адам құтқарушының екі иығынан ұстайды, ол етпептеп жүзеді. Бұл өдіспен әбден әлсіреген, бірақ өзі қимылдауға шамасы келетін адамға көмектеседі (59-сурет).

Жағаға алып шығудың екінші түрі — құтқарушы шалқасынан жатады да, екі аяқпен бірнеше тәсіл қолданып,



57-сурет

58-сурет



59-сурет

суга кеткен адамды шалқасынан жатқызып, бас жағынан ұстап, жағаға алып шығады (60-сурет).


Жағаға алып шығудың тарғы бір түрі — құтқарушының қырындап жүзу әдісімен суга кеткен адамның бір немесе екі қолынан ұстап жағаға шығаруы.

Бірінші жағдайда (суга кеткен адамның бір қолынан ұстау) — қырындап жүзіп келіп, аяқпен орап, төмөнгі қолмен есіп, жоғарғы қолды арқа жағынан, оның қолтығынан откізіп, саусактарымен иегінен ұстап, жағаға шығарады (61-сурет).


Екінші жағдайда (екі қолмен ұстау) — қырындап жүзіп келіп, аяқпен және төмөнгі жақтағы қолмен астынан есіп, жоғарғы қолды көкірек жағынан оның бір қолтығынан откізіп, екінші қолымен иығынан ұстап, су бетінде шалқасынан жатқызып сүйрейді (62-сурет).

Егер адам суга батып кетсе, су астында жүзіп журіп оның қолынан, басынан, денесінен ұстап, су бетінде көтереді, сонар соң жоғарыда көрсетілген әдістердің біреуімен жағаға алып шығады.

Суга кеткен адам су тубінде жатқан жағдайда оны іздеп тауыш, су тубінен аяқпен итеріп жіберіп, аяқпен және бос қолмен есіп, тезірек судың бетінде қалқып шығады. Содан



60, 61-суреттер



62-сурет

соң жүзіп келіп жағаға шығарады да, алғашқы жәрдем көрсетеді.

Алғашқы дәрігерлік көмек. Суга кеткен адамды алып шыкканнан кейін, дәрігердің келуін күтпей-ақ алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге кірісу керек.

Егер сөтсіздікке үшіраған адам есін білестін болса, оның денесін сүртіп, жылы күймдер кигізіп, ыстық шай, т.б. беріп тыныштандыру керек.

Егер суга кеткен адам тыныс алып жүрегі соғып түрганымен, езіне-әзі келе алмаса, жатқызып, белбеу мен күйін шешіп, екі тамшы мусетір спиртін иіскету керек.

Егер сөтсіздікке үшіраған адам есін білмейтін болса, оның аузын судан, сілекейден, батпақтан, құмнаң, т.б. заттардан тазартады. Содан кейін оны енкейтіп, тізесін ішпіне тіреп жатқызып, қабырга тұсынан төмен қарай қатты қысады. Мұндай әдіспен тыныс жолдары арқылы өкпеге кеткен суды кейін шығарады, ауа баруға жол ашады (63-сурет). Вұл жағдайда ең маңыздысы — уақыт өткізбей, тыныс алуды тезірек қалпына келтіру. Ол үшін жасанды тыныс алудыру әдісіне көшеді.



63-сурет

дырып, барынша көбірек жаттығуға ықылас қоюы қажет. Міне, сонда ғана адамның денесі шындала түседі.

Бұгінгі қазақша курес ережелері бойынша балуаннан барынша ептілік пен шыдамдылық талап етіледі. Кілем үстіндегі белдесу 10 мин-қа созылады. Оның бес минутынан кейін бір минуттық үзіліс беріледі. Демек, балуан үйренген әдіс-айласын әрі өз күшін осы үақытта барынша сарқа пайдалануы тиіс.

Балуанның бұлшық еттері әрі жылдам кимылдар жасауга, әрі тосын кимылдарға дер кезінде қарсылық көрсете алатында болып жетілуі керектігі өзінен-өзі түсінікті. Міне, сондықтан да болашақ әр балуанға лайықтап үйімдастырылған жаттығулардың өзіндік мәні бар. Әсіреле балуанның мойын мен омыртқа еттерінің жақсы жетілуін қадағалаған абзал. Сол сиякты, иық, шынтақ, тізе буындарының бұлшық еттерін жетілдіретін жаттығуларды да көп жасаған жөн. Осыдан барып балуанның онды-солды қозғалысының жылдамдығы артып, буын-буындары иілгіш болады. Мұндай жаттығуларды әрбір сабактың алдында өткізуін маңызы аса зор. Енді сабак алдындағы бой жазу жаттығуларының бірнеше түрімен танысындар.

1-жаттығу. Аяқ арасын ашып, кеудені тік үстап, қолды екі қапталға түсіріп түру керек. Одан кейін жайлап, қапталмен екі қолды жогары көтереді. Спортшы аяғының үшінша түріп, еркін дем алады. Қайтадан қолды жайлап төмен түсіреді. Мұны 5—7 рет қайталаған жөн.

2-жаттығу. Аяқтың арасын ашып, қолды созады. Сөйтіп, қолды онға не солға қарай жайлап айналдырады. Бұл алғашқыда жай басталады да, содан кейін барынша тездетіле түседі. Қол айналысы кезінде демді бірқалыпты алып отыру керек. Жаттығу 3—4 рет қайталаған (67-сурет).



67-сурет

3-жаттығу. Аяқтың арасын ашып, алақанды төмен қаратып, қолды алға созады. Бұл мезетте бір қолын жогары, екінші қолын төмен түсіріп, шегіне жеткенше артқа созады. Осылай алма-кеzek қайталаپ, жаттығуды 10—12 рет қайталау қажет.

4-жаттығу. Аяқты қатар қойып, кеудені тік үстап, екі қолды қапталда

үстайды. Сөйтіп, оң аяқтың буындарын бүкпей, жогары көтеріп, сол қолының үшінша тигізеді. Содан кейін сол аяғын оң қолымен дәл осындай кимылда байланыстырады, жаттығу 6—8 рет қайталағанады.

5-жаттығу. Аяқтың арасын иық деңгейінде ашып, саусактарын бір-біріне айқастырып дода жасайды да, оны баысан жогары көтереді. Содан кейін өүелі оң, кейін сол бүйіріне қисаяды. Мұны 6—8 рет қайталау керек.

6-жаттығу. Иық деңгейінде аяқтың арасын ашып, алақанын жерге қаратып, қолдарын алға созады. Тізесін бүкілестен алақанды жерге тигізу керек. Бұл да 4—5 рет қайталағанады.

7-жаттығу. Аяқтың арасын иық деңгейінде ашып, қолдарын бүйіріне қояды. Сөйтеді де, жүресінен бірнеше рет отырады. Мұны да 15—18 рет қайталаған жөн.

8-жаттығу. Оң аяғын алға қарай созып, бүгіле отырады. Екі қолы мен тізесіне бар салмағын сала ыргалады. Содан кейін бұл кимылды сол аяғын алға қойып қайталаїды. Жаттығу 6—7 рет жасалады.

9-жаттығу. Аяқтың арасын иық деңгейінде ашып, қолдарын бүйіріне таянады. Сөйтеді де, белі арқылы алдымен оң, кейін сол бағытта айналады. 14—16 рет жасау керек.

10-жаттығу. Шалқалап жатады да, аяқтарын жогары көтереді. Содан кейін оң аяғын алға, сол аяғын кейін созады. Бұл кимылды жиілете қайталаپ, 14—18 рет жасайды.

11-жаттығу. Етпептінен жатып, бар салмағын екі қолы мен аяғының үшінша түсіреді. Содан кейін қолының буынның бүгіп, кеудесін жерге тигізеді де, қайтадан көтеріледі. 8—10 рет қайталағанады.

12-жаттығу. Шалқасынан жатады. Қөпір жасап, екі алақанымен жер тіреп ілledі. 6—7 рет қайталау қажет.

13-жаттығу. Екі аяқтың арасын иық деңгейінде үстап, шалқалап барып басымен жер тірепті. Содан кейін мойынга күш салып, ілгері-кейін ыргалады. Бұл жаттығуды орындауда барысында алдымен кілемге алақанды тіреп демеу жасаған дұрыс. Кейіннен бірте-бірте қолдың көмегінсіз орындалады. 10—14 рет қайталау керек.

14-жаттығу. Қөпір жасап, өкшесіне қарай шалқая іле түседі. Бұл кимылды иегін кілемге тигізгенше жасайды. Жаттығу 10—15 рет қайталағанады.

15-жаттығу. Бір орында түріп, бір аяқпен, содан соң екі аяқпен секіру. Бой жазуды женіл жүгіріспен аяқтауға

болады. Бұл жаттығуларды таңертеңгілік гимнастиканың жиынтығына енгізіп, күн сайын қайталап отырган дұрыс.

Балуаниң жан-жақты дайындығы. Казақша курсес — спорттың күрделі түрлерінің бірі. Мұнда жан-жақты дайындығы мол, күшті, төзімді, епті спортшы болмай жеңіске жету, жарыстарда чемпион атану мүмкін емес. Қілемге шыққан екі балуаниң қайсысында жоғарыда айтылған қасиеттер мол болса, жеңіске әрдайым сол ие болмақшы.

Казақша курсеспен жаттығу барысында спортшының тез әрі дәл ойлауы, қын жағдайда қауырт шешімге келу қабілеті де артады. Себебі, белдесулер аз уақыттың ішінде өте шапшаң өтеді. Секундтың бір ғана сөтінде бәсекелесінің ойын анғарып, қарсы әдіс қолдану, жағдайды пайымдаң қимыл жасау — аса сезімталдықты, шапшандықты қажет өтеді.

Белдесулер кезінде адамның бойындағы сан қасиеттер сынға түседі. Бірнеше секундқа, кейде түгелдей 10 мин-қа созылатын жекпе-жектерде, жаттығу барысында бойға жиналған әдіс-айла, күш көрінеді. Кейде жеңісті осы қасиеттердің бірі қамтамасыз етсе, екінші жолы басқалары кем соғып жатады. Сондықтан да балуаниң жан-жақты дайындығы туралы өнгіме қозғаңда, оның тактикалық, психологиялық дайындығы және жылдамдық, төзімділік сияқты қасиеттерінің бірлесуін айтамыз.

Енді сол қасиеттерді дамытуға жеке-жеке тоқталып өтейік.

Күш. Салмақтары бірдей екі балуан белдесуде делік. Олардың бірін-бірі көтеріп, әдіс қолдануы үшін үлкен күш керек.

Күшті дамытатын жаттығулардың қатарына батпанмен, кір тасымен, штангамен, ядромен, эспандермен, резина амортизатормен орындалатын жаттығулар тобы жатады. Екі балуан бір-бірімен белдесіп жаттыққанда да күш дамиды.

Балуаниң денесін ширатып, күшін арттыруға кір тасымен жасайтын жаттығулардың әсері үлкен. Бұлар сыйымдаш жүлкі тарту және лақтыру сияқты бірнеше түрge белінеді. Жаттығуға кіріспестен бұрын балуан бірқатар дайындықтан өтуге тиіс.

Бұрын спорттың ешбір түрімен айналыспағандар күнде таңертең батпанмен жаттығу жасап, гимнастикалық қимылдармен денсаулықтарын біраз нығайтқандары дұрыс. Кір

тасымен жаттығу жасау үшін міндетті түрде дәрігерлік бакылаудан өту керек. Кір тастарының салмагы 8, 16, 24, 32 кг-нан болады. Әлбетте, әуелі жеңіл салмақты кір тастарымен, кейін бірте-бірте ауыр салмақты кір тастарымен жаттығу жасалынады.

Шапшандық. Шынында шапшан қымылдайтын балуан озінің бәсекелесіне қараганда айла-әдістерді тез қолдана алады. Балуаниң шапшандығы айналасы бірнеше метр гана аядай қілем үстінде қарсыласының белдесу кезіндегі тұрысына, есту, көру, түйсіну мүшелері қабылдаған белгілеріне байланысты болғандықтан, жеңіл атлеттің шапшандығымен еш салыстыруға болмайды.

Сондықтан балуаниң шапшандығын дамыту туралы айтқанда, осында ерекшеліктерді ескеруіміз керек. Шапшандық бірден пайда болмайды. Оны дамыту да онай емес. Тез қымылдау әдамның жеке басының ерекшеліктеріне байланысты.

Шапшандыққа арналған жаттығуларды сабактың басында бой жазу барысында және организм тың тұрган аптаңын алғашқы күндерінде өткізуге көніл аудару керек. Сонда ғана оның нәтижесі тез байқалады.

Бірақ шапшандықты дамытудың күш пен ептілікті жетілдіруден бөлек алып қарауга болмайды. Бұл қасиеттерге арналған жаттығулар күн сайын сабактасып, катар жүріп отыруға тиіс. Күш жеткіліксіз жағдайда шапшандықты дамыту онайға түспейді.

Балуаниң күтпеген жерден тосын шабуылға шығып, бәсекелесінің қымылына алдын ала, тез, қарсы әдіс қолдана білуі — оны жеңіске жеткізетін сенімді құралдарының бірі. Тіпті әдісті секундтың жүзден бір белгіндей уақыт кана бұрын қолдануының да маңызы зор.

Шапшандықты дамытудың қалған жаттығуларына — 20—30 м-ге жүгіру; футбол, баскетбол ойнау; секірудің барлық түрлері; граната, диск, наиза лақтыру және акробатика жатады.

Шыдамдылық. Қазір ірі халықаралық аренада шығып онер көрсетіп жүрген балуандар белдесуге берілетін он минут уақытты өте тез қарқынмен өткізе алады.

Дайындық және жарыс қарсанындағы кезеңдерде балуанға шыдамдылықты жетілдіретін жаттығулар жасай беру керек. Олардың қатарына жүгіру (10—15 км), суда жүзу (2—5 км), футбол, баскетбол (60—90 мин), шанғы, ве-

лосипед тебу (20—50 км), штанга көтеру, резина амортизатор сияқты көмекші күралдармен ұзақ уақыт жаттығулар жасау жатады. Шыдамдылықты дамытудың бірінші түрі — қайталуа әдісін пайдалану. Мысалы, 20 кг-дық штанганы 50—60 рет дем алмай, сыйымдай көтеру бұлшық еттерді шыдамдылыққа үйретеді. Шыдамдылықты дамытудың екінші үдемелі түріне жататын жаттығулар алғашында аз көлемде орындалып, кейін бірте-бірте үдең, есіп отырады. Мысалға, спортшы алғашкы кезеңде кроста 3—5 км-ге жүргіре, кейін оны 10 км-ге дейін есіру керек.

Бұл организмнің шаршамауына, жұмысқа бірте-бірте қалыптасуына жағдай жасайды.

Ептілік. Ептіліктің де шыдамдылықпен өзара байланысы бар. Шапшаң болмай, ептілікті де менгеру мүмкін емес. Сондықтан сәл өзгешелеу болса да, балуанның өз бойындағы осы екі қасиет қатар жүреді. Ептіліктің жетілуіне спорт ойындары (әсіресе баскетбол, теннис, футбол, хоккей) және акробатика жаттығулары өсер етеді.

Епті балуан өрқашан да өзі жақсы менгерген айла-әдістерді ұтымды пайдалана алады. Қауіпті сөттерден тез құтылыш кетіп отырады, өзіне-өзі сенімді әрі батыл кимылдайды, шиеленіске жағдайлардан тайсактамайды.

Ептілікті дамытатын жаттығуларды таңертенгілік бой жазу барысында орындал тұрған жөн.

Ілгіштік. Балуанның бұлшық еттері күшті әрі созылмалы, буындар қымылның амплитудасы үлкен, денесі илгіш болуы қажет.

Күрес жаттығулары кезінде балуандар жиі жарапаттанады. Қебінесе бұлшық еттерінің буындарын созып алады. Ал денесі илгіш адамдар мұндай жарапаттарға ұшырамайды. Бұл үшін ілгіштік дамытатын буындарды созу, акробатика, гимнастика сияқты жаттығуларды күнде жасап отыру керек.

Қазақша курестің тактикасы. Қазақша курестің тактикасы деп белсенділік әр сөтіндегі жағдайды, қолданған айла-әдістерді дәл әрі дұрыс бағалап, балуанның жан-жақты дайындығы мен ерік күшін бір бағытқа, женіске жете беру үшін пайдалана білуін айтамыз. Техникалық-тактикалық дайындығы өртурлі, күші, стилі бір-бірінен өзгеше балуандармен кездесу алдында және белдесу кезінде спортшы курестің жоспарын шығармашылықпен құра білуге тиіс. Мұның өзі — балуанның шеберлігін арттыратын үлкен

онер. Кейде қара күші мол, әжептәуір айла-әдістері де бар спортшының әлсіз балуаннан ұтылып қалатын кездері де аз емес. Міне, бұл арада соңғы спортшы курсудің тактикалық жоспарын дұрыс құра білген деп айтудымыз керек. Мұндай балуандар белдесу кезінде бар белсенділікті өз қолдарына алып, бәсекелестерін өз дегеніне бағындырып, ойлаган әдістерін дұрыс қолданып, бар күш-жігерін, шеберлігін жеңіс үшін жұмсай алады. Сондықтан қазақша курсен айналысушылар оның тактикасынан хабардар болуға тиіс.

Жарысқа қатынасатын әр спортшы өз бәсекелесінің қандай дәрежеде дайындалғандығын, белдесу кезінде жақсы қолдана білетін әдістерін, қандай әдістерге қарсы тәсіл қолдана алатындығын, күресу стилін жақсы білуі керек.

Қазақша куресте шабуыл, қарсы шабуыл, корғаныс тактикалары бар. Енді біз осы тактикалық үш түрдің өзіндік ерекшеліктеріне жеке-жеке тоқталамыз.

Шабуыл тактикасы. Қүрес кезінде балуан күшті қарқынмен бастап, бәсекелесін таза ұтуды не ұпай санымен ұтуды алдына мақсат етіп қояды. Бәсеке батыл шиеленіске жағдайда өтеді. Тактиканың бұл түріне тән қасиеттер: кілемде еркін жүру, қымсынбау, өзі жақсы білетін әдістерді бірінен соң бірін қолданып, түйдек-түйдек комбинациялар құру, бәсекелесінің шабуылына іле-шала қарсы әдіспен жауап беру, шегінбеу, тайсактамау. Шабуыл тактикасы спортшының жан-жақты және психологиялық дайындығын, әдіслайларының техникалық жағынан шебер орындалуын талап етеді. Міне, мұның өзі үдемелі және мезгілдік шабуыл болып екіге бөлінеді.

Үдемелі шабуыл тактикасында балуан бар белсенділікті өз қолына алып, өзіндік әдістер қолдана отырып қарсыласын таза немесе ұпай санымен ұту мақсатын көздейді. Бірақ үнемі қарқынды шабуылға шығу — жөн-жосықсыз алға ұттыла беру емес. Мұндай жалған «шабуыл» оларға ешқандай пайда бермейді. Қайта курестің эстетикалық есерін азайтады.

Жас балуандар жалған шабуылға шығуға өуестенбеуі керек. Үдемелі шабуыл кезінде қолданылатын айла-тәсілдер бірінен соң бірі тез өзгеріп отыратын болғандықтан, балуан бір әдісті қайта-қайта қолдана бермеуі керек. Мұндай жағдай қарсылас спортшының есін тез жинап, жинақтауына, қарсы техниканы қайта қуруына жағдай туғызыды. Ал, керісінше, түйдек-түйдек үдемелі шабуыл қарсы

балуанның жігерін жасытып, катты састырып, абыржытып жібереді. Оның мұндай күйге түсіү екінші балуан үшін жеңіске жақсы жағдай туғызды. Спорттық режімді ұстамайтын, ұстамдылығы аз, жан-жақты дайындығы нашар балуандармен белдескенде, үдемелі шабуыл тактикасын қолдану өте тиімді. Егер шабуыл жасаушы балуан күрес барысында таза жеңіске жете алмаса, кездесудін соңғыミニуттарында екі жақтың да шаршагандығы байқалады. Мұндай жағдайда бәсекелесінің денесінен екі қолмен қапсыра құшқатап, ұстап алуға тырысу керек. Бір жағынан, бұл оның шабуыл жасауына кедергі келтірсе, екінші жағынан, әдістер қолдануға онтайлы болады. Дәл осында жағдай түрлері іліп лақтыру, үйіру, жамбастан асыра лақтыру әдістерін орындауға өте ыңғайлы.

Мезгілдік шабуыл тактикасында балуан тек өзіне ыңғайлы деп тапқан кезеңдерде гана шабуылға шығады. Шабуыл арасындағы уақыттарда ол бәсекелесінің әр қымылын бағыш, жалған қымылдар жасап, оны шатастырады, сактығын азайтады. Осылай өзіне қолайлы сәтті тудырган кезде қапы қалмай, кенет күтпеген жерден үрдіс шабуылға шығады.

Мезгілдік шабуыл тактикасында балуан іштей жақсы жинақталады, дайындық барысында қолданатын әдісін сұрыптап, жағдайды ойша талдай алады. Сондықтан да мезгілдік шабуыл кезінде бар күш, техникалық-тактикалық айла-тәсілдер сарқыла жұмысалады. Қобінесе мезгілдік шабуыл бір гана әдіс қолданумен тынбайды, егер ол нәтиже бермесе, балуан қолма-қол тактикасын өзгертіп, екінші бір әдісті, тіпті үшінші, төртінші бір тәсілдерге тез көшеді. Осы тактика кезінде белдесудің қарқыны өте баяу болуы мүмкін. Бұл балуанға біраз күшті үнемдеуге жағдай туғызды. Ал белдесудің қарқыны жогары болса, онда мезгілдік шабуыл тактикасын қолдану қынға түседі.

Қарсы шабуыл тактикасында балуан бәсекелесінің алға үмтүлудың бағып журіп өзіне қолайлы сәтте шабуылға шығады. Бұл қобінесе баяу қозғалатын, тәсіл түрлерін тез пайдалана алмайтын спортшыларға қарсы қолдануға тиімді әдіс.

Қарсы шабуыл тактикасын қолдануды мақсат тұтқан балуан қарсыласына одан гөрі әлсіздеу көрінүі керек. Өзінің басымдылығын сезіне бастаған спортшы жиі-жіңі шабуылдарап, көп жағдайда қорғанысты ұмытады. Міне, бұл қарсы шабуылға шығуға өте қолайлы жағдай туғызды.

Қорғаныс тактикасы қобінесе өзінен күші басым, тәжірибесі мол, дайындығы жақсы балуандармен кездесу кезінде қолданылады. Мұнда спортшы шабуылға шығуды мақсат етіп қоймайды, қобінесе қорғана отырып тек өзіне қолайлы сөтте гана әдіс қолданады. Ол қобінесе шабуылды қайтаруға гана арналады.

Қорғаныс тактикасы қарсы әдістерді шебер қолдана билетін спортшылар үшін өте пайдалы, жалған қымылдар, жүлкү, итеру сиякты іс-әрекетпен шабуылдаушыны шаршату, оның бар айла-тәсілдерінен нәтиже шығармау, ретті жерінде қарсы әдістерді қолдана білу кейде жеңіске жеткізеді. Сондықтан да қорғаныс тактикасын түрлендіріп, жағдайға қарай басқа тактикаға көшіп отырган макұл.

Қазақша күрестің әдістері.¹ Қазақша күрестің үлкен шебері атану үшін, психологиялық, моральдық, тактикалық жан-жақты дайындықпен қатар, оның әдістерін де жетік білу керек. Осы қасиеттердің бәрінің басы қосылып, балуан оны белдесулер кезінде пайдалана алса, онда ол, сөз жоқ, жақсы куреседі.

Қазақша күрестің әдістері өте көп. Қандай балуан болса да, олардың барлығын жетік менгеру мүмкін емес. Сондықтан әр спортшы дайындығына, күш мүмкіншілігіне қарай белгілі бір тәсілдерді шебер орындаі алуы мүмкін. Үйренген тәсілдерді қолдану арпалысқан айқас устінде отеді. Бәсекелестің шабуыл жасаған балуанға ыңғайлы немесе ыңғайсыз түрү мүмкін. Сондықтан да жаттығулар кезінде әдістерге қоса, әртурлі іс-әрекеттер, тактикалық тәсілдер де қатар үйретіледі, мұнсыз табысқа жету қын.

Үйренген әдістерді дұрыс пайдалана білуге кара күш емес, тактика керек. Қарсы балуанның ныетін сезу, оны әдіске түсетіндей айламен онтайлы жағдайға келтіре білу де шеберлік.

Әдісті шебер менгеру деп шаршаганына қарамай, бәсекелесінің қарсы тәсіліне шабуыл жасай алған балуаның шеберлігін айтамыз. Жалпы алғанда, қазақша күрестің тәсілдері төмөндегідей айламен онтайлы жағдайға келтіре білінеді.


Арқадан тастау тәсілдері. Қазақша күрестегі арқадан асырып тастау тәсілі өзінің техникалық күрделілігі жағынан ең қын тәсілдердің бірі болып табылады. Арқадан

¹ П.Ф.Матушак, Е.М.Мухитдинов. Қазақша күрес. — Алматы: «Рауан», 1995.

асырып тастау тәсілі, негізінен, мынадай бөліктерден тұрады:

- а) ұстасу;
- ә) арқаны бәсекелесіне қарай бұру;
- б) бәсекелесті кілемнен көтеріп алу.


Осылардың ішінде соңғы екеуін техникалық жағынан дұрыс орындаудың пайдасы ерекше. Бұл балуанның өте шапшаң қымылдауын қажет етеді. Арқаны бере бұрылу-



68-сурет

дың түрлері өте көп. Солардың ішінде біз екі аяқпен бірдей бұрылыс жасап, алдымен бір аяқты өкеліп, содан кейін бұрылыс жасау түрлерін қарастырамыз. Арқадан тастау өдісін толық менгеру үшін алдын ала мынадай жаттығуларды орындау керек:

- а) оң жақпен тұрып, он аяқты алға жіберіп, сол аяққа қарай айналу. Тізе буындары сөл бүгіледі, 6—8 реттен қайталанады;
- ә) осылай айналғаннан кейін оң иықпен сол тізеге қарай бүгілген тізе буынын жазып, соның екінімен аяқты жерден көтеру (*68-сурет*);
- б) осындай өдістен кейін кілемнен көтеріліп, алға қарай оң жақ жауырынмен айналып тусу. Осы жаттығуларды тұлыппен орындауға болады. Өдістің жаксы орындалғанына кез жеткеннен кейін барып мұны екеуара болып балуандардың өздері қайталауы керек;
- в) оң жақпен қырындағы тұрып, женен, белбеуден ұстап, арқаны бере бұрылып, салмақты алға жібере арқадан асрырып тастау. Арқадан асрырып тастау тәсілін қолданған кезде екіндең бөсендештей, ауада айналып, кілемге тік түсуге болады. Осындай дайындық жұмыстары өдісті үйренерден 8—10 кун бұрын қайталанады. Жаттығу кезінде арқадан асрырып тастау өдістерін оң және сол қапталммен де орындаң үйренген жон. Арқадан асрырып тастау өдістерін үйренудің ең оңай түрі — қолдан немесе мойыннан ұстап орындау. Тек осы өдістерді үйренгеннен кейін ғана оның күрделі турлерін орындауга кірісуге болады (*69-сурет*);
- г) женен немесе белдіктен ұстап лақтыру. Бұл өдісті бәсекелестердің тізені бүгіп, аласа тұрган жағдайда орындауды қолайлы. Шабуыл жасаушы балуан бәсекелесінің женінен ұстап, өзіне қарай жұлқа тартады да, оны тепе-тәндік калпынан шығарады. Сейтіп, онға не солға қарай оқыс бұрылып, белдіктен ұстап, арқасын бере айналып түседі. Бұл өдіс асрырып тастау арқылы да орындалады. *Кездесетін қателер*:
- бәсекелесті кілемнен көтере алмау. Бұл балуанның арқасымен бұрылуға кедергі жасайды;
- тізе буынын ерте жазу;
- жамbastы ішке сұғына енгізу. Бұл үлкен бұрылыс туғызып, өдістің дұрыс орындалуына кедергі жасайды.



69-сурет

Қорғаныс:

- белдіктен үстап, шабуыл жасаушы балуанның арқасымен бұрылуына кедергі келтіру;
- шалқайып, жамбаспен тірәй шабуыл жасаушы балуанның бұрылуына кедергі жасау;
- шабуыл жасаушы балуанның бұрылатын жағына аяқты қойып сүріндіру.

Қарсы әдістер:

- шалқалай лактыру;
- сырттан шалу.

Шалу әдістері. Бұл әдістер, негізінен, аяқты шалу арқылы орындалады. Аяқтан шалу әдістері: іштен, сырттан, қапталдан, қырқа шалу болып бірнешеге бөлінеді. Аяқтан шалу әдістерін орындау үшін, алдымен, қарсы балуанды тере-тендік қалпынан шыгарып, оның бір аяғының кілемнен көтерілуін қамтамасыз ету керек. Осындай сөтте аяқтан шалынған екінші аяқ та кілемнен көтеріліп, балуанның құлауына жағдай туғызды. Бұл үшін көптеген тактикалық әдіс-айлалар бар.

Белдіктен немесе жеңнен үстап, алдынан шалу. Бұл тәсіл, негізінен, жақын және орта қашықтықтарда қолданылады. Ол үшін бәсекелесті жеңнен немесе белдіктен мықтап үстая керек. Оң не сол қапталға арқамен бұрылыш, аяқты қарсы балуанның он не сол аяғының алдына қойып, оның ынғайына қарай жүлкі тарту керек. Міне, осы кезде алдында түрган аяққа сүрінген балуан тере-тендік қалпын сақтай алмай, кілемге жығылады. Бұл сөтте белдіктен не жеңнен үсталған қолдар босатылмайды.

Бұл әдісті тізерлеп отырып та орындауга болады.


Кездесетін қателер:

- аяқты қапталға қою;
 - қарсы балуанның тізесіне шалатын аяқты тіреу.
- Қорғаныс:*
- белдіктен дұрыс үстап;
 - шалатын аяқтан аяқты асырып жіберу.

Қарсы әдістер:

- шалқалай иліп барып лактыру;
- аяқты сырттан шалу.

Жеңнен немесе иштап үстап, сырттан шалу. Бұл, көбінесе қарсы тәсіл ретінде қолданылады. Мысалы, шабуыл жасаушы балуан бәсекелесін шалқалап иліп лактыруға өзірленді делік. Міне, осы кезде сырттан шалу әдісі жиі қолданылады. Бұл үшін бір аяқты балуанның сыртына шыгарып, тізе буыннан қатты қағу керек. Ал тізе буыны куресте өте өлсіз жерлердің бірі екендігі белгілі. Міне, осы кезде тізе буынның бүгілуінен шабуыл жасаушы балуан оз денесінің тере-тендік қалпын сақтай алмайды да, кілемге құлайды (70-сурет).



70-сурет

Кездесетін қателер

- шабуыл жасаушы алыс қашықтықта тұрып, аяғын бәсекелесінің сыртына шыгара алмайды;
- бәсекелесін өзіне қарай жүлкі тарту;
- тіреуші аяғы орнықты тұрмайды да, өзі тіпе-тендік қалпын жоғалтады;
- шабуыл кезінде қарсы балуан кейін шегінеді де, шабуыл жасаушының аяғын сыртына шығармайды.

Қорғаныс:

- кейін шегінү;
- шабуыл жасаушы балуанның жамбасынан қолмен тіреп, шалуга мүмкіндік бермеу;
- шалынған аяқты тез көтеріп, шабуыл жасаушының екпінін бәсенсіту.


Қарсы әдіс. Белдіктен үстап, арқалап тастау әдісін қолдану.

Аяқтан қагу әдістері — қарсы балуанды тіпе-тендік қалпынан шығарып, кілемге сүріндіре құлататын тәсілдер тобы. Бұл топқа толарсақтан, тізеден, аяқтың ішімен не сыртымен қагу әдістері жатады. Бұл да аяқтан шалу тәсілдері сияқты қарсы балуанның тіпе-тендік қалпын сақтай алмай, бір аяғын кілемнен көтерген сәтінде орындалады. Бірақ шабуыл жасаушы балуан аяқтан қагу әдістерін қолданар алдында бәсекелесінің аяғын кілемнен көтеруге жағдай туғызу керек. Негізінен, аяқтан қагу әдістерін жақсы орындау үшін мынадай жаттығуларды жасау керек:

- табанмен допты соғып үйрену;
- тұлыпты (чучело) жоғары көтеріп, қағып үйрену;
- аяқтан қагу әдістерін жаттығу кезінде жұптасып орындау.

Аяқтан қагу әдісінде қарсы балуанды женнен не шапанның жағасынан ұстau керек. Ол алға қарай үмтүлған кезде шабуыл жасаушы да аяғын бәсекелесінің алдыңғы аяғына тіреп, оны сол жакқа қарай бұра тартады. Осы кезде қарсы балуанның аяғы жоғары көтеріліп, өзінің тіпе-тендік қалпын сақтай алмай, кілем үстіне құлап түседі (71-сурет).

Тактикалық дайындық. Бәсекелесін әдіс қолдана алмайтын қапталға қарай тартқыладап, оның шабуылды сол жақтан күтуіне жағдай туғызу. Кейін қарай шегіндеріп, тіресуге мүмкіндік беру.



71-сурет

Кездесетін қателер:

- табанмен емес, аяқтың жанымен қагу. Бұған себеп: бәсекелестерінің бірінен-бірі алшак тұруы;
- бәсекелестің денесін бұрау мен аяқпен қағудың бір сәтке келмеуі. Бұл екі әдістің қатар орындалмауынан шабуыл жасалынған балуан кілемге құламайды.

Көрганыс әдістері:

- бәсекелесінді аяқпен қаққаннан кейін аяқты сөл жогары көтеріп алыш кету;
- аяқты бүгіп, сөл еңкейе түсіп, шабуыл жасаушы балуанды кейін шегіндіру.

Қарсы әдіс: сырттан шалып жіберу.

Іліп тастау әдістері. Бұл, негізінен, аяктан шалу әдістеріне ұқсас. Бірақ әдіс қолданушы балуан қарсыласының аяқтарын іліп алыш, әдіс толығымен орындалғанша аяқты ілмектен босатпайды. Бұл әдістер әрқиылды бұрылу немесе алға еңкею, шалқалай иілу және басқа жағдайларда орындалады. Осы әдістерді үйренер алдында мынадай жаттығуларды жасаған жөн:

- бетпе-бет келіп, сол аяқпен бір қадам алға шығып, сол жакқа қарай арқамен бұрылу;
- осы жаттығуды тұлыппен қайталау. Кейіннен аяқтың күшімен жогары көтерілген тұлыпты жібермей ауада үстап алу;
- тұлыппен бірге құлап түсу.


Бұл жаттығулар, негізінен, мынадай әдістерді орындаудан тұрады:

- үстасу;
- арқамен бәсекелесіне қарай бұрылу;
- аяқты іліп алыш бәсекелесін лақтыру.

Аяқтан іліп тастау әдістері көбінесе өте тез орындалады да, шабуыл жасаушы балуанның таза женіске жетуіне жағдай туғыздады.

Женін және белдіктен үстап, аяқтан іліп тастау. Бұл әдістің мақсаты — қарсы балуаның алға қарай енкейген сөтінде оң қолмен белдіктен, ал сол қолмен женін үстап, сөл бүгіліп, сол жаққа бұрылып, сол аяқты өзіне жақын үстай, оң аяқпен бәсекелесінің санынан іле оны жогары көтеріп алу. Белдіктен және женін үстап, өзіне қарай жұлқи тартып, қарсы балуанды кілемге жыгу керек (72-сурет).

Тактикалық дайындық. Бәсекелесті кейін шегіндіріп, кайта үмтүлған кезде белден және женін үстап, әдісті қолдануга дайындау.



72-сурет

Кездесетін қателер:

- дененің салмағы түсіп, кашықта тұрган аяқты іліп алуга мүмкіндігі болмайды;
- дененің салмағы түскен аяқты әдіс қолданылатын жаққа бүрмай, шабуыл жасаушы балуан өз денесінің тепе-тендігін үстай алмайды.

Көрганыс: қолмен буйірден немесе саннан тіреп, шабуыл жасауға мүмкіншілік бермеу.

Қарсы әдіс: қолдан және белден қапсыра үстап, сырттан қырқа шалу.

Женін және белдіктен үстап, аяқтың алдынан іліп тастау. Бұл көбінесе белдесер сөтінде орындалады. Оң қолмен белдікті оң буйірден немесе сырттан үстап, ал сол қолмен шынтақтан үстай керек. Қарсы балуанды оң жаққа қарай жұлқи тартып, оң аяқты алға жіберіп, жогары көтепе, екпінмен кілемге құлау.

Тактикалық дайындық: бәсекелесті қарсы жаққа қарай шабуыл күткізе алдау. Ол бұрынғы қалпына келген жағдайда жоғарыдағы әдісті қолдану.

Кездесетін қателер: іletін аяқ қарсы балуаннан алыста тұрады. Аяқты ілу бәсекелесінің тепе-тендік қалпынан шықкан сөтінде орындалмайды.

Қарсы әдіс. Белден мұқтап ұстап, аяқпен тіреп, шабуыл жасаушы балуанның жақындауына мүмкіндік бермеу. Шегініп кету. Денеден қапсыра ұстап, сырттан шалу.

Шалып жыгу әдісі. Бұл да курес әдістерінің бір түрі. Қазақша күресте көбінесе аяқпен іштен немесе сырттан шалып жыгу әдістері бар. Балуанның аяғы шалынған кезде шабуыл жасаушы кеудесімен, иығымен қағып, оны сұріндіріп құлатады. Аяқпен іштен шалу әдістері қарсы балуан екі аяғын арасын алшак ұстаған кезде оны жығу үшін қолданылады. Мұндай сөтте шабуыл жасаушы оны өзіне қапсыра тартып, аяқтан шалып жығу жолдарын іздейді. Яғни, аяғын қарсы балуанның аяқтарының арасына қойып, тізе буыны тұсынан аяқпен шалып құлату сөтіне келеді. Содан кейін ол алға қарай сөл-пәл енкейіп, бәсекелесін сұріндіріп құлатады.

Сырттан шалып жыгу — бұл да бәсекелестер аяқтарын бірте-бірте жақын ұстаған сөтінде қолданылады.

Белдіктен екі қолмен ұстап, аяқтың сыртынан шалу. Бәсекелестер бір-бірінен орташа қашықтықта тұрады. Шабуыл жасаушы балуан қарсыласының белінен қапсыра ұстап, жоғары көтере тартады да, сол немесе оң аяғын бәсекелесінің сыртына шығарып, тізе буынынан сөл төменірек аяғын шала жоғары көтереді. Осы сөтте ол бәсекелесін иығымен не денесінің салмағымен алға қарай қозғау керек. Сонда өз денесінің және бәсекелесінің салмақ күші жалғыз аяққа түскен қарсы балуан кілемге құлады.

Тактикалық дайындық. Қарсы балуанды шалкалай иліп лақтыруға немесе арқадан тастауға ыңғай білдіріп алдау.

Кездесетін қателер:

- шабуыл кезінде төмен отырып қалу;
- шалынған аяқты жоғары көтере алмау.

Корғаныс:

- шегініп кетіп, аяқты шалуға жағдай туғызыбау;
- қолды жамбасқа тіреп, шалатын аяқты жақыннатпау.

Қарсы әдіс: іштен шалу; шалынған аяқты онға бұрып әкетіп арқадан ұстаяу.

Жағадан және жеңнен ұстап, іштен шалу. Бұл әдісті қолдану үшін қарсы балуанның еңкейген сөтін дәл пайдалану керек. Қебінесе бұл орта қашықтықта қолданылады. Шабуыл жасаушы бәсекелесін өзіне әрі-бері жұлқи тартып, жағадан сөл жоғары көтеріп, шалатын аяғын ішке өткізеді де, тез еңкейіп әдісті орындаиды.

Тактикалық дайындық. Қарсы балуанды әрі-бері жұлқи, қандай әдісті қолданатындығын байқатпау.

Кездесетін қателер:

- бәсекелесінен тым қашықтап не оған жақындап кету;
- бәсекелесін кілемге тірелген аяғы жаққа қарай итеру;
- әдіс қолданған кезде аяқты жоғары көтермеу.

Корғаныс:

- шалатын аяқ жақтағы белдіктен ұстаяу;
- шегініп кету;
- тізе арасын қосып, шалатын аяқты сыртқа откізбеу.

Қарсы әдістер:

- сөл төмен отыра қалу;
- аяқтын сыртынан шалу;
- аяқты сырттан тіреу.

Аударып тастау әдісі. Бұл әдістер тобы қазақ халқының орыс халқымен арасындағы тарихи байланыс басталған кезеңнен туындаиды. Аударып тастау әдістерін шабуыл жасаушы балуан отырып, жантая жатып орындаиды. Қас қағым сөтте шабуыл жасаушы балуан өзінің бәсекелесін денесіне тірей не сұріндіре аударып тастайды. Бұл — казіргі уақытта қазақша күрестің таңдаулы шеберлері жиі қолданып әрі женіске жеткізіп жүрген тәсілдердің бірі.

Кеудеден асыра лақтыру. Кеудеден асыра лақтыру әдісін үйрену үшін алдын ала мынадай жаттыгулар орындалады:

- белдіктен ұстап, бәсекелесінің ішіне ену;
- ішке сұғына еніп, кілемнен көтеру;
- артка қарай иліп құлау.

Мұндағы басты қындық — қарсы балуанның әдіс қолдануына мүмкіндік бермей, тез ішке кіріп, тізе буынын жазу арқылы оны кілемнен көтеріп әкету. Шабуыл жасаушы балуан осыдан соң тез шалқаяды да, екпінімен иле түсіп, бәсекелесін кеудесінен асыра лақтырады. Ол әдісті қолдана отырып өзі де ауада айналып түсуге тиіс. Қазақша күрестің ережесінде басты кілемге тигізу жеңіліс болып есептелгендейді, балуан ауада оте тез айналып түсіү керек. Кеүгендіктен, балуан ауада

деден асыра лактыру өдістерін орындау үшін алдын ала мынадай жаттығулар орындалады:

- түрегеп тұрып, артқа қарай шалқалай құлап, ауада айналып тұсу;
- түрегеп тұрып, аяқтың екі арасында доп ұстап, артқа қарай шалқалай құлап айналыш тұсу, допты лактырып жіберу;
- осы жаттығуларды тұлышпен орындау;
- бәсекелесті, алдымен, кілемнен көтеріп өдісті қолдануға дайындалу.

Белдіктен ұстап, шалқалай іліп кеудеден асыра лактыру. Мұнда бәсекелестер он аяғын алға жіберіп, бір-біrine қарама-қарсы тұрады. Екеуі де белдіктен мықтап ұстап, андысып жүреді. Осы сөтте шабуыл жасаушы балуан он аяғын ішкे енгізе алға үмтыйлады да, сол аяғын да оның тұсына апарады. Өзі өте тез қимылдан, тізе буынын жазуарқылы бәсекелесін кілемнен көтеріп әкетеді. Екпінің бәсендептей, шалқая беріп, бәсекелесін иіле лактырады.

Кездесетін қателер.

- белдіктен нашар ұстаяу;
- жоғары көтерілгенде қолмен демей білмеу.

Қарсы өдіс. Жерден көтерілгенде сырттан қырқа шалу.

Аяқтан іліп лактыру өдісі. Ол мынадай екі турде орындалады:

- алға еңкейіп, аяқтан іліп лактыру;
- кеудеден асыра шалқалай іліп, аяқтан іліп лактыру.

Белдіктен және жеңінен ұстап, алға еңкейіп аяқтан іліп лактыру. Шабуыл жасаушы балуан мұнда он қапталмен тұрады. Он қолымен бәсекелестің белдігінен, ал сол қолымен жеңінен ұстайды. Он аяғын ішкे енгізе аяғының ұшымен бәсекелесінің тілерсегінен іледі де, жоғары көтеріп, оны тепе-тендік қалпынан шығарады. Жеңінен ұстаган қолымен жұлки тартып, белдіктен ұстаган қолымен демей, қарсыласын жоғары көтере сол қапталға қарай құлайды.

Аяқты іштеп іліп, кеудеден асыра шалқайып лактыру. Шабуыл жасаушы балуан он қолымен бәсекелесінің қолтығынан асыра белдіктен ұстайды да, сол қолымен бәсекелесінің қолтығынан демей өзіне тарта түседі. Он аяғын қарсыласының екі аяғының ішкесінде енгізе тілерсектен іледі. Бұдан кейін сол аяғын жарты қадамдай алға апарып, ішкесін жағынан асыра белдіктен ұстайды да, ілген аяғын жоғары көтере шалқаяды. Екпінің бәсендептей, он қапталға қарай ауада бұры-

лып, бәсекелесін ала кілемге құлайды. Аяқты іштеп іліп, кеудеден асыра шалқайып лактыру өдісі екі қолмен белдіктен ұстап та орындалады.

Қарсы өдіс. Кейін шегініп, аяқтан іліп алуга мүмкіндік бермеу. Аяқты түзетіп ілмектен босану. Бұдан кейін шабуыл жасаушы балуанды отыра қалып аударып лактыруға болады.

Отыра қалып лактыру өдістері. Оның ерекшелігі – кез келген жерден белдіктен, белбеуден, жағадан, қолтықтан, шынтақтан ұстап орындау. Және қапталға, алға, сыртқа шығып, отыра қалып та орындауға болады. Енді біз осы өдістер тобының бірін талдап көрелік.

Екі қолмен белдіктен ұстап, отыра қалып лактыру. Шабуыл жасаушы балуан бұл жерде қарсыласын екі қолымен белдіктен мықтап ұстайды. Ішке ене, он аяғын көтеріп, бәсекелестің аяқтарын көтеруіне жағдай туғызады да, өзі де жоғары көтеріле беріп бір аяғына отырады. Осы өдістің орындалуы кезінде шабуыл жасаушы балуанның жоғары көтерілген аяғы қарсыласы асып түсетіндей кедергінің міндетін атқаруы керек. Белбеуден ұстаган қолдарын босатпай, он не сол қапталға қарай бәсекелесімен бірге кілемге құлайды.

Тактикалық дайындық. Бәсекелесін онға, солға, алға, кейін шегіндеру.

Кездесетін қателер:

- шабуыл жасайтын балуан бәсекелесінің белдігінен мықтап ұстамайды. Бұл кілемнен көтеруге кедергі жасайды;
- аяғын тек қана жоғары көтеріп, оны бәсекелесі асып түсетіндей кедергі ретінен пайдалана білмейді, осы сөтте аяқ ішкесінде қапталға қарай қозғалып кетеді.

Қорғаныс:

- арақашықтықты алшактату;
- шабуыл жасаушы балуанды өзінен кейін итеріп, шегініп кету.

Үйіріп мастау өдістері. Бұл өдіс қазақша куресте өте ертеден қолданылып келеді. Шабуыл жасаушы балуан бәсекелесін белінен мықтап ұстап, қолдың және белдің күшімен оны кілемнен жоғары көтеріп алғып, өзіне қарай тарта үйіріп әкетуі керек.

Қазақша куресте өдіс-тәсілдердің түрлері көп. Біз жоғарыда осылардың кейбіреулерін ғана көлтіріп, олардың техникалық орындалуына қысқаша тоқталып оттік.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- △ 1. Кілем үстіндегі белдесу қанша уақытка созылады? Қанша минуттан кейін үзліс беріледі?
- △ 2. Қазақша қурестің тактикаларын атаңдар.
- △ 3. Қазақша қурсес тесілдерінің қай түрін білесіндер?
- 4. Өздеріне онтайлы қазақша қурестің тәсілдерін атап көрсетіндер.

КОНЬКИМЕН ЖҮГІРУ *

Оқушылар бұл тақырыпта екі және бір конькимен жүгіру, сырғанау, тіке және айналма жолмен жүгіру, ро-ликті конькимен жүгіру, тоқтаудың толық өдістері, жүгіру үстінде кол мен аяқтың үйлесімді қымыл жасауы, жалпыға бірдей негізгі командалар тәрізді конькимен жүгірудің алғашқы техникасының жекелеген бөліктерімен (элементтерімен) танысады. Оның үстіне, оқушылардың конькишінің курал-саймандың күте білуі, конькіді егу, мұз айдынының жасалуы және т.б. туралы хабарлары болуы қажет.

Оқушылар, ең алдымен, коньки түрлерімен, оларды бекіту және егу өдістерімен, оларды қалай күту көректігімен танысады жөн.

Коньки. Коньки тебуді үйрену үшін «Снегурочка», «Спорт» тәрізді қаралайым коньки модельдерін және инженер В.И. Поликарповтың құрастыруымен жасалған конькилерді пайдаланған дұрыс.

Қаралайым конькилер едәуір ыңғайлар, өйткені олардың табанды жалпақ (2,5—3 мм) болады да, алasca келеді. Осылың өзі конькишінің бастапқы кезде мұз үстінде жақсы туруына жағдай туғызады. Коньки тебуді алғаш үйрену кезінде «Хоккей» типті конькіді де пайдалануға болады.

Аяқким. Конькіді бекіту үшін аяқкимнің ыңғайларының болын, былгары табанды және өкшесі бар бәтенкелер болып саналады. Бәтенкенің ішінде жұмысқа астары болуы тиіс. Конькишінің аяғына аяқкимі дөл келуі қажет; жұн шұлышқа киген кезде аяқты катты қысып кетпеуі үшін бәтенкенің өдettегі киетін өлшемінен (размерден) бір нөмір үлкен болғаны тәуір.

Бәтенкенің бауын аяқтың башайларын қатты қыспайдыңда етіп байлау керек. Аяқтың үстін аяқтың басына қарағанда қаттырақ байлау қажет.

Конькилерді бекіту. Конькіді аяқкимге дұрыс бекітудің мәні өте зор, өйткені оқушының мұз үстінде жақсы тұруы соған байланысты. Коньки табанның, өкшенің ортасы мен үлкен башай мен соған жақын тұратын башайдың ортасынан өтуі қажет.

«Снегурочка» типті коньки бұранданың көмегі арқылы өкшеге және «жақтау» арқылы аяқкимнің табанына бекітіледі. «Спорт» конькі мыйстан немесе алюминийден жасалған шегемен, Поликарпов конькі кез келген аяқкимге қайыс немесе жіппен бекітіледі.

Конькіді қайрау. Коньки әрқашан да өткір қайраған болуы тиіс. Жай конькилерді қайрау үшін дөңгелек тас қайрақ немесе дөңгелек егуе пайдаланылады. Дөңгелек тас қайракпен қайраганда, конькіді қыспа төске қысып қояды. Конькіді қөлдененінен қайраган жөн; конькіді егер болған соң, сырт жағынан тас қайракпен жүргізіп өту керек.

Кіім. Конькіді жұмысқа әрі женіл, жылы киіммен тепкен ыңғайлар. Жүннен тоқылған костюмдер, тоқыма кейлек, бас кіім, қолрап — ыңғайлар киімдерге жатады. Күртешенің ішінен тоқыма кейлек киіп, шаңғы костюмімен де коньки тепкен қолайлар.

Мұз айдынының құрылышы және оны құту. Әдетте, мектептің спорт аланын мұз айдынына айналдыруға болады. Ол үшін сұық түспестен бұрын оқушылар өз күшімен аланың тегістеулері керек. Егер аланда қар болса, қарды тазарту керек, тазаланған жер тез қатады, судың жер бетінде сакталуына жағдай туғызады. Су күйған кезде оның ағып кетпеуі үшін мұз айдынының төңірегі топырақпен немесе қармен көмкөріледі. Мұз айдынына суды 5°—10° аяз кезінде шлангімен жая шашыратып, теп-тегіс болатындағы етіп қую керек. Шланг болмаған жағдайда, суды шелек немесе су күйғыш арқылы да құюға болады. Мұз айдынын күтіп ұстап, қарап, уақтылы тазалап, мұздың қандай жағдайда екендігін бакылап отыру қажет.

Бастапқы үйрену. Конькимен жүгірудің техникасын үйренуге кіріспес бұрын конькисіз және конькимен жасалатын бірнеше даярлық жаттығуларын жасаған жөн. Ондай жаттығуларға мыналар жатады: аяқтың ұшымен және өкшемен жүру; табанның сыртқы және ішкі қырымен (жактармен) жүру; түрлі отырып-түрулар және конькисіз жасалатын жүруге үқсас (имитациялық) қымылдар; дененің ауырлық салмагын бір аяқтан екінші аяққа түсіре отырып

журу, конъкишінің дұрыс журу, тұру жағдайларын үйрени, т.б.

Конъки үйретудің төмендегідей тәсілдері бар: орындық-шашаның көмегімен (оны алда ұстап сырғанау) және сырықты бірнеше бала болып ұстап немесе едәуір тәжірибелі жолдасының көмегімен үйрену.

Алғашқы қадамдар былай жасалынады: бір аяқпен итеріліп қалып, оны тез мұздың үстіне қойып, екі аяқпен бірдей сырғанап кету. Тепе-тәндік салмақты ұстau дағдысы қалыптасқан соң, екі аяқпен кезек итерілу арқылы мұз жолының үстінде жүгіргүте тырысу керек. Алғашқы кезде конъкидің ішкі жағына қарай аяқты икемдеп сырғанауға болады.

Тұзу жолмен журуіп үйренигенен кейін айналу және тоқтау техникасын менгеру қажет.

Сырғанау техникасы екі аяқты жылдам итеруден тұрады. Кимыл үстінде итеретін аяқ біртіндеп сыртқа қарай алшактайды, кимылды бағыттап отыратын аяқ алшак түсер кезде тізе бүгледі, қимылды өзгерткенде, екінші аяқ та сондай қимылдар жасайды. Дене салмағы сырғанап келе жатқан аяққа түскеннен соң, бос келе жатқан аяқ ақырындан сырғанап келе жатқан аяққа қарай тартылады да, екінші аяқпен қатар қойылады.

Айналмада жүгіру. Ол ушін айналманың сол немесе он жағына бұрылуга сәйкес дene салмағынан босаған аяқ жолға қарай түсіп артқа итеріледі.

Аяқты алмастырып тастау арқылы болатын айналма жүгірісті төмендегідей ретте орындаиды. Айналмаға жүгіріп жеткен соң, оқушы дene салмағын сол (он) аяққа отырып, елтеп солға (онға) қарай бұрылады да, конъкиді сырт жағына қарай басады. Қимылды аяқтаған он (сол) аяқ сырғанап келе жатқан сол (он) аяқтың алдына айқастырыла мұз үстіне қойылады. Содан кейін сол (он) аяқ мұз үстінен көтеріліп алға қарай шығады да, он (сол) аяқтың алдынан мұз үстіне қойылады, ал он (сол) аяқ осы кезде қатты итеріледі. Осылай бірқалыпты қимыл екі аяқпен кезекле-кезек айналмадан толық өтіп болғанша жасалынады.

Тежеу. Тежеудің торт түрлі әдісі бар: бір конъкимен тежеу; екі конъкимен тежеу, жартылай айналып барып немесе конъкидің артын тіреп тежеу.

Бір конъкимен тежеу кезінде бір аяқ қимылға қарсы келетіндей етіп біршама алға қойылады. Екі аяқты жаңын-

датып барып тежеу: екі аяқ бірдей сыртқа қарай иледі де, аяқтың ұпсы бір-біріне жақындаі түседі, тежеу конъкидің ішкі жағына күш түсіру арқылы жасалады. Жартылай бұрылу арқылы тежеу кезінде конъки тебуші жүріп келе жатып, курт 90°-ка бұрылады, денесін жүріп келе жатқан жағынан қарама-карсы жаққа қарай қисайтады. Сейтіп, конъкидің біреуін сырт жақтағы қырына, екіншісін ішкі жақтағы қырына қояды. Төртінші әдіс, яғни бір аяқтың өкілесін мұзға сырғаната тіреп тежелу нашар мұзда қолданылады.

Конъки тебушінің тұру қалпы. Техниканың ең маңызды элементтерінің бірі — конъки тебушінің дұрыс тұру қалпы болып табылады, яғни конъки тебушінің мұзда жүгірген кездегі денесінің қалпы (тұрысы). Денені дұрыс ұстап журу конъки тебушінің өзін жеңіл, еркін ұстасына байланысты. Конъки тебушінің тұру қалпы, ең алдымен, жүгіру қашықтығына байланысты. Оқушылар 100, 500 және 1000 м-ге жүгірер кезде өзін қалай дұрыс ұстап жағдайымен алдын ала таныстырылады. 100 және 500 м-ге жүгірген кезде бас, дene, қол және аяқтың қалпы мынадай болуы керек: кеудені алға қарай еңкейту, аяқты тізеден сәл бүгіп, басты аздан жогары көтеріп жолға қарау керек, қол артика және алға қарай қатты сермеліп жұмыс істейді. 1000 м-ге жүгірген кезде дene төмөн еңкейтіп ұстап, екі колды арт жағына айқастырып ұстайды.

Кетемін қателер. Конъки тебуші кеудесін жамбасымен бір деңгейде немесе одан томен ұстайды.

Қателерді түзету әдісі. Денені жогары көтеріңкіреп, белді қақайту керек, ишкі еркін томен түсіру қажет, бағты жогары көтеріңкірейді.

Тура жолмен жүгіру. Тура жолмен жүгірген кезде аяқты жайлап, бірқалыпты тіреу керек. Конъки тебуші алғымен канша қатты итерілсе, шапшандық соғурлым үдей түседі. Аяқпен дұрыс итеруді денесін анағұрлым тиімді қалпымен, қолдың және аяқтың қатты жұмыс істеуімен ұштастыруды қажет.

Конъки тебушінің бір адымдал басуын талдап көрелік (жүруді сол аяқтан бастайды). Оқушы он аяғымен итеріледі де, салмағын сол аяғына түсіріп, сол аяғымен сырғанайды. Дене өзінің сол аяқпен сырғанауын токтатқан кезде, он аяқ алға қарай шығарылады. Нәк сол сөтте сол аяғын мұзға тіреп итерілу басталады, дene көлденен қалыпта тез алға

қарай жылжып, оң жаққа қарай құлама қалыпқа көшеді. Сонымен қатар иықты оң жаққа бұрган кезде сол аяқтағы конькідің ішкі жағының ортасын мұзға тіреп, бір жағына және артқа сілтеп, итерілуді аяқтайды. Тіреп итерілуді аяқтаған сон, сол аяқты түгел жазып, мұздан көтеріп алады. Содан кейін буынды босаңсызып, жартылай шеңбер жасап, сырғанап бара жатқан конькіге қарай тартып алады да, жайлап аяғының ұшына денесінің бүкіл салмағын түсіре, алдағы сырғанаушы конькіден жарты табан кейін мұзға қойылады. Коньки тебушінің адымы тура жолмен жүгірген кезде жүгіру техникасын үйренген сайын бірте-бірте 2—3 м-ден 6—7 м-ге дейін ұлғая беруі керек.

Кетемін қателер. Тіреп итерілетін бос аяқ итерілген-нен кейін, басып тұрган аяққа теңестірілмей, бірден алға шығарылады. Бұл кезде кеуде мен бас осы бос тұрган аяққа қарай қисайды. Аяқтың қатты тірелмей, босаңсып қала-тыны осыдан болады.

Конькіді бір-бірінен алшақ қою конькідің сүйретіліп, шашшандықты бәсендетуіне, коньки тебушінің нық тұр-мауына әкеп соғады.

Қателерді тұзегу әдістері. Дене салмағын бір аяктан екінші аяққа түсіре отырып, қашықтықты ұлкен (4—6 м) жүгіру адымымен өтуге тырысу керек.

Салмақ түспеген аяқтағы конькіді тура жүріп келе жатқан бағыт өзгермейтіндей етіп екінші аяққа қатар қою керек.

Дұрыс тұру қалпын күні бұрын өзгертіп, алға қарай үмтүлмаган жөн. Салмақ түспеген аяқты тіреп итерілген-нен кейін, тез екінші аяқтың жанына тартып алу керек, оны қимылды тоқтатпастан сілтеп, аяқтың ұшымен екінші аяқтың жанына, мұзға қою керек.

Айналма бойынша жүгіру. Айналма бойынша сағат тіліне қарсы бағытқа жүгіреді. Тура жолмен жүгіріп келе жатып айналмаға оң аяқпен өтеді. Жүгіретін қашықтықтың ұзындығына байланысты айналманы орындаудың алуан түрлі техникасы бар. 200 және 500 м-ге жүгірген кезде коньки тебуші шағын адымдаپ, аяқты мұзға қатты тіреп, денесін салмағын айналманың ішкі жағына қарай аударып журу керек. Айналмада коньки тебуші екі аяғымен бірқалыпты тіреп, екі аяғымен бірдей итерілуі қажет.

Айналмада жасалатын қымылдардың түрлерін талдап көрелік. Айналмага келген кезде коньки тебуші өзінің сал-мағын сол аяғына түсіреді, содан кейін оң аяғын сол аяғы-ның үстінен айқастырып басып өтіп, оң аяғындағы конь-кідің ішкі қырымен сырғанап жүреді. Оң аяқтағы коньки екі әдіспен ғана алға шығарылады: конькідің өкшесін сол аяқтың үстімен алыш өтеді, сөйтіп, оны сол аяқтан онға таман қояды. Алға шығарылып, мұзға қойылған оң аяқтың тізесі оң иықпен бір деңгейде болып тұруы керек. Оң аяқты мұзға апарып қойғанша сол аяқпен итеріле бастау қажет. Бұл кезде дene салмағы мұздағы аяққа түседі. Аяқтың тізесін жазу және конькідің жүзінің ортасынан басу аркы-лы аяқты тіреп итерілуді аяқтайды, ал сол аяқты дененің тура астына қояды. Бұл кезде мұзға қойылған аяқтың тізесі қатты бүгіледі. Тіреп итерілгеннен кейін сол аяқ денеге қарай тартылып алышып, алға қарай шығарылады. Сол аяқ мұзға қойылмастан бұрын оң аяқтағы коньки өзінің ішкі жүзімен мұзға тіреліп, онға, артқа қарай итеріледі. Оң аяқ-ты тіреп итерілуді денемен солға, алға қарай қатты қымыл жасау арқылы күштейтуге болады. Сол аяқты тіреп итерілу арқылы айналмадан шығуға болады.

Кетемін қателер. Жиекке жақын жүріп, айналмаға шығу коньки тебушінің сыртқа шығуына әкеліп соғады. Коньки бір сзыққа қойылады, сондықтан коньки тебуші артқа қарай итерілуі арқылы сырғанайды.

Кеуденің қалыптан тыс солға немесе онға бұрылуы.

Қателерді тұзету әдістері. Айналмадағы жиектен 2 м қашықтықтан сырғанап өтү.

Алға қараганда солға көбірек адымдау қажет, кеуде алға қарай үмтүлмауы керек.

Сол аяқтағы конькімен итерілгенде кеудені солға қарай, сондай-ақ оң аяқпен итерілгенде онға қарай аз бұр-ған жөн.

Колдың жұмыс істеуі. Жақын қашықтыққа жүгірген кезде колдың үйлесімді, дұрыс жұмыс істеуінің коньки тебуші үшін маңызы зор. Колдың жұмыс істеуінің біршама өзгешелігі болғанымен, жүгірген кездегі сияқты жұмыс істейді. Қол аяқпен бірдей жұмыс істеу керек: сол аяқпен адымдағанда, он қол алға шығарылады, он аяқпен адымдағанда, сол қол алға шығарылады. Колды қатты сермен,

қымыл аяқталған кезде, оны шынтақтан бүгіл алға шыгады. Артқа қарай біршама жай сілтеледі.

Жақын қашықтыққа (100–150 м) жүгірудін басында қол бүгіліп ұсталады. Бұл қолдың тез жұмыс істеуіне женілдік беріп, аяқтың тез адымдан журуіне әсерін тигізеді.

Кетемін қателер. Жақын қашықтыққа жүгіргендеге қолды қатты сөрмеу.

Қолмен жұмыс істеудің жалпы шапшандыққа және жүгіру бағытына сәйкес келмеуі, аяқпен тіреп итерілуді тиімді етіп пайдалануға мүмкіндік бермеу.

Қателерді түзету әдістері. Оң қолдың ұшы он иықтың түсында, шынтақ оң жақ бүйірдің түсында болатындей етіп сермеу керек.

Аяқты қатты тіреп итерілгенде, қолды жүрген жаққа қарай тез сермеу қажет, ал аяқты қашықтыққа жіберіп итерілген кезде, қолмен жайлап қымыл жасалуы тиіс.

Сөреден шығу (старт). Сөреден шығудың немесе жүгіруді бастаудың жақын қашықтыққа жүгірген кездегі маңызы ерекше зор. Тез, ышқына жүгіріп сөреден шығудан басқа мейлінше жайлап жүгіруден басталатын сөреден шығулар да бар, мұны орташа және ұзақ қашықтыққа жүгірген кезде қолданады. Сөреден шығу техникасы мынадай: «Сөреге!» деген пәрмен бойынша коньки тебуші онға, жүгіретін жаққа қарай, оң қырын беріп тұрады, аяқ арасы иық кендеріндегі етіп қойылады, тізе бүгіліп, екеуі бір-біріне жақын тигізіліп тұрады. Коньки ішкі қырына басылады: сол аяқтағы коньки сөре сызығына 35–40°, ал екінші аяқ онға таман қойылады, дене сөл алға қарай еңкейтіледі: оң қол артқа жіберіліп, иықтың түсінә немесе одан аздап төмен, сол қол алға қарай созылып, төмен ұсталады.

«Дайындал!» деген пәрмен бойынша сол аяқ сөл алға қарай шығарылады, ал оң аяқ конькіндің бір қырымен ұшына тіреліп, қатты итеріледі. Осы кезде оң аяқ күрт алға қарай шығарылып, ал сол аяқ артқа қарай жіберіледі.

«Жүгір!» деген пәрмен бойынша коньки тебуші ең алғаш төрт-бес қадамды конькіндің ішкі қырынан басып (аяқты қысқа, тез адымдан) жүгіруі керек. Кеуде жоғарырақ көтеріліп, аяқ аздап бүгіледі, аяқтың тіреп, артқа қарай итереді, конькіндің ұшын тірейді. Осыдан кейін коньки тебуші сырғанауга көшеді.

МҰЗ ҮСТІНДЕ ӘТКІЗІЛЕТІН ОЙЫНДАР*

«Жолдасынды қуып жет». Барлық оқушылар жанжакқа бытырап қашады. Қатынасушылардың біреуі (оның жүргізуши) ойнаушылардың біреуін қуып жетуге тырысады, жетсе, оған қолының ұшын тигізеді. Егер ойын жүргізуши қашуышы қолын тигізе, онда екеуі орындағына ауыстырады, ұсталған оқушы ойын жүргізуши болады.

Сыныптың барлық оқушыларының бір мезгілде ойнауына болады.

«Пистолет». Бір топ оқушы бір лекке тұрады, әрбір оқушы өзінің алдында тұрган оқушының белінен екі қолмен ұстайды. Салтын ен артында тұрушының: «Отыр!» деген пәрмені бойынша күні бұрын оқушылардың келісімімен белгіленген аяқта отырып, екінші аяғын алға қарай созып көтереді. Осы қалыпта: «Тұр!» деген пәрмені айтылғанша сырғанап жүре береді.

«Лекте тебу». Оқушылар бірінің артынан бірі сапқа тұрып, коньки тебе бастайды. Колдарын өзінің алдында тұрган оқушының иығына қояды немесе белінен ұстайды. Коньки тебуді бұрылу арқылы аяқтайда, мұны алдағы келе жатқан оқушы жасайды; ал басқалар шенбердің ішкі жағында айнала бұрылады.

«Тізбектеліп тебу». Оқушылар бірінің артына бірі тізіліп тұрып, қолын алдындағы оқушының мықынына қойып, конькінді жылдам теуіп жүреді, шенбердің артында тұрган оқушының: «Отыр!» деген пәрмені бойынша күні бұрын белгіленген аяғына отырып, екінші аяғын конькіндің ұшымен сүйрете артынан ұстайды. Тағы бір қадам жасап, оқушы аяғын ауыстырады.

«Секіру». Оқушылар қардан шағын тәбешік жасап, конькимен қатты сырғанап келе жатып секіріп өтеді.

«Кім жылдам?» эстафетасы. Оқушылар тен екі топка белініп, сөре сызығына тұрады. Мұғалімнің пәрмені бойынша белгіленген жерге дейін жүгіріп барып, кайта жүгіріп келеді. Команданың ең соңғы тұрган ойыншысы бірінші болып жүгіріп келген команда ұтады.

«Кедергілерден өту» эстафетасы. Екі команданың жүгіретін жолына бірдей қашықтыққа қардан екі төмпешік үйіледі. Оқушылар коньки теуіп келе жатып осы кедергіні екі рет карғып өтуі керек. Эстафетаның ережесі «Кім жылдам?» эстафетасының ережесі сиякты.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- △ 1. Конькисіз жасалатын бастапқы даярлық жаттыгулардан нелерді үйренуге болады?
- △ 2. Сырганау техникасы нeden тұрады?
- 3. Тежеудің неше әдісі бар? Оларды атандар.
- 4. Айналма бойынша жүгіргендеге қандай көтөрмө кетуі мүмкін? Оны түзету жолдары қандай?
- 5. Коньки табуді үйрену кезінде «Снегурочка», «Спорт», «Хоккей» типті конькилерді пайдаланындар.
- 6. Мектептің муз айданының жасауға комекстесіндер.

ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ТҮСІНİK*

Адамдар түрлі (жұмыс істеу, қарым-қатынас жасау, бос уақытын откізу, кіну, тамақтану, т.б.) себептерге байланысты бір-бірінен ерекшеленеді. Адамдардың жеке ерекшеліктеріне тәуелді осы себептердің барлық жиынтығы — **өмір салты** деген жалпылама үғымға ие.

Өмір салты адамның өз денсаулығын, сондай-ақ коршаган ортадагы өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету қозқарасын анықтайды. Егер өмір салты адамның денсаулығын сақтауға және оны нығайтуға комекстесетін болса, ондай өмір салтын **салауатты өмір салты** деп атайды.

Казіргі уақытта денсаулық туралы түсінік организмде қандай да бір аурудың, закымданудың болмағанын гана білдіріп қоймайды, сонымен бірге барлық организм дамуының жақсы деңгейін, дene дамуының үйлесімділігін де білдіреді. Шындығында, ешбір жері ауырмайтын, бірақ бір қабабтан екінші қабатқа котерілуі киын, оте толық адамдарды дени сай деп айта алмаймыз.

Таңертенгілік гимнастикага, коп жағдайда дene шынықтыру сабактарына немісүрайды қарал, таңертенген бастап иіліп-бүгіліп, селқос бол жүретін, серуеннің орнына бірнеше сағат бойы теледидар мен компьютердің алдында отыратын немесе кітаптан бас алмай, кейін бас ауруына, көзінің нашар коруіне, үнемі шаршауына екінші білдіретіндердің дени сай ма?

Адамға қажетті ең басты байлық — денсаулық. Міне, сондықтан да барлық елдерде темекі тартуға, маскунемдікке, есірткіге қарсы күрес етек алуда. Балаларды ерте жастан бастап тісін тазалауға, таңертенгілік жаттыгулар жасауға, әрбір күнді дұрыс үйымдастырып откізуіне, са-

лауатты өмір салты ережелері мен қағидаларын үйрету керек.

Адамның мінез-құлқының ерекшеліктері мен оның денсаулығын сақтау, нығайтуға төмендегідей факторлар комектеседі:

- дұрыс үйымдастырылған күн режимі. Күн режимі адамды табиги қажеттілікті орындауға ғана емес (тамақ ішу, үйіктау, оқу), сонымен бірге денсаулықты сақтау мен оны нығайтуға пайдалы және қажет (қажетті гигиеналық іс-әрекеттерді, спортпен айналысады) дene еңбегінде орындаپ отыруға міндеттейді;
- жоғары қозғалыс белсенділігі;
- қалыпты дene жүктемесі. Қозғалыссыз тіршілік жок. Қозғалыстың күрделі деңгейіне қарамастан, ол бір не өзге түрде кез келген тіршілік иесіне қатысты;
- табигатта үнемі болу, оның пайдалы факторлары — таза ауаны, суды және күнді пайдалану.

Күн режимі қалай болса солай жасалынбайды, не біреудің белгілеуімен жүзеге асырылмайды. Ол адам организмінде жүріп жатқан белгілі бір физиологиялық процестерді реттеп отыру үшін қажет. Бұл процестер (тыныс алу, жүрек қызметі, үйқы, тамақты қорыту, т.б.) қалыпты турде жүріп жатады.

Организмнің белсенді қызметі бірде төмендейді де, кейін қайта көтеріледі. Бұл тұрақсызың тәулік бойы жүріп жатады. Адам организмі миллиондаған жылдар бойы жердегі 24 сағаттық ырғакпен байланысқан осы тұрақсызыңқа қалыптасқан. Бұл қалыптасуладар дene температурасының, жүрек сөгісі жиілігінің, қан қысымы деңгейінің және организм жағдайының басқа да көрсеткіштерінің өзгеруінде көрініс береді. Барлық организм мүшелері түнде демалады, ал күндіз олардың жұмыс қабілеттілігі күшінеді. Оған нақты мысал: жүрек қызметі, оның жұмыс кезені, яғни жүрек еттерінің жиырылуы оның тыныштық кезендерімен (босансымен) үдайы алмасып отырады. Жүрек үздіксіз жұмыс жасайтын сияқты. Алайда ол тәулік бойына 100 мың ретке дейін жиырылады және жүйелі ырғакқа байланысты жүрек жұмыс жасап қана қоймайды, сонымен бірге демалады да. Жүректің жиырылуы 0,3 с-ка созылады, ал әрбір босансу уақытында жүрек 0,5 с демалады. Саналы турде

жасалған немесе ойланбаған іс-қымыл, жүрек қызметі ырғағын бұзу жолындағы кез келген әрекет қайғылы, өкіншіті жағдайға әкеліп соктыруы мүмкін.

Өзінің жұмыс ырғағына ас корыту жүйесі де өте дәл бағынады. Асказан өз жұмысын атқарып болысымен-ақ тамақтан алғанған қоректік заттар денеге тарағ, қаның күрамы өзгеріске ұшырайды. Осы уақытта адам ашығу сезіміне бөленеді. Бұл тамақты қабылдағаннан кейін, шамамен, төрт сағаттан кейін байқалады. Осыдан кейін тамақ ішү қажетті (түскі ас, кешкі ас дегендей). Тамак организмге еттердің, жүректің және басқа органдардың жұмысы үшін қажетті қуат береді. Тамак жетіспегендеге адам әлсірейді, адамның барлық мүшелерінің қалыпты қызметі бұзылады. Міне, сондықтан да тамақты үнемі белгілі бір мезгілде ішү керек. Тамак ішү режімінің бұзылуы ас корыту мүшелерінің закымдануына әкелуі мүмкін, ол өз кезегінде өзге мүшелердің ауруына да әсер етеді.

Сонымен, күн режімі — тәулік ішінде адам организмінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін ескере отырып, уақытты тиімді пайдалану үшін (оқу, енбек және демалыс), адам қызметін үйымдастыру формасы. Дұрыс жасалынған күн режімі барлық органдардың қалыпты жұмысын қамтамасыз етеді, яғни денсаулыққа көмектеседі.

Тәулік бойында бұлшық еттін күші толқын тәрізді өзгеріп отырады. Адам 3—5 сағ (түнгі) және 12—14 сағ ара-лықтарында әлсірейді, ал ен күшнейетін кезеңі танертенгі 8—12 және 14—17 сағ аралығы. Организм белсенділігінің 16—17 сағ шамасында екінші рет көтерілу байқалады. Міне, 16—17 сағ шамасында екінші рет көтерілу байқалады. Міне, сондықтан да кешкі уақытта сабакты оку қын, зейін шашыранқы болады, еске үстап қалу көп күшке түседі. Мұндай ақыл-ой қабілеттінің төмендеуіне шаршау себепкер.

Дәрігерлердің, социологтердің, өндірісті үйымдастырушылардың және өзге де мамандардың көптеген зерттеулерінің негізінде ересектер үшін де, балалар үшін де күн

режімінің үлгісі жасалынған. Оқушылар үшін төмендегідей күн режімінің үлгісі ұсынылады.

4-кесте

Бірінші аудиосымда оқитын оқушылар үшін:

Күн тәртібі	Уақыты
Үйқыдан ояну	7.00
Танертенгілік жаттығу, жуыну	7.00—7.30
Танертенгілік ас	7.30—7.50
Мектепке бару	7.50—8.20
Мектептегі сабак	8.30—12.30
Мектептен үйге кайту	12.30—13.00
Түскі ас	13.00—13.30
Серуен	13.30—14.30
Сабак даярлау	14.30—17.30
Кешкі ас, серуен, бос уақыт	17.30—21.00
Үйқыға дайындалу	21.00—21.30
Үйкі	21.30—7.00

5-кесте

Екінші аудиосымда оқитын оқушылар үшін:

Күн тәртібі	Уақыты
Үйқыдан ояну	7.30
Танертенгілік жаттығу, жуыну	7.30—8.00
Танертенгілік ас	8.00—8.30
Сабак даярлау	8.30—11.30
Таза ауада серуендеу	11.30—12.30
Түскі ас	12.30—13.00
Мектепке бару	13.00—13.20
Мектептегі сабак	13.30—17.30
Мектептен үйге кайту	17.30—18.00
Кешкі ас, серуен, бос уақыт	18.00—21.00
Үйқыға дайындалу	21.00—21.30
Үйкі	21.30—7.30

Бұл күн режімінің өзгерістер мен толыктырулар енгізуге болады, алайда ол берілген ұсыныстарға сәйкес келуі көрек және ен бастысы — оны орындау.

Есте үстандар! Дұрыс құрастырылған күн режімі және оны орындау — денсаулықты сақтаудың бірден-бір шарты.

Салқыннан болатын ауруларға организмінің қарсы тұруының артуын *шынығу* деп атайды. Шынығу организмінің табиги қабілеттілігін қоршаган ортага қалыптасуын

сергек сезінгендеғанда сұға түсуге болады. Сұға бірден түсү (ену) керек. Дене мен салқын су температурасы теріде жақсы реакция тудырады. Сонымен бірге дене өте қызып тұрғанда, әсіресе терлегендеге (жүгіру, секіру, ойындардан кейін) сұға түсуге болмайды. Судан шыққаннан кейін орамалмен сүртіну қажет.

Суық сүмен таңтеренгілік жуынду да шынықтыратын процедурага жатады. Бөлменің температурасына сейкес келетін сүмен үйіктар алдында аякты жуу гигиеналық қана емес, сонымен бірге шынықтыру маңызына да ие.

Есте ұстаңдар! Шынығу — денсаулықты сақтау және нығайту ісіндегі ең қолайлы іс-шара. Шынығу нәтижесінде денсаулықты нығайту әр адамның өзіне ғана байланысты.

Қозғалыстың аз болуы егде жастағыларға ғана емес, оқушылар үшін де тиімсіз.

Үй тапсырмаларын орындауда алдында күн сайын міндетті түрде серуендеу қажет. Бос уақытын тиімді пайдаланып, қозғалыс ойындарын ойнап, велосипед теүіп, қыста шаштымен, шанамен, конькимен сырғанаган дұрыс. Белсенді түрдегі серуендеуден шаршаймын деп қорықпау керек. Үй тапсырмасын орындаған кезде әрбір 35—50 мин сайын қаралтайтын жаттыгулардан тұратын үзіліс жасау керек.

Таңтеренгілік жаттығуға немікүрайды қарамай міндетті түрде күнбек-күн жасап отыру қажет. Белсенді қозғалыс организмінде барлық жүйесінің жұмысына жағымды әсер етеді, ақыл-ой және дене жұмысын арттырады, денсаулықты нығайтуға жәрдемдеседі.

МАЗМУНЫ

Алғы сез	3
I тарау. Теориялық мәліметтер	5
1. Жан-жакты дене даярлығы деңгейін арттыратын жаттыгулар	—
2. Организмің жүйелі қызмет етуіне дене жаттыгуларының әсері және оған түсетін ауырлықты реттеу	7
3. Өзін-өзі бақылаудың қарапайым дағдылары	10
4. Президенттік сынамалардың мақсаты мен міндеттері, нормативтік талаптарды тапсыруға арналған даярлық	18
II тарау. Женіл атлетика	26
1. Қауіпсіздік және жарыс ережелері	—
2. Кейір жарыс мақсатындағы жаттыгуларды менгерудегі іскерлік пен дағдылар	34
3. Дағала жарысы (кросс)	42
III тарау. Спорт және қозғалыс ойындары	46
1. Баскетбол	—
2. Волейбол	57
3. Футбол	62
4. Қою добы (гандбол)	73
5. Үлттық және қозғалыс ойындары	77
IV тарау. Гимнастика	88
1. Теориялық мәліметтер	—
2. Жалпы дамыту жаттыгулары	90
3. Акробатика	110
4. Ырғакты гимнастика	112
V тарау. Шаңғы даярлығы	114
VI тарау. Жұзу	125
Сұға кеткен адамға алғашқы комек көрсету	134
Қазақша күрес	139
Конькимен жүгіру	160
Мұз үстінде откізілетін ойындар	167
Денсаулық және салуатты өмір салты туралы негізгі түсінік	168

шурған-бейтілген сапа сүнгісүз болады. Сүнгі бірдең түсү
(шын) нарык. Дене мен салттың су тәжірибелесінің көмекін
жүргізу мүмкін. Солынан бірең деңе ота қызының
туралы, нарысаға тәжірибелес (шындау, саңру, обаныңардан
нейді) сүнгі түсү болмайды. Судар шылжаның нарық ора-
ташынан сүнгінен жақын.

Сүнгі сүнгі тәжірибелесінің мүмкіншілдегінен
күнделірушілдерге да жақын шынадағы салттың

Учебное издание

Касымбекова Сауле Ильясовна

Тайжанов Сугиали

ФИЗИЧЕСКАЯ КУЛЬТУРА

Учебник для 9 классов общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Редакторы С. Құрманғалиева

Көркемдеуші редакторы Ж. Болатаев

Корректоры Р. Қашқінова

Техникалық редакторы Р. Мусина

Компьютерде беттеген Г. Хаширова

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім жөнінің министрлігінің
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген

ИБ № 537

Басуға 28.04.05. кол койылды. Пішімі 84x108^{1/2}. Қағазы офсеттік.

Қаріп “Школьная”. Шартты баспа табағы 9,24. Шартты бояулы
беттаңбасы 9,66. Есептік баспа табағы 8,87. Таралымы 5 000 кос. дана.
Тапсырыс № 015.

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Факс: 8(727) 277-85-11, 277-85-44

Тел.: 8(727) 277-82-50, 242-26-24

E-mail: mekter@mail.ru

Web-site: www.mekter.kz

“Азия-Принт Адвертайзинг” ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(727) 328 90 81

E-mail: asia_print@mail.ru